

«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі

ӘОЖ 347.73
ХҒТАР 10.21.51

Қолжазба құқығында

АМИРОВА МЕРУЕРТ АСКАРОВНА

**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласын
реттейтін заңнамасын жетілдіру және құқық қолдану тәжірибесінің өзекті
мәселелері**

6D030100 - «Құқықтану»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының кандидаты,
Ибрагимова Флюра Галимовна
заң ғылымдарының кандидаты,
Кайшатаева Асель Куандыковна

Шетелдік ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының докторы
Мурзабекова Ж.Т.

Қазақстан Республикасы
Семей, 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 3 |
| ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР | 7 |
| КІРІСПЕ | 8 |
| 1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ | |
| 1.1 Жұмыстар мен қызметтерді орындау бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың пайда болуы, тарихы мен даму кезеңдері | 21 |
| 1.2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасына шолу | 31 |
| 1.3 Мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік реттеу мен басқарудың отандық тәжірибесі | 39 |
| 1.4 Мемлекеттік сатып алу қағидаттары, сатып алуды жүзеге асыру тәртібі мен тәсілдері | 45 |
| 2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗАСЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ | |
| 2.1 Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезіндегі кейбір мәселелер | 55 |
| 2.2 Мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында заңнаманы жетілдіру сұрақтары | 67 |
| 2.3 Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу тәжірибесінің ерекшеліктері | 79 |
| 2.4 Құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу тәжірибесінің ерекшеліктері | 87 |
| 3 МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР | |
| 3.1 Мемлекеттік сатып алуды тиімді және ашық өткізуді заңнамалық қамтамасыз ету жолдары | 91 |
| 3.2 Тұрақты мемлекеттік сатып алулардың заңнамалық негізін калыптастыру - отандық мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың перспективалық бағыты ретінде: заңнаманы жетілдірудегі жаңа көзқарастар | 98 |
| 3.3 Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейту жолдары | 103 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 110 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 118 |

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII Заңы

Directive 2014/24/EU of the European Parliament and of the Council of 26 February 2014 on public procurement

«Қазақ КСР-дегі мемлекеттік тапсырыс туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 20 маусымдағы қаулысы (күші жойылған)

«Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамыр N 586 Қаулысы (күші жойылған)

«Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілде N 925 Қаулысы (күші жойылды)

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілде N 163 Заңы (күші жойылған)

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы N 321 Заңы (күші жойылған)

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 303-III Заңы (күші жойылған)

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 Қаулысы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы

«Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығы

Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім (ГААТ 1947). Келісім

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысы

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші

орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 798 бұйрығы

«Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығы

«Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Заңы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Заңы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 168 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Кодексі

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 202-VI Заңы

«Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы №44 бұйрығы

«Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 48-VII Заңы

«Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қағидаларын және Мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 692 бұйрығы

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы заңы

«Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 қазандағы № ҚР ДСМ-148/2020 бұйрығы

«Конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 559 бұйрығы

«Конкурс, не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 677 бұйрығы

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңы

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы

«Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру және жария талқылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 849 бұйрығы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы

«Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII Заңы

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 108-VIII Заңы

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

- ҚР - Қазақстан Республикасы
АҚ - Акционерлік қоғам
ЖІӨ - Жалпы ішкі өнім
АҚШ - Америка Құрама Штаттары
BL - Bidding Law
GPL - Government Procurement Law
НАТО - Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы (ағылш. North Atlantic Treaty Organization)
ҚазКСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ
ДСҰ - Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЮНСИТРАЛ/UNCITRAL – United Nations Commission on International Trade Law
АЕК - Айлық есептік көрсеткіш
ЕРС - Engineering, Procurement, Construction
ЕРС келісімшарты - құрылыс саласында жобалаудан бастап объектіні пайдалануға беруге дейінгі жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде бір жеткізушінің жауапкершілігін белгілей отырып, объектіні салу жөніндегі кешенді жұмыстар нысанасы болып табылатын «кілтке дейін» келісімшарты
ЭЫДҰ - Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары
ҰКП - Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТМККК - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі
МӘМС - Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесі соңғы жылдары қарқынды түрде реформаланып, ауқымды өзгерістерді бастан кешіруде. Елдің мемлекеттік сатып алуды реттеу жүйесінде көптеген заңнамалық актілер, күрделі технологиялық шешімдер қабылданды, билік пен бизнес қауымдастық және қоғам арасында өзара іс-қимылдардың түбегейлі жаңа негіздері рәсімделуде.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру мен құқық қолдану тәжірибесіндегі мәселелердің ерекше маңызға ие болуымен байланысты. Сатып алу процедураларын жеңілдету мен ыңғайлы жасау үшін, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен атқарылатын қызметтердің сапасын арттыруға, сатып алуларға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуге және бәсекелестікті дамытуға бағытталған «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылданды. Жаңа заңға ағымдағы жылдың 1 шілдесінде ҚР Президенті қол қойды, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енуі жоспарланған.

Қабылданған жаңа заңның мақсаты бізге түсінікті. Ол мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең төменгі бағасынан сапа басымдығын, сондай-ақ барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына ауыстыруды көздеп отыр.

Жалпы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы халықаралық стандарттарды ескере отырып қалыптасқан, сондай-ақ ұлттық нарықтың қажеттіліктерін, еліміздегі сауда саттықтың жүргізілу ерекшеліктерін ескереді. Ол мемлекет функцияларын орындау үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда тапсырыс беруші ретінде мемлекеттің, мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ барлық өнім берушілердің бәсекелестік негізінде, тең жағдайда қатысуын қамтамасыз етуде.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылмаған модельге жатқызуға болады. Себебі, сатып алулар кезінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар өз сатып алуларын өздері басқарады. Барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар қажетті сатып алуды жүзеге асыруға өздері жауапты. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрамындағы Қазынашылық комитетінен басқа, мемлекеттік сатып алу саласындағы негізгі басқарушы органдар ретінде аталған министрлік құрамындағы Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаментін, «Электрондық коммерция орталығы» АҚ және өңірлік деңгейдегі бірыңғай ұйымдастырушыларды атауға болады.

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі маңызды рөл атқаратын ұйымдардың үш санатын ажыратуға болады:

- 1) Қаржы министрлігі;
- 2) Бірыңғай операторлар;

3) Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындар.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алу жүйесі мен мемлекет қаржысын басқарудың жалпы жүйесіне жұртшылықтың тиісті деңгейде араласуын ынталандыру үшін тиімді мүмкіндіктер жасауға тырысып келеді.

Алайда, ортақ жалпылама заңнаманың болуына қарамастан, Қазақстандағы сатып алу саласындағы нормативтер бірыңғай заңнамалық және нормативтік-құқықтық базамен реттелмейтіндігі мемлекеттің стратегиялық дамуы үшін мемлекеттік сатып алуларды тиімді қолдануына кедергі келтіруде. Қазақстандағы сатып алу көлемінің едәуір бөлігін «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын қоса алғанда, осыған ұқсас квазимемлекеттік сектор субъектілері басқарады және олардың заңнамалық және нормативтік негіздерінің бөлек болуы әр түрлі заңнама нормаларымен гетерогенді жағдайлар тудыруда.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды стратегиялық пайдалануды дамыту үшін Қазақстан өзінің мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кадрлық әлеуетін нығайтуға және бар мамандардың кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігі анық байқалады.

Еліміздегі мемлекеттік сатып алулар «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 4-бабында көрсетілген 9 қағидатқа негізделіп жүргізіледі. Бұл қағидалардың негізінде мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының мәнін білдіретін, жұмыс істеуін айқындайтын негізгі ұстанымдар мен басшылыққа алынатын идеялар жатыр.

Мемлекеттік сатып алу процестері:

1) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын дайындауды және бекітуді;

2) өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтиды.

Қазақстанда сатып алуды жүзеге асырудың нақты бір тәсілін қолдану міндеттілігі жоқ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң тапсырыс беруші ұйымдарға бірқатар талаптарды сақтай отырып, сатып алу тәсілін таңдау құқығын береді. Алайда, 2018 жылғы 26 желтоқсандағы түзетулерге сәйкес Қаржы министрлігі белгілі бір тауарларға, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға қатысты сатып алудың міндетті тәсілін айқындауға құқылы.

Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесі заңнамалық деңгейде елеулі өзгерістерге ұшырауда. Мұндай процесс бір жағынан мемлекеттің сатып алу жүйесін реформалауға деген ұмтылысын көрсетсе, екінші жағынан, сатып алуларға қатысушылар үшін жаңа заңнамалық талаптарға әрдайым бейімделіп отыру түріндегі қиындықтар тудыруда. Жүйені оңтайландыруға байланысты талпыныстар жүйенің әлеуетін толық пайдалануға және бюджеттің тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Біз осы зерттеу барысында еліміздің мемлекеттік сатып алу саласын заңнамалық реттеудің мәселелерін жан-жақты талдауға және саланың барлық

бағыттарындағы мәселелі сұрақтарын қамтуға тырыстық. Кейбіріне ерекше назардың қажет болуына байланысты олар жеке тарау ретінде бөлек қарастырылды. Жалпы, саладағы мәселелерді келесі бағыттар бойынша бөліп талдауды жөн көрдік:

1. Мемлекеттік сатып алу процесіндегі мәселелер.
2. Мемлекеттік сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеумен қатысты заңнаманы жетілдіру мәселелері.
3. Денсаулық сақтау және құрылыс салаларындағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің мәселелері.
4. Мемлекеттік сатып алуды тиімді және ашық өткізуді заңнамалық қамтамасыз етудің мәселелері.
5. Отандық мемлекеттік сатып алу жүйесіне «Тұрақты мемлекеттік сатып алудың» аспектілерін енгізу үшін қажет заңнаманы жетілдірудің мәселелері.
6. «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері.
7. Электрондық сатып алу жүйесін реттеудегі мәселелер.
8. Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейту мәселесі.
9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарының және өнім берушілер алдындағы қаржылай міндеттемелердің орындалуын бақылаудың мәселелі сұрақтары.
10. Мемлекеттік сатып алу қызметін дербес кәсіп ретінде тану және саланы тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз ету мәселелері.

Аталғандармен қатар, мемлекеттік сатып алу саласының ең үлкен кемшілігі – заңнаманың тұрақсыздығы болып отыр. Осы саладағы заңнама бүгінгі күнде ең көп өзгеріске ұшырайтындардың бірі. Мәселен, қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға қабылданған 2015 жылдан бері 47 мәрте өзгертулер мен толықтырулар енгізілген және бұл тек негізгі заңдағы өзгерістер. Негізгі заңға тәуелді актілердегі өзгерістер саны одан да көп.

Мысалға, бүгінгі күнге бір норма қолданылса, екі-үш айдан кейін ол өзгеруі мүмкін, тағы бір-екі айдан кейін басқа норма пайда болады. Нәтижесінде, тәжірибеде тіпті тексерушілер де бұл өзгерістермен шатасатын жағдайлар болып тұрады. Мұндай заңнамадағы жиі өзгерістер тұрақты түрде шатасулар мен дауларды тудырып отырады және ең маңыздысы – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сақталуына әкелуде.

Онымен қоса, 2024 жылы қабылданған жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң негіздемелік сипатта екені белгілі және барлық мәліметтер, процедуралық және әкімшілік сұрақтар ережелерге енетін болады. Барлық қосымша ережелерді қыбылдау өкілеттігі тиісті министрліктің еншісінде қала береді. Ал өкілетті орган заңнаманы «өзгертуге машық» екенін ескеретін болсақ, тұрақсыздық әлі де сақталады деп болжаймыз.

Аталған үрдістің сақталуы саладағы қосымша мәселелерді тудырып отыратыны анық. Сондықтан, заңнамадағы тұрақтылықты қалыптастырудың

амалын қарастыру маңызды. Бастысы, қабылданатын жаңа заң болсын, оған енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар қабылданбас бұрын жан-жақты зерттеуден өтуі тиіс. Бұл мәселені заңшығарушылық жұмыстардың сапасын арттыру арқылы ғана шешуге болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға байланысты сатып алуды ұйымдастыру мәселелерін талдауға арналған әдебиеттердің көпшілігі өзектілігін жылдам жоғалтуда. Сонымен қатар, көптеген жұмыстар теориялық сипатқа ие, ал мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу саласы тәжірибедегі мәселелерді талдаусыз мүмкін емес екенін атап өткен жөн.

Қазақстандық заң ғылымында мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу, мемлекеттік сатып алу саласындағы нормаларды іс жүзінде қолдану мәселелеріне бірнеше диссертациялық жұмыстар арналған. Мысалы, В.В. Теннің диссертациялық зерттеу жұмысында мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін мемлекетішілік актілерге егжей-тегжейлі талдау жүргізілген, сонымен қатар шет елдердің және Қазақстан Республикасының заңнамасына салыстырмалы түрде зерттеу жүргізілген А.М. Бегжанның да диссертациялық зерттеу жұмысын атауға болады.

Зерттеудің теориялық негізі қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып орындалды, олардың қатарында Ж.М. Хамитов, Г.А. Джунусбекова, Ф.Г. Ибрагимова, В.В. Тен, Ю. Толуев, М. Ернұр, Р.А. Касьянов, А.П. Пучкова, В.А. Щербаков, Л.В. Андреева, Л.И. Шевченко, В.В. Покровская, Е.А. Ускова, М.В. Шмелева, О.Г. Барткова, М.И. Брагинский, В.В. Витрянский, Б.М. Гонгалло, А.В. Дёмин, А.Г. Диденко, Nibley Stuart B, Bell Douglas, Charles Kalinzi және т.б.

Жүргізілген зерттеу барысында отандық және шет елдік заңгер ғалымдардың ғылыми мақалалар түрінде жарияланған зерттеулерінің нәтижелері пайдаланылды.

Зерттеудің объектісі ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар қарастырылады.

Зерттеудің пәні Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін құқықтық нормалар, құқық қолдану тәжірибесі, мемлекеттік органдардың қызметі мен ғылыми зерттеулердің нәтижелері болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты ретінде мемлекеттік сатып алудың түсінігі мен мәнін зерделеу және осы саланы құқықтық реттеудегі мәселелерді анықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алудың заңнамалық және құқық қолдану базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу айқындалған.

Аталған мақсатқа қол жеткізу келесі міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаға талдау жүргізу;

- шет елдердегі сатып алу рәсімдеріне құқықтық шолу жасау;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын оның елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімдеу тұрғысынан талдау жасау;
- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерін зерттеу, қолданыстағы тәсілдердің артықшылықтары мен әлсіз тұстарын анықтау;
- заңнамадағы және құқық қолдану тәжірибесі мәселелерін анықтау;
- мемлекеттік сатып алу саласында құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторларды, оның ішінде саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алудың заңнамалық және құқық қолдану базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін отандық және шетелдік зерттеушілердің мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің мәселелеріне арналған еңбектері, зерттеу нәтижелері, көзқарастары мен тұжырымдамалары құрады.

Зерттеудің ақпараттық және эмпирикалық негізін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ақпараттық сервисінің базасынан алынған деректер, уәкілетті органның есептері, стратегиялық жоспарлары, шетелдік және отандық нормативтік құқықтық актілер, жарияланған зерттеулердің нәтижелері, баспа беттеріндегі талдау сипатындағы шолулар, қаулылары, үкімдері құрады.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде зерттеу тақырыбын құқықтық тұрғыдан ғылыми танудың жалпы ғылыми және арнайы әдістері қолданылды, олар: жүйелік, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық және басқа да әдістер.

Атап айтқанда, зерттеуде тарихи-құқықтық әдіс негізінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды регламенттейтін халықаралық құжаттардың генезисі мен эволюциясы зерттелді. Салыстырмалы-құқықтық әдіс шет елдердің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының жекелеген аспектілеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін, сондай-ақ ұлттық заңнаманы халықаралық нормаларға бейімдеуге немесе үйлестіруге бағытталған нормаларды салыстыру бөлігінде қолданылды.

Зерттеу барысында сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы көрсеткіштердің статистикалық деректерін талдауда көрініс тапқан статистикалық әдіс пайдаланылды. Догматикалық әдіс кейбір мемлекеттердің заңнамалық базасын зерттеуге мүмкіндік берді.

Талдау әдісі «Мемлекеттік сатып алу» ұғымының мәнін ашуға, оны іске асыру қағидаттары мен белгілі бір халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер шеңберіндегі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Функционалды талдау әдісі заңнамалық нормаларға сүйене отырып, осы механизмнің негізгі сипаттамаларын қарастыруға мүмкіндік берді.

Логикалық талдау әдісін қолданудың арқасында Қазақстан Республикасында қарастырылып отырған сектордың тиісті жұмыс істеуі жолындағы мәселелі сұрақтар зерттелді. Ресми-құқықтық әдісті қолдана отырып, ұлттық заңнаманы талдау негізінде осы мәселелі аспектілерді еңсеру жолдарын ұсыну мүмкін болды.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы нысаналы бағдарламаларды іске асыруда, резервтік қорды қалыптастыруда мемлекет қажеттіліктерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауда ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің экономикалық-құқықтық және әлеуметтік-саяси дамуын қамтамасыз етуде де жатыр.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы келесіде: жұмыста зерттелетін мәселе бойынша саланы реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіруге және прогрессивті дамытуға өз үлесін қосатын теориялық қорытындылар беріледі, көтерілген мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар ғылыми және құқық қолдану тәжірибесінде қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын беретін диссертациядағы ұсыныстар мен қорытындылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметінде қолданыстағы ұлттық заңнамасын жетілдіру бағытында пайдаланылуы мүмкін. Зерттеудің негізгі ережелері қаржылық-құқықтық пәндерді оқыту кезінде жоғары оқу орындарының оқу процесінде, сондай-ақ осы бағыттағы одан әрі ғылыми зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Бүгінгі күннің даму тенденциялары мемлекеттік сатып алудың рөлін қайта қарау қажет етіп отыр. Яғни, мемлекеттік сатып алуды басқару функциясы ретінде емес, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік даму саласындағы орнықты даму жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет.

Бұл диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жан-жақты зерттеліп, оның нәтижесінде саладағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді. Сонымен қатар, ұсынылған жұмыста Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды дамытудың қазіргі заманғы үрдістері талданған.

Сондай үрдістің бірі ретінде қарастырылған Тұрақты мемлекеттік сатып алуларға ерекше мән беріліп, жұмыс барысында жеке бөлімшеге шығарылып талданды. 2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу» туралы жаңа заңның жаңашылдықтарының бірі тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарын енгізу болғаны белгілі. Осы диссертациялық зерттеуді жазу барысында жаңа заң талқыланып жатты, ол тек жұмысты аяқтау сатысында қабылданды, қолданысқа енгізілуі 2025 жылдың басына жоспарланған. Сондықтан, бізге тұрақты мемлекеттік сатып алулар қамтитын аспектілердің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін бағалау мүмкін болмады. Дегенмен, саланы

зерттеуші ретінде мұндай жаңашылдықты назардан тыс қалдыру мүмкін болмағанын да мойындауымыз қажет.

Мемлекеттік сатып алулар Қазақстанның ЖІӨ-нің 13% - дан 20% - на дейін тиесілі екенін ескеретін болсақ, тұрақты мемлекеттік сатып алулардың мемлекеттің тұрақты даму құралына айналуы үшін әлеуеті жеткілікті деуге болады. Тұрақты мемлекеттік сатып алулар энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуді арттыруға, қалдықтардың қайта өңделуін арттыруға, экологиялық таза технологияларды енгізуге, еңбек жағдайларын жақсартуға және қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Қазақстан халықаралық тәжірибелерді, халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, тұрақты мемлекеттік сатып алуға қатысты ұлттық стандарттарды, басшылық қағидаттар мен өлшемшарттарды әзірлеуге және енгізуге міндетті.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

Қорғауға шығарылатын 1-ші ұсыныс:

«Мемлекеттік сатып алу» түсінігіне авторлық анықтама ұсынылады. Қазіргі құқықтық және экономикалық ғылыми әдебиеттерде мемлекеттік сатып алудың әртүрлі анықтамалары мен түсіндірмелерін кездестіруге болады.

Мемлекеттік сатып алудың талқыланған ғылыми әдебиеттерде кездесетін әртүрлі анықтамалар мен түсіндірмелерді, ұлттық заңнаманың ерекшеліктері мен қағидаларын ескере отырып, келесі авторлық анықтама ұсынылады: *«Мемлекеттік сатып алу – бұл мемлекет бюджеті есебінен мемлекеттің өзіне жүктелген міндеттерін орындауы үшін қажет тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастар».*

Қорғауға шығарылатын 2-ші ұсыныс:

2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу» туралы жаңа заңның (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) жаңашылдықтарының бірі тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарын енгізу болды. Бүгінгі күннің даму тенденциялары мемлекеттік сатып алудың рөлін қайта қарау қажет етіп отыр. Яғни, мемлекеттік сатып алуды басқару функциясы ретінде емес, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік даму саласындағы орнықты даму жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет.

Жаңашылдықты енгізуге қажет заңнаманы бейімдеу ауқымды шараларды қажет етуде. Сол себепті қабылданып жатқан негізгі заңмен қоса қосымша оған тәуелді ережелер түріндегі нормативтік актілер қабылданып, онда:

- мемлекеттік сатып алу мақсаттары үшін экологиялық критерийлері айқындалатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімі айқындалуы тиіс;

- тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қатысты экологиялық өлшемшарттарды анықтаудың тәртібін бекіту қажет, ондай тәртіп бүгінгі күнде бізде жоқ;

- экологиялық өлшемшарттар айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің ең төменгі шекті көрсеткіштері айқындалуы қажет;

- экологиялық, инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаттарының нақты механизмі бекітілуі тиіс. Яғни, экотаза өнім түрлеріне артықшылық берудің нақты анықтамасы, оны іс жүзінде қолданудың әдістемесі бекітілуі қажет.

Аталғандармен қатар, тұрақты даму мақсаттарын іске асыру жөніндегі ұлттық саясат шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрақты мемлекеттік сатып алуды даму қағидаттарын стратегиясына, заңнамаға және мемлекеттік сатып алу тәжірибесіне интеграциялауды қамтамасыз ету шараларын қабылдауға міндетті. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде тапсырыс берушілер техникалық тапсырмалар мен сатып алу туралы құжаттамаға тұрақтылық өлшемдерін енгізіліп, олар өнім берушілер мен мердігерлерді бағалау және таңдау процесінде ескерілуі тиіс. Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық тәжірибелерді, халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, тұрақты мемлекеттік сатып алуға қатысты ұлттық стандарттарды, басшылық қағидаттар мен өлшемшарттарды әзірлеуге және енгізуге міндетті. Аталғандармен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) тұрақты мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне жүйелі мониторинг пен бағалауды, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың нәтижелері мен дамудың әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілеріне әсері туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуі;

2) тұрақтылық тұрғысынан халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама мен тәжірибесіне тұрақты түрде талдау жүргізуге және халықаралық талаптарға бейімдеп отыруға міндетті;

3) осы саладағы кәсіпқойлықты дамытуға жәрдемдесе отырып, тұрақтылық саласындағы мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге міндетті;

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар мен мекемелер өздерінің сатып алу рәсімдерінде тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге және оларды өзінің корпоративтік стратегиясы мен тәжірибесіне айналдырулары тиіс;

5) өнім берушілер мен мердігерлердің тұрақты мемлекеттік сатып алуға қатысуын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі орнықтылық қағидаттарын қолданатын өнім берушілер мен мердігерлерге бағалау және таңдау процесінде артықшылықтарды, салықтық және қаржылық жеңілдіктерді қарастыруы қажет;

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі тәжірибе, білім және озық тәжірибелермен алмасу, сондай-ақ жаһандық тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін халықаралық ұйымдармен, өзге мемлекеттермен және тұрақты мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастықта болуға;

7) тұрақтылық қағидаларының сақталуын бақылауға, сонымен қатар салада инновациялық тәсілдерді әзірлеу және енгізу және оның нәтижелеріне мониторинг жүргізіп отыруға жауапты мамандандырылған орган құру қажет.

Қорғауға шығарылатын 3-ші ұсыныс:

Мемлекеттік сатып алу процесі кезіндегі конкурсқа қатысушылардың шағымдану тетігін қайта қарау қажет.

2023 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 25 бабында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының әрекеттеріне, шешімдеріне шағымдану тәртібі өзгерді. Жаңашылдыққа сәйкес шағымды қарау міндеті ендігі сатып алуды ұйымдастырушыға берілді.

Жаңашылдықтың екі әлсіз тұсы бар деп санаймыз: біріншіден, процедураны іс жүзінде сапалы атқару қиынға соғуы мүмкін, себебі тапсырыс беруші осы зерттеудің «2.2» бөлігіндегі мысалда келтірілген түрде комиссия құрып, өзі өткізген процедурада талаптар бұзылды деп тануы қиынға соғуы мүмкін. Біздің болжамымыз бойынша, тапсырыс беруші шағымды қарауда бірінші кезекте өзіне ыңғайлы және қауіпсіз шешім іздейтін болады, сонымен қатар комиссия құру, оған ұйымнан өзге өкілдерді жинау іс жүзінде жүзеге асуы қиын сұрақ болатынына сенімдіміз. Сондай-ақ, мұндай жаңа түрдегі процедура қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудырады. Себебі процедура «сыбайластар» үшін жаңа бір құралға айналу қаупі бар. Егер тапсырыс беруші «қолдауға» ие болған өнім беруші болса шағымдар тапсырыс берушімен келісе отырып берілуі және біржақты қаралуы мүмкін немесе керісінше, шағым қанағаттандырылмауы үшін барлық жағдай жасалынуы мүмкін, егер ол «бөтен» қатысушы болса.

Біздің ойымызша тәуекелдер өте жоғары және заңшығарушының бұл қадамы тиімсіз көрінеді.

Ұсыныс: Қолданыстағы шағымды қарау тәртібін қалдыру қажет деп санаймыз, яғни 2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның редакциясындағы нұсқасы қалуы тиіс. Қажет болса екі аудиттің бірін ғана қалдырып, сонымен қоса ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (егер осы орган қалса) штатын ұлғайту арқылы шағымдарды қарау мерзімін қысқарту қажет.

Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу бағытында заңнамаға келесідей түзетулер қажет деп санаймыз:

1) Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемін азайтуға қажет заңнаманы жетілдіру әрекеттері жалғасуы тиіс деп санаймыз. Аталған тәсілмен сатып алуды жүзеге асыру өлшемшарттарын қайта қарау және ерекшеліктер тізбесін қысқарту сатып алулар кезіндегі бәсекелестіктің жоғарылауына әкелуі

тиіс. Нарықты зерттеу және техникалық сипаттамаларды құрастырудың сапасын жақсартуға көмегін тигізетін шаралар өткізілмеді деп танылған мемлекеттік сатып алулар көлемін азайтып, бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін тиімді болуы тиіс.

2) Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларын реттеудегі мәселелер шешімін табуы тиіс. Ондай мәселелердің қатарына:

- аталған субъектілер үшін тиісті бақылаудың болмауын;
- осы саладағы бұзушылықтарға сәйкес келетін жауапкершіліктің төмен болуын;
- бірыңғай ақпараттық-талдамалық платформаның болмауын;
- реттеудің әкімшілік тәсілдерінің басым болуын;
- кәсіпкерлер үшін дауларды шешудің ауыртпалығын;
- сатып алулар кезіндегі ашықтықтың жеткіліксіз деңгейін жатқызамыз.

Ұсыныстар:

1-ші ұсыныс – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің шеңберін қайтадан пысықтау қажет:

- квазимемлекеттік сектор бөлігінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің шеңберін ұйымдар басшыларының орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер басшыларына, бухгалтерге, заңгерлерге және сатып алулармен және материалдық-қаржылық ресурстармен байланысты өзге де тұлғаларға дейін кеңейтілгені белгілі. Алайда, аталған тұлғалардың кейбіреулері ақылы қызмет көрсету туралы шарт негізінде қызметті жүзеге асыра алатынын және осындай ұйымдардың тікелей қызметкерлері болып табылмайтынын ескеру қажет, осыған байланысты бұл субъектілердің жауапкершілігі бөлігінде нақтылаулар қажет болады. Мысалы, мұндай субъектінің әрекеттері үшін оның тікелей басшысы болып табылатын ұйым қызметкері немесе онымен ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасқан басшысы болуы тиіс деп санаймыз.

2-ші ұсыныс – сатып алу саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды арттыру қажет:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды арттыру үшін осы салада тексеру және бақылау жөніндегі өкілеттіктері бар ішкі бақылау қызметтерін құру ұсынылады және олардың толыққанды қызметі үшін осы қызметтер туралы тиісті ережелер, сатып алу саласында бақылауды жүзеге асырудың мемлекет бойынша бірыңғай қағидалары әзірленуі қажет. Сондай-ақ, ішкі аудит қызметтері аталған холдингтердің құрамына кірмеуі тиіс және оларға тек сенімгерлік жауапкершілік жүктелуі қажет және аудит Директорлар кеңесінің мүшелеріне ғана есеп беруі тиіс деп есептейміз;

3-ші ұсыныс – сатып алу саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің осы қызметпен айналысатын жұмысшыларының жауапкершілігін арттыру шарасы:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің корпоративтік стандарттарының ережелерін олардың қызметкерлерінің лауазымдық

міндеттерінен нақты ажырату орынды болады деп санаймыз, әсіресе сатып алулар бөлігіндегі міндеттерде нақтылық қажет.

3) Заңнаманың негіздемелік келісімдерді пайдаланып өткізілетін сатып алулар бөлігіне өзгертулер қажет. Негіздемелік келісімдер «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы бұйрығында бекітілген талаптарға сәйкес жүргізіліп келеді. Қағидаларда анықталған тәртіпке сәйкес сатып алуды облыс ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүргізуі мүмкін.

Алайда, тәжірибеде аталған түрдегі бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Сұрақ тек өңірлер қатысты, ал республикалық деңгейде қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Қазынашылық комитеті мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы ретінде жұмыс істеп тұр.

Ұсыныс: республика бойынша әрбір облыста нақты қызметі мен міндеттері айқындалған бірыңғай ұйымдастырушыларды бекіту қажет деп санаймыз, сонымен қатар, сатып алулардың веб-порталында негіздемелік келісімдерді таңдау мүмкіндігін беретін пәрменді тетікті енгізу қажет.

Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде тәуелсіз қоғамдық мониторинг және сараптама жүргізудің жаңа тетігін ұсынамыз.

Сатып алулар кезінде әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етуге көмегін тигізетін тәуелсіз сарапшылар бақылауын енгізуді ұсынамыз. Сарапшылар қоғамдық ұйымдардың өкілі болуы мүмкін, ол сатып алуларға мониторинг жүргізіп отырады, кейбір сатып алулар бойынша сараптама жүргізуге құқылы болады. Ондай сараптаулар туралы ақпарат көпшілікке қол жетімділікте орналастырылады. Веб-порталда орналастырылған жаңа қосымша арқылы мониторинг пен сараптама нәтижелерін көріп отыруға мүмкіндік жасалынуы қажет деп санаймыз. Ондай батырма «Қоғамдық мониторинг және тәуелсіз сараптама» деп аталынып, сатып алу туралы веб-порталының негізгі бетінде орналасуы тиіс.

Қорғауға шығарылатын 4-ші ұсыныс:

Электронды сатып алу жүйесін жекелеген рәсімдер деңгейінде де, тұтастай жүйе деңгейінде де мемлекеттік сатып алулар процесінің дұрыс жұмысын бағалап отыру арқылы тиімділікті арттыруды ынталандыруды ұсынамыз. Осы мақсаттар үшін:

1) Барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына ауыстыру қажет, ол заңнамадағы қайшылықтарды жоюға мүмкіндік беретін болады.

Заңнамаға жүргізілген талдау нәтижесінде қолданыстағы сатып алу жүйелерінің заңнамалық және іске асыру (техникалық) деңгейлерінде бірыңғайлықтың жоқ екені анықталды. Мәселен, «Мемлекеттік сатып алу

туралы» заңның 2-бабының 15) тармақшасына сәйкес: «*мемлекеттік сатып алу веб-порталы – мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі*» [1]. Ал «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» заңның 2-бабының 12) тармақшасына сәйкес: «*сатып алу веб-порталы – осы Заңға және сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес сатып алуды электрондық форматта өткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе*» [2]. «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің 2-бабының 2) тармақшасына сәйкес: «*сатып алу веб-порталы - Заңға және Тәртіпке сәйкес Электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін Қордың ақпараттық жүйесі*» [3]. Мемлекет басшысының тапсырмасын ескере отырып, квазимемлекеттік сектордың, оның ішінде «Самұрық-Қазына» қорының мемлекеттік сатып алуларын қоса алғанда жалпы республика бойынша бірыңғай ақпараттық платформа құру қажет. Тиісінше, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң деңгейінде «мемлекеттік сатып алулардың бірыңғай платформасы» ұғымын бекіту қажет.

2) Мерзімді және дәйекті негізде мемлекеттік сатып алу процесінің нәтижелеріне бағалау жүргізіліп отыру қажет. Мемлекеттік сатып алу жүйесі шеңберінде өзекті және шынайы ақпаратты жинап, болашақ мемлекеттік сатып алулар бойынша сапалы шешімдер қабылдау үшін және жаңа қажеттіліктерді анықтауда осы деректерді пайдалану қажет.

3) Салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік беретін және мемлекеттік сатып алу саласындағы стратегиялық шешімдерді әзірлеуге ықпал ететін мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін, нәтижелілігін және үнемділігін автоматты түрде бағалап отыратын қосымша жүйе қажет және оның функциясын анықтайтын жаңа нормативтер әзірлеу керек.

Осындай түрдегі бағалау барлық деңгейлерде сатып алу туралы сенімді және өзекті деректердің, нақты: шарттардың орындалуын бақылау мен жеке тапсырыс берушілердің жағдайын біліп отыруға мүмкіндік беруі тиіс. Шара мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерін сапалы бағалауды жетілдіруге және артық шығындарды болдырмауға бағытталған реформалардың негізі болар еді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық зерттеуде берілген тұжырымдар мен ұсыныстар келесі ғылыми мақалаларда келтірілген:

1) Amirova M.A., Ibragimova F.G., Nurekechov T.K. Legal Regulation of Public Procurement Abroad and in The Republic of Kazakhstan in Healthcare (Problems and Solutions), *Medicine and Law*, 41:2:161-180, №2, 2022. p. 161-180

2) Amirova M.A. Regulation of public procurement in the Republic of Kazakhstan: international legal analysis. // *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series*, No2 (127), 2019. p. 105-112 DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2019-127-2-105-112>

3) Мурзабекова Ж.Т., Амирова М.А. Государственные закупки в условиях Евразийского экономического союза (сравнительно-правовой анализ стран Республики Казахстан и Кыргызской Республики) // Наука и жизнь Казахстана, № 6/1, 2019. С. 50-54 URL: <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/55/55>

4) Амирова М.А. Модернизация системы государственных закупок в РК», журнал «Наука и жизнь Казахстана // Наука и жизнь Казахстана, № 9/2, 2019. С. 45-49 URL: <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/64/64>

5) Ибрагимова Ф.Г., Амирова М.А. Правовое регулирование государственных закупок в сфере здравоохранения РК // Вестник Академия правоохранительных органов, №4 (26), 2022. С. 66-74 DOI: 10.52425/25187252_2022_26_66

6) Амирова М.А. Законодательное регулирование сферы охраны здоровья и национальное правосознание // Вестник КазГЮИУ, № 4 (40), 2018. С. 35-38 URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/120/122>

7) Амирова М.А. Регулирование государственных закупок в Республике Казахстан: международно-правовой анализ // Вестник КазГЮИУ, № 1 (41), 2019. С. 32-37 URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/138/142>

8) Мурзабекова Ж.Т., Амирова М.А. Актуальные вопросы правового регулирования государственных закупок в странах Республики Казахстан и Кыргызской Республики // Вестник КазГЮИУ, № 2 (42), 2019. С. 30-33 URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/165/167>

9) Амирова М.А., Ибрагимова Ф.Г. Modernization of the public procurement system in the Republic of Kazakhstan // Вестник КазГЮИУ, № 3 (43), 2019. С. 52-55 URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/197/199>

10) Амирова М.А., Ибрагимова Ф.Г. Public procurement during the COVID-19 Pandemic // Вестник КазГЮИУ, № 1 (49), 2021. С. 19-24 URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/360/362>

11) Амирова М.А. Генезис правового регулирования сферы госзакупок и размещения заказов на выполнение работ и услуг в РК и зарубежом // Вестник КазГЮИУ, № 2 (61), 2024. С. 13-19 URL: <https://vestnik.semuniver.kz/index.php/main/article/view/618/562>

12) Государственные закупки как инструмент поддержки малого предпринимательства. // Zhanstvena Misel, Республика Словения, №61, 2021.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертацияның құрылымы мен көлемі зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты анықталды. Жұмыс Кіріспе, Негізгі бөлім және Қорытындыдан тұрады. Кіріспе тақырыптың өзектілігін, мақсатын, жаңалығын, әдіснамалық негіздерін және қорғауға ұсынылатын ережелерді қамтиды. Зерттеудің Негізгі бөлімінде зерттеу барысында айқындалған мәселелер талданған және ол үш бөлімнен тұрады. Жұмыстың қорытынды бөлімінде зерттеу бойынша түйіндер жасалынып, ұсыныстар берілген. Диссертация соңында автор қолданған әдебиеттер тізімі келтірілген. Жұмыстың көлемі - 129 баспа беттен тұрады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жұмыстар мен қызметтерді орындау бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың пайда болуы, тарихы мен даму кезеңдері

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алудың құқықтық реттелуін зерттеуді осы институттың одан әрі дамуын айқындайтын оның тарихын ашудан бастаған жөн. Әлемде мемлекеттік сатып алудың пайда болу тарихы ежелгі дәуірден бастау алады, мемлекеттер өз әскерлері үшін азық-түлік, қару-жарақ және басқа да тауарларды жеткізуге немесе мемлекеттің өмірін қамтамасыз ету үшін қажет келісімшарттар жасасу тәжірибесін енгізген. Алайда, бәсекелестік, ашықтық пен тиімділік қағидаттарына негізделген қазіргі заманғы мемлекеттік сатып алу жүйесі кейінгі уақыттарда қалыптасты.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамалық база мемлекеттердің саяси және құқықтық жүйесінің ерекшеліктеріне, сондай-ақ қоғамда қалыптасқан дәстүрлерге сәйкес дамыды. Бұл жағдайлар заңнамалардың құрылымындағы және нормативтік актілердің арақатынасындағы айырмашылықтардың болуымен сипатталады. Экономика ғылымдарының докторы, профессор В.В. Покровскаяның айтуынша, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудағы халықаралық тәжірибені зерттеу оның пайда болуы мен дамуы мемлекеттің реттеуші ретінде экономикадағы рөлі мен мемлекет құрылымының ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетті. Сонымен қатар, экономикасы дамыған елдерде мемлекеттік сатып алудың мақсаттары мен оларды жүзеге асыру тәсілдері айтарлықтай өзгеріске ұшырағанына қарамастан, қазіргі кезге дейін өзгеріссіз жеткен екі белгісі бар, олар: біріншіден, сатып алу тараптары арасындағы шарттық қатынастардың болуы; екіншіден – ақының мемлекеттік бюджет есебінен төлеу қағидаттары өзгеріссіз [4, 256.].

Бұл тарауда мен кейбір шет мемлекеттердегі және Қазақстандағы мемлекеттік сатып алудың пайда болуы, тарихы мен даму кезеңдерін қарастырдым. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамалық базаны қалыптастырудың тәжірибелеріне, оның ішінде АҚШ, Қытай және Еуропалық Одақ мемлекеттеріндегі сәтті тәжірибелерге ерекше мән берілді.

Бұл елдерді таңдаудың себебі олардағы экономикалық дамудың жоғары деңгейіне, индустриялық-инновациялық қызметтегі жетістіктеріне және мемлекеттік қаражаттың жұмсалуды бақылау бойынша пысықталған тетіктерінің болуымен байланысты. Мемлекеттік сатып алудың қазіргі күнге дейін жеткен, көпшілікпен қабылданған қағидаттардың қатарына: ашықтық қағидасын, есептілік қағидасын, бекітілген рәсімдерді сақтау қағидасы мен тиімді бәсекелестік қағидасын жатқызуға болады. Аталған мемлекеттердің тәжірибесінде бұл қағидалардың жеткілікті қатал деңгейде сақталуы байқалады [5, 107 б.].

АҚШ-та мемлекеттік сатып алулар 1861 жылы «Ұлттық қорғанысқа қажет сатып алулар туралы» заңның (Defense Production Act of 1861) қабылданған кезінен бастап реттеле бастады. Аталған заң АҚШ-тағы азаматтық соғыс кезінде қабылданды және Үкіметке ұлттық қорғаныс мүддесі үшін маңызды ресурстар мен өндірістік қажеттіліктерді сатып алу, бақылау және реттеу бойынша кең өкілеттіктер берді. «Ұлттық қорғанысқа қажет сатып алулар туралы» заң сонымен қатар АҚШ Президентіне де соғысқа қажетті маңызды материалдарға, тауарлар мен қызметтерге, соның ішінде болат, көмір, мұнай және әскерді қолдау мен әскери техниканы өндіруде маңызды басқа да ресурстарға қол жеткізу жолында айтарлықтай мүмкіндіктер берді [6, 3 б.].

«Ұлттық қорғанысқа қажет сатып алулар туралы» заң АҚШ тарихының әртүрлі кезеңдерінде қайта қаралып, жаңартылып отырды және ұлттық қауіпсіздік пен әскери қажеттіліктерге дайындықты қамтамасыз ету үшін белсенді қолданылды. 1934 жылы «Федералды сатып алулар туралы» заң (Federal Acquisition Regulation, FAR) қабылданды, ол сатып алу кезінде барлық федералды үкімет органдары үшін бірыңғай ережелер мен процедураларды белгіледі. Ол сондай-ақ кемсітушілікке, қауіпсіздік стандарттары мен талаптарға сәйкестікке және мемлекеттік сатып алудың көптеген басқа аспектілеріне қатысты сұрақтарды реттеп отырды. Уақыт өте бұл заңға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді [7].

АҚШ-та аралас модельдегі мемлекеттік сатып алу жүйесі қалыптасты. Ең көне келісімшарттық жүйелердің бірі - 1921 жылы құрылған АҚШ-тың Федералды келісімшарттық жүйесі [8]. Жүйенің маңыздылығын келесілерден көруге болады: біріншіден, тапсырыс берушілер мен жеткізушілер арасындағы шарттарды коммерциялық банктер қарызды қамтамасыз ету ретінде қабылдай алатын болса, екіншіден, оның орындалуына АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі кепілдік берді.

Мемлекеттік бағдарламаларды орындау үшін мемлекеттік сатып алу көлемі мен қаржыландыруы бойынша өте үлкен және ол қорғаныс пен қару-жарақты қамтамасыз етуді, жол және тұрғын үй құрылысын жүргізуді және басқа да стратегиялық сатып алуларды қамтиды. Сатып алудың бұл түрлеріне тапсырыс берушілер министрліктер мен агенттіктердің атынан қатысатын мемлекеттік органдар болды.

Ал, мемлекеттік аппаратты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу функциясы Жалпы қызметтер әкімшілігіне жүктелді. Бұл ұйым өкілеттіктерді министрліктер, ведомстволар және мекемелер арасында таратқанымен өзі орталықтандырылған сатып алуды басқаруды жүзеге асырып отырады. АҚШ-тың мемлекеттік сатып алу саласындағы федералды заңнамасының ережелеріне сәйкес федералды органдардың сатып алуы бөлінген қаражатты пайдалану кезінде федералды емес көздерден сатып алуларды білдіреді. Қызметті ұйымдастыру міндетін Сатып алу саясаты басқармасы жүзеге асырады, ол тиісті директивалар шығарып отырады [9].

АҚШ-та мемлекеттік сатып алу туралы шарттар негізінде, атап айтқанда, мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын орындау және мемлекеттің ғылыми,

техникалық бағдарламаларын жүзеге асыру үшін бизнес субъектілерінің экономикалық мүмкіндіктерінің серіктестігі тиімді қолданылады. Мұндай тәжірибелердің сәтті жүзеге асуы аталған мемлекеттің жүйесін әлемдегі ең дамығандардың қатарына жатқызуға негіз болды.

Еуропада мемлекеттік сатып алулар ХХ ғасырдың ортасынан бастап реттеле бастады. 1957 жылы Еуропалық экономикалық қоғамдастық «Мемлекеттік сатып алу процедураларын үйлестіру туралы» Директива қабылдады, онда нарықтың барлық қатысушылары үшін бірыңғай ережелер бекітілді.

Бұл Директива ішкі нарықты құруға және Еуропалық экономикалық қоғамдастықта тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысын қамтамасыз ету ұмтылысының маңызды бөлігі болды. Мемлекеттік сатып алу процедураларын үйлестіруде Директиваның келесідей маңызды аспектілерін атауға болады:

1. Бірыңғай ережелер: Директива мемлекеттік сатып алуға қатысты Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың барлық мүшелері үшін жалпы ережелерді белгіледі. Бұл өз кезегінде жалпы нарықтағы кемсітушілік пен шектеулердің алдын алуға көмектесті.

2. Бәсекелестік: Директива жеткізушілер арасындағы бәсекелестікті ынталандырды. Мүше мемлекеттер сатып алу рәсімдерінің Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа мүше елдердің барлық жеткізушілері үшін ашықтық және нарыққа тең қолжетімділік қағидаттарын ескере отырып жүргізілуін қамтамасыз етулері тиіс болды.

3. Сатып алу туралы хабарландырулар: Еуропалық экономикалық қоғамдастық мүшелері әлеуетті өнім берушілердің ашықтығы мен ақпараттандырылуын қамтамасыз ету үшін алдағы мемлекеттік сатып алулар туралы хабарландыруларды жариялауға тиіс болды.

4. Бағалау процедуралары: Директива ұсыныстарды бағалау процедуралары мен жеткізушілерді таңдау критерийлерін белгіледі.

5. Ашықтық және құқықтық қорғау: Директива жеткізушілердің шешімдеріне шағымдану тетіктерін ұсынды, сонымен қатар мүше мемлекеттер қабылдаған шешімдердің ашықтығы мен негізділігіне қойылатын талаптарды белгіледі.

Аталған Директива біртұтас еуропалық нарықты құрудың және Еуропалық Одақ ішінде тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысына ықпал етудің маңызды құралына айналғаны белгілі. Директива кейінірек өзгертіліп, толықтырылды және бүгінгі күнде ол «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2014/24/ЕО Директивасы ретінде белгілі [10].

Еуропалық Парламент пен Еуропалық Одақ Кеңесі енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы жалпы ережелерді жетілдіру арқылы инновациялық өнімдерді әзірлеу жөніндегі келісімшарттық қатынастар шеңберінде сатып алуды өткізу рәсімдерінің жаңа түрлерін енгізіп отырады. Бұл процедуралар нарықта тапсырыс берушінің қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырып отыруы үшін жеткілікті. Инновациялық әріптестік форматында сатып алу рәсімін таңдау кезінде тапсырыс беруші өнім берушіні қажетті өнімнің барлық сапалық

сипаттамалары мен оны қолдану саласы туралы жеткілікті түрде хабардар етуге міндетті, ал қатысу туралы шешім өнім берушілерге тиесілі екені түсінікті [11, 54 б.].

Шет мемлекеттердегі тәжірибелерді талдау нәтижесі көрсеткендей мемлекеттерде ішкі нарықты қорғаудың түрлі тәсілдері қолданылады. Алайда, мұндай саясат Еуропалық Одаққа қатысты емес екенін де атап өту керек. Одақ отандық жеткізушілерге артықшылық беруге тыйым салатын мемлекеттік сатып алулар кезіндегі либералды ұстанымдарының жарқын мысалы болып табылады.

В.А. Шахова атап өткендей: «Германия заңнамасына сәйкес мемлекет шаруашылық жүргізуші субъект ретінде әрекет ете отырып, жеке сектордың өкілдері сақтайтын заңдық және экономикалық қағидаларды да ұстануға міндетті. Сатып алушы ретінде мемлекет жеке сектор өкілдерімен бәсекелеседі, олармен бірге нарықтағы өзгерістерді бақылайды, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға конкурстар жариялау арқылы нарыққа өзінің қажеттіліктері туралы хабарлап отырады» [12, 112 б.].

Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу мемлекеттік басқарудың маңызды құралы болып табылады, олардың рөлі бәсекелестікті қамтамасыз ету, шағын және орта бизнесті қолдау, өнімдер мен қызметтердің сапасын арттыру, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сарапшылар атап өткендей, шет елдерде мемлекеттік сатып алу секторы коммерциялық құрылымдар үшін «тұрақты және өте тиімді өткізу нарығын» қалыптастырады [13, 54 б.]. Мемлекеттер мемлекеттік сатып алу нарығында ЖІӨ-нің едәуір бөлігін жұмсайды. Сарапшылар дамыған және дамушы елдердегі мемлекеттік сатып алу көлемі ЖІӨ-нің 10-нан 30% - на дейінгі көлемін құрайтынын атауда [14, 28 б.].

Қытайдың қазіргі қалыптасқан мемлекеттік сатып алу жүйесінің даму тарихы екі кезеңнен тұрады, олар: бастапқы қалыптасу кезеңі және толық даму кезеңі. Қалыптасу кезеңі 1995-2000 жылдар аралығын қамтиды, одан кейінгі жылдар мемлекеттік сатып алу саласының қарқынды дамуымен ұштасқан екінші кезеңге жатады. Қытай нарығын зерттеген М.Г. Умнова мен Ясинь Людің пікірінше: «Реформалар мен халықаралық қатынастардың ашылуынан кейін (шамамен 1989 жыл) Қытайдың жоспарланған экономикасы біртіндеп нарықтыққа айналды. Қытайдағы социалистік нарықтық экономика жүйесінің дамуымен экономиканы мемлекеттік басқарудың алдыңғы қатарлы кемшіліктері мемлекеттік сатып алу саласында көрініс тапты, мысалы: мемлекеттік сатып алуды жүргізуге тиісті шектеулердің болмауы «соқыр» сатып алуларды пайдаланудың артуы немесе олардың қайталануының нәтижесінде туындаған теріс салдарға әкелді. Мұндай жағдайды реттеу үшін Қытай Қаржы министрлігі 1995 жылдан бастап елдегі мемлекеттік сатып алу жүйесін құру және жетілдіру мәселесін қолға алды» [15, 2090-2091 б.].

1996 жылы Қытай Үкіметі кейбір қалаларда мемлекеттік сатып алудың пилоттық бағдарламасын іске қосты [16, 33 б.]. 1997 жылы Шэньчжэнь Үкіметі қалаларды көгалдандыру жобалары үшін мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізді және бұл қарапайым тауарлар мен стандартты қызметтерді сатып алудан

күрделі сатып алу стандарттары бар инженерлік жобаларға дейінгі масштабқа мемлекеттік сатып алу қызметінің кеңеюін білдірді.

1998 жылы Қытайдың қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алу жүйесінің пилоттық бағдарламасындағы провинциялар мен қалалардың санын одан әрі кеңейтті.

2002 жылы Қытайдағы мемлекеттік сатып алулар қызметін реттейтін негізгі нормативті құжаттарға айналған Bidding Law (BL) және Government Procurement Law (GPL) заңдары қабылданды. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң (GPL) Қытайдың мемлекеттік органдары мен заңды тұлғалары үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді мемлекетте «қолайлы коммерциялық шарттармен» сатып алу мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, Қытайда өндірілген отандық тауарлар мен қызметтерді шетелдікке қарағанда 20% дейін қымбат болған жағдайда да сатып алуға міндеттеді.

Заң қандай тауардың отандық және қайсысы импорттық болып саналатынын анықтады. Оған сәйкес импорттық тауар дегеніміз - қосылған құнның 50% - дан азы Қытай аумағында өндірілген өнім. Отандық өнім - бұл зауыттық құны түпкілікті бағаның белгілі бір пайызынан асатын Қытай аумағында өндірілген өнім (іс жүзінде көбінесе 50%). Сондай-ақ, Қытай азаматтары мен компаниялары шығарған жобалар мен қызметтер отандық болып саналды. «Отандық өнімді» анықтайтын басты белгі - оның Қытай мемлекеттік кедені арқылы өтпеу фактісі болып табылады.

Ал, «Сауда-саттық туралы» заңы (BL) болса негізінен құрылыс жұмыстары, ілеспе тауарлар мен қызметтерді сатып алуды реттейтін заң ретінде өз міндетін атқарып келеді.

BL және GPL-ден басқа, мемлекетте Орталықтандырылған сатып алу каталогының жүйесі (CPCatalogue) жұмыс жасайды. Оған сауда-саттық арқылы сатып алынатын тауарлардың, атқарылатын жұмыстар мен қызметтердің тізімі кіреді және жыл сайын орталық деңгейде де, жергілікті мемлекеттік органдармен де каталог жаңартылып отырады. Жергілікті CPCatalogue орталық деңгейдегі CPCatalogue-ге қарағанда консалтинг, аудит, заңгерлік қызметтер, дизайн және басқа да кәсіби қызметтер мен жұмыстардың кең ауқымын қамтиды.

Қытай мемлекеттік сатып алу жүйесінің құқықтық реттелуінің өзіндік ерекшеліктері бар, ол: мемлекеттік сатып алуды ұлттық өндірушінің әлемдік қаржы нарықтарының жағдайына тәуелділігін азайту мақсатында пайдаланылуынан, сонымен бірге, халықаралық ресурстар мен тауарлар айналымында ашықтықты қамтамасыз етуден тұрады.

Жалпы, ұлттық мүддені қатаң ұстанатын Қытай мемлекеттік сатып алу саясатының екі бағыты анық байқалады:

- мемлекеттік сатып алуды ұлттық өндірістің шетелдік ресурстар мен капитал көздеріне технологиялық және қаржылық тәуелділігін азайту құралы ретінде пайдалану;

- экспортқа шығаруды ұлттық қолдау тетігі ретінде мемлекеттік сатып алуды қолдану.

Мұндай саясат өз нәтижесін берді деуге болады. Бұл тәсілдер бүгінгі күнде өндірістің жоғары деңгейінің сақталуына ықпал етіп, жұмыссыздықты азайтуға көмегін тигізіп келеді.

Аталғандармен қатар, 2012 жылғы 3 қарашада Уханьда өткен «Мемлекеттік сатып алу – 2012» форумында мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты орналастыру үшін бірыңғай ресми Қытай сайты (www.china-cpp.com) іске қосылды. Сайтты Қытай логистика және сатып алу Федерациясы әзірледі және өзі басқарып отырады. Сайттың негізгі міндеті – жеткізушілер мен сатып алушылар туралы көпшілікке ақпарат беріп отыру, жеткізушілер туралы мәліметтерді, соның ішінде әртүрлі жеткізушілер ұсынған тауарлар мен бағалар туралы ақпаратты жариялап отыру болып табылады. Бұл сайт мемлекеттік тауарларды негізсіз бағамен сатып алу мүмкіндігін жояды және мемлекеттік сатып алу нарығының ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде [17, 153 б.].

Жоғарыда аталғандардан байқайтынымыз, мемлекеттерде белгілі бір саланың ерекшелігін ескеретін салалық каталогтар мен нормативтер қабылданған және тиімді пайдаланылуда. Мұндай тәжірибені, яғни өнімдерді каталогтау мен санаттауды бірінші болып АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін НАТО әскеріне қажет техникалар мен қосалқы бөлшектерді блокқа мүше барлық елдерге жеткізу үшін қолға алды. Сол уақытқа дейін кейбір бірдей тауарлардың әртүрлі атаулармен аталу мәселесі болды, кейде гетерогенді тауарлардың бірдей атаулары болуы мүмкін болды, ал тауарлардың техникалық сипаттамалары бойынша стандарттау болмады, бұл әскери техника айналымына кедергі болды, оларды жөндеуді қиындатып, қымбаттауына әкелді.

Нәтижесінде, қазіргі уақытта НАТО каталогындағы әрбір тауардың 13 белгісі бар, бұл талап етілетін тауарларды үздіксіз және жылдам жеткізуді, оларды толық стандарттауды қамтамасыз ету үшін қолайлы болды. Каталогтаудың стандартты әдістерін әзірлеу 1948 жылы басталды және НАТО-ның әмбебап каталогы 1956 жылы қабылданды. Көптеген каталогтарды құрастыруда негізге алынған осы алғашқы әдістер мен қағидалар халықаралық деңгейде және тек қорғаныс саласында ғана емес, басқа бағыттар бойынша да белсенді қолданылуда. Мұндай әдіс тауарлар туралы техникалық ақпаратты іріктеуге, сәйкестендіруге қолайлы болды. Сондай-ақ ол өнімнің қайталануын, оның қоймалардағы артық қорларын, бағаны негізсіз асыра бағалау немесе төмендетудің жолын кесті, қойма логистикасының бүкіл жүйесін жетілдіруге және тиімді етуге мүмкіндік берді [18, 45-46 б.].

Қазақстан Республикасына келетін болсақ, отандық мемлекеттік сатып алу жүйесінің құқықтық реттелу тарихы өткен ғасырдың 90-жылдарының басынан басталады. Мәселен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 20 маусымдағы № 685-ХІІ Қаулысымен мемлекеттік тапсырыс жүйесі заңнамалық түрде бекітілді. Осы қаулыға сәйкес: «мемлекеттік тапсырыс - бұл шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекет мұқтажы үшін тауарлар өндіруге (жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге) уәкілетті тұлғалардың мемлекет атынан ұсынысы» ретінде анықталды [19].

Қаулыға сәйкес Қазақстандағы мемлекеттік тапсырыс жүйесінің негізгі сипаттамаларының ішінен мыналарды атап көрсетуге болады:

1. Орталықтандырылған бақылаудың орнауы – мемлекеттік тапсырыстар, сатып алулар және мемлекеттік қажеттіліктерге келісімшарттар жасасуда орталықтандырылған бақылау орнап, бірыңғай үйлестіруші бекітілді. Бұл Үкіметке шығындарды тиімді басқаруға және басым бағыттар бойынша міндеттерді орындауға мүмкіндік беруі тиіс болды.

2. Ашықтық және бәсекелестік қағидалары бекітілді – мемлекеттік тапсырыс жүйесі ашықтықты қамтамасыз етуге және бәсекелестік қағидаларын сақтауға тырысты. Бұл сатып алу процестері барлық мүдделі тараптар үшін ашық болып, жеткізушілердің қатысуы үшін тең мүмкіндіктер берілуі тиіс дегенді білдірді.

3. Арнайы құқықтық реттеудің анықталуы – сатып алуды жүргізу және келісімшарттық басқару ережелері мен рәсімдерін белгілейтін мемлекеттік сатып алу туралы заңнама Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Қаулысына сәйкес бекітілуі тиіс болды. Бұл заңдар мен ережелерді сапалы орындауға мүмкіндік беруі тиіс деп болжанды.

4. Ресурстарды тиімді жұмсау қажеттілігі – жаңа заңнама мемлекеттік тапсырыс кезінде мемлекеттік ресурстарды, соның ішінде қаржылық ресурстарды тиімдірек пайдалануға және басым бағдарламалар мен жобалардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталды.

5. Сатып алу нарығын дамыту – мемлекеттік тапсырыс жүйесін енгізу мемлекеттегі сатып алу нарығын дамытуға ықпал етіп, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруы тиіс болды [19].

Кеңес Одағы ыдырап, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан ел экономикасының қазіргі заманғы стандарттары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін мемлекеттік тапсырыс жүйесін әзірлеу және жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істегенін атап өту маңызды. Жаңа жүйенің заңнамалық базасы «Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамырдағы № 856 қаулысымен [20], сондай-ақ «Өңірлердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру тәртібінің Үлгілік ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы № 925 қаулысымен бекітілді [21]. Осы кезеңдегі заңнама өзінің негізгі қағидаттары ретінде сатып алу рәсімінің ашықтығы мен бәсекелестікті қолдауды бекітті, сондай-ақ отандық өндірушілердің мүдделерін ескеру мүмкіндіктеріне де назар аударыла бастады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, жүйе бірден сәтті жұмысын атқарып кетті деп айту қиын.

Жоғарыда аталған сұраныстарды қанағаттандыру мақсатында, 1997 жылғы 16 шілдеде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының № 163 заңы қабылданды [22]. Бұл ел тарихында мемлекеттік сатып алу саласын реттеу үшін арнайы заң түрінде қабылданған алғашқы құжат болатын. Жаңа заң сатып алудың әртүрлі процедураларын белгіледі, тендерлік

комиссиялардың құрылу тәртібін енгізді. Заң 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді және ол Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуды заңнамалық реттеудің басталуын білдірді.

2002 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 16 мамырында жаңа заңы қабылданды [23]. Мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнаманың басты мақсаты мемлекет қаражысын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болып айқындалды.

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды құқықтық реттеуді дамыту және жұмыстар мен қызметтерді орындау бойынша тапсырыстарды орналастыру жолындағы келесі кезең 2007 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның қабылдануымен басталды. Заң мемлекеттік сатып алудың неғұрлым ашық және оңтайлы жүйесін құруға, сатып алулар процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталды [24].

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заңнама келесі қағидаттарға негізделді:

- мемлекеттік сатып алулар үшін пайдаланылатын қаржыны үнемді және тиімді жұмсау;
- әлеуетті өнім берушілер үшін сатып алуларды өткізу рәсіміне қатысу кезіндегі тең мүмкіндіктердің қамтамасыз етілуі;
- өнім ұсынушылар арасындағы адал бәсекелестік;
- процестің жариялылығы мен ашықтығы.

2012 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жүйені пайдаланушылар саны 189 131 құрады және 2010 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан. Жеткізушілер саны 1,8 есе артып, 99 567 құраған (заңды тұлғалар – 45 711, жеке тұлғалар – 53 856). Мемлекеттік сатып алулардың жалпы сомасы 615 188 млн. теңгені, үнемдеу – 30 391 млн. теңгені немесе 4,4% құраған [25].

Осы кезеңде мемлекеттік сатып алу жүйесін қалыптастыруға және ілгерілетуге ықпал еткен факторлардың бірі өнім мен жұмыстар үшін айқындалған бірыңғай стандарттардың болмауы болды. Сатып алуларды өткізу тәжірибесінде тапсырыс берушілер конкурстық құжаттамада өнім берушілердің тауарларына қойылатын талаптарды өзі белгілей алды.

Алайда, мемлекеттік сатып алу веб-порталының пайдаланушыларында осы саладағы заңнаманы, тиісті әдіснамалар мен нұсқаулықтармен жұмыс істеудегі білімнің жетіспеуі, сондай-ақ қажетті тәжірибенің болмауы әлеуетті өнім берушілердің құқықбұзушылықтарға жол беруіне, деректердің дұрыс қалыптаспауына және кәсіпкерлер тарапынан наразылықтардың артуына әсер етті [25].

Аталған мәселелердің 2001-2007 жылдардағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңды әзірлеу кезінде назарға алынып, тиісті өзгертулер енгізілгені белгілі, дегенмен, іс жүзінде заңнамадағы кемшіліктер анықталып жатты, оны жетілдіру қажеттілігі анық байқала бастады. Сондықтан да, 2014 жылғы 2 қыркүйекте Парламент сессиясының ашылуында берілген ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес Қаржы министрлігі 2015 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңды әзірледі.

Жаңа заңды әзірлеу кезінде мына бағыттарға басымдық берілді:

- алдын-ала біліктілік іріктеуді қолдана отырып және жаңа электрондық дүкен тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

- техникалық сипаттамаларды алдын-ала талқылауды енгізу, сатып алу туралы шарттарды тек электрондық нысанда жасасу, қабылдап алу актілерін, жүкқұжаттар мен шот-фактураларды электрондық форматта жасау арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды қабылдау;

- әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімді жасырын беру функционалын енгізу;

- әлеуетті өнім берушілердің рәсімге немесе нәтижелерге шағымдану кезеңіне мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізуді тоқтата тұру арқылы әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді және пәрменді тетіктерін белгілеу;

- демпингке қарсы шаралар қабылдау арқылы әлеуетті өнім берушілердің жауапкершілігі мен адалдығын күшейту, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жосықсыз өнім берушілерді тиісті тізілімге жіберуге уәкілетті органның құзыретін белгілеу.

В.В. Тен өзінің саланы зерттеуге арнаған диссертациясында жаңа заңның күрделі бір өзгерістердің әкелмегенін атайды, жүргізілген талдау нәтижесі мемлекеттік сатып алу саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді түбегейлі қайта қарауға қатысты нормалардың көзделмегенін көрсеткен. Бұл ретте жаңа заң осыған дейін қолданыста болған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңынан негізінен редакциялық нақтылаулармен және құрылымы бойынша ғана ерекшеленді. Заңдағы мазмұндық жоспардың жаңалықтары шамалы болды, абсолютті новеллалар ретінде автор:

- алдын-ала біліктілік іріктеуді қолданатын конкурс, жабық конкурс, қатысуы шектеулі конкурс сияқты мемлекеттік сатып алудың конкурстық тәсілдері туралы нормалардың пайда болуын;

- демпингке қарсы шаралар туралы норманың енгізілуін атаған.

Сонымен қатар, зерттеу авторының пікірінше 2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес бірінші сатыдағы соттардың заңды күшіне енген шешімдері жосықсыз қатысушыларды тиісті тізілімге енгізу үшін негіз болды. Бұл ретте осы баптың 7-тармағына сәйкес бірінші сатыдағы соттардың тиісті шешімдеріне заңнамада белгіленген тәртіппен жоғары тұрған сатыда шағым жасалуы мүмкін. Бұдан басқа, жаңа заңда мынадай маңызды ережелер көзделген, олар: «конкурстық баға ұсынысы мен бастапқы баға түріндегі жаңа ұғымдарды енгізу; конкурстық құжаттама, қаулы, мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері, мемлекеттік сатып алу саласындағы қызмет, ұсыну, үздік техникалық ерекшелік, электрондық аукцион, электрондық құжат, электрондық мемлекеттік сатып алу ұғымдарын алып тастау; сатып алуды өткізудің жаңа базалық қағидаттарын белгілеу; заң нормаларын қолданбай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды көздейтін нормаларды алып тастау; алдын ала біліктілік іріктеу және екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды

өткізу мүмкіндігін белгілеу; білікті жеткізушілердің тізілімін қалыптастыру бойынша сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының құзыретін қосу; қоғамдық бақылау орнату; мемлекеттік сатып алу веб-порталында техникалық ерекшелікті алдын ала талқылау мүмкіндігін енгізу; мемлекеттік сатып алу мониторингін енгізу; уәкілетті органның жыл сайынғы есепті дайындау тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеуі; конкурс және аукцион тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде демпингке қарсы бағаларды айқындау; екінші орын алған өнім берушімен және басқалармен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мүмкіндігін белгілеу» [26, 21 б.].

2015 жылы жаңа заң қабылдануының тағы бір себебі – мемлекеттік сатып алу саласындағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету болды [27]. ЕАЭО мүшесі бола отырып, Қазақстан өзіне одақ аясында қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» келісімнің талаптарына өз заңнамасын бейімдеу міндеттемесін қабылдады, мамандардың пікірінше: «мұндай қадам келесі мақсаттарды көздеді:

- мүше мемлекеттерде сатып алу үшін пайдаланылатын қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету;
- мүше мемлекеттер үшін ұлттық сатып алу режимін ұсыну;
- үшінші елдер үшін мүше мемлекеттер арасында көзделгеннен қарағанда қолайлы сатып алу режиміне жол бермеу;
- ақпараттың және сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа мүше мемлекет әзірлеген электрондық цифрлық қолтаңбаны өзара тану арқылы, мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім берушілері мен өнім берушілерінің электрондық сатып алуға қатысуына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету болды» [28].

Сонымен, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды құқықтық реттеудің пайда болу тарихы мен даму кезеңдерін зерттеу нәтижесі бойынша мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Мемлекеттік сатып алуды реттейтін алғашқы нормативтік-құқықтық актілер АҚШ-та XIX ғасырдың ортасында пайда болды. Бастапқы құқықтық актілердің мәні қорғаныс саласындағы мемлекеттік сатып алуды реттеуде болды.

2. Еуропада мемлекеттік сатып алулар XX ғасырдың ортасынан бастап реттеле бастады, бұл нарықтың барлық қатысушылары үшін бірыңғай ережелер белгілеуді көздейтін Еуропалық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі елдердің экономикалық интеграциясы жолындағы кезең болды.

3. Қытайда мемлекеттік сатып алу жүйесінің ерекшелігіне келетін болсақ мемлекет үшін мемлекеттік сатып алу – бұл ұлттық өндірістің шетелдік ресурстар мен капитал көздеріне қаржылық және технологиялық тәуелділігін төмендету құралы болып табылады, сонымен қатар мемлекет экспортқа ұлттық қолдау көрсетеді, бұл өз кезегінде өндірісті дамытуға ықпал етіп, жұмыссыздықты төмендетуде.

4. ҚР Мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу тарихы өткен ғасырдың 90-жылдарының басынан бастау алады және нарықтық қатынастардың белсенді

дамуымен, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануымен бірге дамып отырды.

Ұлттық заңнаманы жетілдіруде әлемдік үрдістер мен тәжірибені зерттеп отыру маңызды. Сондай-ақ мемлекет пен халықтың мүддесі үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді алуды жеделдету үшін процесс кезеңдері арасындағы уақытты қысқарту қажеттілігіне деген сұраныс байқалады.

1.2 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасына шолу

Кез-келген мемлекетте мемлекеттік сатып алу саласы әрдайым мұқият бақылауда және қоғамның ерекше назарында болады. Мемлекеттік сатып алу тек мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету құралы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік саясаттың қуатты және тиімді құралы болып табылады. Мысалы, мемлекеттік тапсырыс тетігі арқылы экономикалық өсім мен іскерлік белсенділікті арттыруға, бюджеттік-салық саясатын тиімді басқаруға және тағы басқасына әсер етуге болады [29, 34 б.].

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесі соңғы жылдары қарқынды түрде реформаланып, ауқымды өзгерістерді бастан кешіруде. Елдің мемлекеттік сатып алуды реттеу жүйесінде көптеген заңнамалық актілер, күрделі технологиялық шешімдер қабылданды, билік пен бизнес қауымдастық және қоғам арасында өзара іс-қимылдардың түбегейлі жаңа негіздері рәсімделуде.

Жүйені жетілдіру мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылданды. Жаңа заңға ағымдағы жылдың 1 шілдесінде ҚР Президенті қол қойды, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енуі жоспарланған [30].

Отандық мемлекеттік сатып алудың нормативтік-құқықтық базасы мынадай нормативтік құқықтық актілердің негізінде қалыптасқан:

1) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы [1].

Жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңы ағымдағы жылдың 1 шілдесінде қабылданды, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі [31].

2) «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы [32].

3) «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығы [33].

4) Мемлекеттік сатып алуды реттеуге қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің министрінің басқа да бұйрықтары.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 2 бабына сәйкес: «мемлекеттік сатып алу – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызметтер

көрсетуге байланысты халықаралық әуежайлардың кірістерін қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша немесе меншікті кірістері есебінен сатып алуы» [1].

Жоғарыда келтірілген анықтаманы салыстырмалы түрде талдап көруге негіз бар деп санаймыз. Мәселен, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) келісімі тек тауарлар мен қызметтерді сатып алуды реттейтінін көреміз, ал ЮНСИТРАЛ (UNCITRAL – United Nations Commission on International Trade Law) және ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстарды сатып алу да реттелетінін байқауға болады. А.М. Бегжанның пікірінше бұл ДСҰ-ның Тарифтер және сауда жөніндегі Бас келісім (ГАТТ) [34], Қызметтер көрсету саудасы бойынша Бас келісім [35] және тағы басқа келісімдерге негізделген халықаралық сауда жүйесінің стандарттарын белгілеумен байланысты [36, 16 б.]. ДСҰ келісінде берілген анықтамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар бұл - мемлекеттік мекемелердің сатып алулары болып табылады, ал ЮНСИТРАЛ-дың Төрелік регламенті [37] сатып алушы ұйымдарға мемлекеттік департаменттерді, мекемелерді, органдарды және басқа ұйымдарды, олардың сатып алумен айналысатын кез келген бөлімшелерін жатқызады. Сондай-ақ, мемлекеттерге ЮНСИТРАЛ-дың Төрелік регламентін негізге ала отырып мемлекеттік сатып алу туралы өзінің заңнамасына мемлекеттің сатып алушы ұйымдардың тізбесін құрастыру тәртібін қалауынша белгілеу құқығы берілген [36, 16 б.].

Кейінгі кездегі экономика бағытындағы ғылыми әдебиеттерде мемлекеттік сатып алудың түрлі анықтамалары мен түсіндірмелерін кездестіруге болады.

Мысалы, арнайы зерттеу авторлары Л.И. Юзвович пен Н. Ю. Исакованың пікірлерінше: «мемлекеттік сатып алу - бұл мемлекеттің қызметін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ ұлттық экономиканың жекелеген секторларының дамуына ықпал ету мен мемлекеттің алдында тұрған әлеуметтік маңызды функцияларды орындау үшін тиімді және аз шығындармен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша мемлекеттің заңнамалық тұрғыдан реттелген қызметі болып табылады» [38, 12 б.].

Осыған ұқсас анықтаманы М.В. Шмелева да береді, ол мемлекеттік сатып алуды: «мемлекеттің қызметін қамтамасыз ету және ұлттық экономика салаларының дамуына және әлеуметтік саясатты нығайтуға ықпал ету үшін ең жоғары тиімділікпен және аз шығындармен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша мемлекеттің заңнамамен реттелген қызметінің бірі» деп анықтайды [39, 68 б.].

Ал Л.В. Борисова мен А.А. Саволайненнің пікірлерінше: «мемлекеттік сатып алу - бұл белгілі бір ресурстарға қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың басқа да міндеттерін шешу мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен, мемлекеттік қаражатқа сатып алудың жылдық жоспарына сәйкес тапсырыс берушінің

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алуы» [40, 77 б.].

Еуропа мен АҚШ мемлекеттерінде «procurement» (сатып алу) термині белсенді қолданылады, ол термин тапсырыс берушінің тауар, жұмыс немесе қызметке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін әдістер жиынтығы ретінде анықталады. Алайда, Ж.М. Хамитов мен Г.А. Джунусбекова саланы зерттеуге арнаған мақаласында «мұндай тұжырымдама тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға баса назар аударады, ал мемлекеттің әлеуметтік функциясының көп екенін ескеретін болсақ, мұндай анықтамалар жеткіліксіз дәлелді болып көрінеді» деген ой білдірген. Сондықтан, авторлардың пікірінше тапсырыс беруші мен қоғамның (тұтынушының) қажеттіліктерін ажырату қажет».

Аталған авторлардың пікірінше: «мемлекеттік сатып алу - бұл бюджет қаражаты есебінен мемлекет қажеттілігін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын заңнамамен реттелетін қатынастар жүйесі» [41, 91 б.].

Мемлекеттік сатып алулар заңға сәйкес келесі қағидаттарды негізге ала отырып жүзеге асырылуда:

«1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің, оның ішінде өнім берушілердің коммерциялық құпияға заңды құқықтары сақтала отырып (мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін), ашықтығы мен айқындығы;

5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;

6) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

8) инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

9) сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау қағидаттарына негізделеді» [1].

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның қолданысқа енуімен мемлекеттік сатып алу жүйесінің жаңа кезеңі басталды, бұл заң 2025 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болады. Бұл жаңа мемлекет сол жылдары қосылған ЕАЭО туралы шарттың талаптарын орындау үшін қабылданған болатын. А.М. Бекжанның пікірінше: «заңның негізгі мақсаттары мемлекеттік сатып алуды оңайлату, сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін барынша азайту, әлеуетті өнім берушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін арттыру, бір көзден өткізілетін сатып алу үлесін қысқарту болып табылды» [36, 72 б.].

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу процесі үш кезеңнен тұрады:

- 1) Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту.
- 2) Өнім берушіні таңдау және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.
- 3) Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау.

Сонымен, мемлекеттік сатып алу тиімділігінің маңызды аспектілерінің бірі - оны дұрыс жоспарлау болып табылады. Жарты үлесі мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалар болып табылатын тапсырыс берушілер сатып алуды жоспарлауға уақытты үнемдеуге көмектесетін, сондай-ақ тапсырыс берушінің ыңғайлылығы үшін қызмет ететін алдын ала жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарын әзірлеуге және бекітуге құқылы. Алдын ала жоспар жылдық жоспар бекітілгенге дейін қолданылады, тиісінше біріншісінде қамтылған мәліметтер соңғысына ауысады. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес: «мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын тапсырыс беруші бекітеді, тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде веб-порталда орналастырады» [32]. Жылдық жоспарды тапсырыс берушінің өзі заңда белгіленген нысанда әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік сатып алуды жоспарлаудың маңызды аспектісі заңнамалық деңгейде белгіленген отандық өндірушілерді қолдау болып табылады. Бұл саясаттың мақсаты қазақстандық тауар өндірушілерге, жұмыс және қызмет көрсетушілерге басымдық беру болып табылады.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысына сәйкес: «белгіленген тауарларды мемлекеттік сатып алуға мүмкіндік берілген. Яғни, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрлері бойынша сатып алу отандық өндірушілер тізіміндегі жеке және заңды тұлғалар, не көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер өкілдері (дистрибьюторлар немесе дилерлер) үшін екі жылға дейінгі мерзімге рұқсат етілуі мүмкін» [42]. Отандық өндірушілер тізіміндегі әлеуетті өнім берушінің тауар өндірісін растайтын құжат «Атамекен» ҚР ҰКП берген Индустриялық сертификат болып табылады [32].

Сатып алуды жоспарлау талаптарының сақталуы экономикалық тұрғыдан тиімді және өте маңызды. Д.Н. Есімова өзінің диссертациялық жұмысында атап өткендей, сатып алуды жоспарлау әр түрлі тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін сатып алу әдісін таңдаудан гөрі әлдеқайда ауқымды шара, ол сатып алуды

жүзеге асырудың құқықтық және институционалдық шеңберлерін біріктіретін маңызды құрал болып табылады [43, 11 б.].

Сатып алынатын объектілердің бағасы мен сапасының ұтымды үйлесімі ең басты назардағы шешілуі тиіс сұрақ болып қала беретіні анық.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы: «сатып алу тәсілдерінің мынадай тізбесін айқындайды:

- 1) конкурс;
- 2) аукцион;
- 3) баға ұсыныстарын сұрау арқылы;
- 4) бір көзден сатып алу;
- 5) тауар биржалары арқылы;
- 6) электрондық дүкен арқылы сатып алу» [1].

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың барлық аталған әдістері тауарларды сатып алуға қолданылады, ал жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тек конкурс және баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен жүргізіледі. Сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдау негізінен тапсырыс берушінің құқығы болып табылады, алайда, оларды сатып алу тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі де бар. Бұл тізбе «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 798 бұйрығымен айқындалады. Мұндай тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге келесілер жатқызылған: «бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің санаттарына жататын тауарлар; құрылыс-монтаж жұмыстары; техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобасын әзірлеуге қатысты жұмыстар; құрылыс нысандарының жобаларын сараптау бойынша жұмыстар; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер» [44].

Осы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алудың негізгі мақсаты бөлінген бюджет қаражатын уақытылы игеру және жоспарланған салалық іс-шараларды орындау процесін негізсіз тежеуге жол бермеу болып табылады. Бір көзден сатып алуды қоспағанда жоғарыда аталған барлық әдістер бәсекеге қабілетті болып саналады. Бұл оған барлық әлеуетті жеткізушілер қатыса алатынын білдіреді.

Мемлекеттік сатып алулардың басты кезеңі өнім берушіні таңдау және онымен сатып алу туралы шартын жасасуды қамтиды. Заңның 43-бабына сәйкес: «тапсырыс беруші жеңімпазға конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу жеңімпазы айқындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді. Шарттың бұл жобасы конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы сұрау салу тәсілдерімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазымен

мемлекеттік сатып алу веб-порталына хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде куәландырылуға тиіс» [1].

Дегенмен, сот тәжірибесі өнім берушілер жоғарыда көрсетілген мерзімдер ішінде тапсырыс беруші жіберген шарттардың жобаларын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырмайтын жағдайлар бар екенін және мұндай өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылатынын көрсетеді, бұл уәкілетті орган үшін осындай өнім берушілерді жосықсыз қатысушылардың тізіміне қосуға негіз болып табылады.

Бұл тұрғыда, тауар жеткізушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізу туралы уәкілетті орган бұйрығының күшін жою туралы өтініштерін қарау кезінде сот Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын [45] басшылыққа алуы керек.

Тағы бір ескеру керек жағдай, 2014 жылы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) құру туралы шартқа қабылданды, 2015 жылдан бастап Қазақстан өзінің мемлекеттік сатып алуларында ішкі заңнаманы осы шартқа сәйкес бейімдеуге міндетті болды [46].

Диссертациялық зерттеудің аяқталар кезеңінде жаңа заң қабылданды. Жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңы ағымдағы жылдың 1 шілдесінде қабылданды және 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енуі жоспарланған.

Заң сатып алу процедураларын жеңілдетуді және қысқартуды қарастырады. Оған сәйкес шағымдарды қарау тетігі жаңартылды, Қаржы министрлігінің бақылаушы орган ретіндегі рөлі қайта қаралды. Сатып алуды жедел жүргізу үшін шағымдарды сатып алуды ұйымдастырушылардың өздері тікелей қарайтын болады. Сатып алу қорытындыларына шағымдану веб-портал арқылы жүргізілетін болады.

Заңда рәсімдерді оңайлату және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алуды өткізілмеді деп тану негіздері қайта қаралды. Пайдаланудағы тәртіп бойынша сатып алуға бір жеткізуші қатысқан кезде ол өтпеді деп танылатын болса, ендігі мұндай жағдай орын алса, тиісті өнім берушімен шарт жасасуға рұқсат берілді.

Тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеделдетіп сатып алуы және оларға үлкен дербестік беруі үшін заң тауарларды бір көзден 100 АЕК-ке дейін, жұмыстар мен қызметтерді 500 АЕК-ке дейін сатып алу құқығын бекітеді. Ауыл әкімдіктері үшін мұндай тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу шегі 3000-нан 4000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу мүмкіндігі пайда болды.

Заңның екінші блогы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған. Баға мен сапа өлшемдерін бірге пайдалана отырып өнім берушіні таңдау көзделіп отыр. Өнім беруші туралы ақпарат мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін кеңінен пайдалану

арқылы қалыптастырылатын болады (жұмыс тәжірибесі, қаржылық орнықтылық, салық берешегінің болмауы, ашық қолжетімділікте қаржылық есептілікті орналастыру).

Жаңа заңда кешенді жұмыстар нысанасы болып табылатын «кілтке дейін» келісімшарттар, яғни құрылыс салуда ЕРС келісімшарттарын жасасу мүмкіндігі пайда болды.

Аталғандармен қатар, сатып алулар кезінде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді ескеруді көздейтін «Тұрақты мемлекеттік сатып алулар» институты енгізілуде [31].

Отандық ғалымдардың пікірінше: «тұрақты мемлекеттік сатып алу аспектілерін қолдану экологиялық жағдайды жақсарту мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралына айналуы мүмкін. Ол үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде экологиялық талаптар мен шарттардың сақталуын нақты құқықтық тәртібін бекіту қажет. Қабылданған жаңа заң мен жалпы енгізілуі тиіс өзгерістер, заңнаманы жетілдіруге байланысты шаралар елдегі «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының бастапқы кезеңде сәтті енуіне әсер етуі тиіс деп болжайды зерттеу авторлары» [47, 73 б.].

Ф.Г. Ибрагимова мен Е.М. Айтқазин атап өткендей: «соңғы жылдары елімізде экологиялық таза өнім мен қызметке деген сұраныстың қоғам тарапынан артуы байқалады және мұны авторлар жағымды үрдіс деп бағалаған. Мұндай өзгерістер мемлекет үшін жоғары талапқа айналып, осы сұраныстарды қанағаттандыру үшін елімізде аталған бағыттағы жұмыстар жалғасын табуы тиіс» [48, 24 б.].

Авторлар Қазақстан Республикасындағы «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамсыз сұрақтарына арнаған зерттеуде авторлар заңнаманы жетілдірудің келесі шараларын ұсынған: «1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңына экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге артықшылық беретін нақты нормалар мен қағидалар енгізілуі қажет. 2. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге белгілі бір преференциялық мүмкіндіктер болуы керек, мысалы: осындай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді атқарушылар үшін шартты жеңілдіктер және т.б. 3. Жеңімпазды айқындау кезіндегі басымдық берудің нақты тәртібі бекітілуі тиіс. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң деңгейінде сатып алу міндетті түрде тұрақты «жасыл» сатып алу өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесін реттеуді бекітетін норма енгізіліп, содан кейін заңға тәуелді актілер деңгейінде, мысалы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығында таңдау өлшемшарттарының өзі бекітілуі мүмкін. Алайда, тізімді қалыптастыру өте күрделі сұрақ екенін ескеру қажет, ол нарықтың, жеткізушілердің жағдайын және отандық өндірушілерді қолдау қағидаларын ескере отырып жүзеге асуы тиіс. Сондықтан да, мұндай

сатып алуды жүзеге асыру мүмкіндігін енгізу елдегі жағдайды мұқият талдауды қажет етеді. 4. Нақты тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты экологиялық критерийлер анықталуы тиіс. 5. Мемлекеттік сатып алу мақсаттары үшін экологиялық критерийлері айқындалатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімін айқындау қажет болады. 6. Экологиялық критерийлер айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің ең төменгі шекті көрсеткіштерін айқындау қажет» [48, 25 б.].

Қабылданған заң жаңашылдықтарының үшінші блогы өнім жеткізушілер мен қызмет көрсетушілердің, жұмыстарды орындаушылардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Сатып алулар процесіне қоғамдық мониторинг жүргізу мүмкіндігі енгізілуде және басшысы немесе құрылтайшысы бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынатын болды. Мемлекеттік сатып алуға жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де жіберілмейді.

Заңның төртінші блогы бәсекелестікті дамытуға бағытталған. Барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасы – мемлекеттік сатып алудың веб-порталына көшіру мүмкіндігі заңнамалық түрде белгіленген. Сонымен қатар, заң тауар биржалары арқылы сатып алу тәсілін жояды.

Жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енуі жоспарланғанын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Тиісінше, осы уақытқа дейін негізгі заңды жүзеге асыруға бағытталған ведомствалық органның нормативтері қабылданып үлгеруі тиіс.

Түйіндей келе, отандық мемлекеттік сатып алу жүйесі тұрақты дамуда және соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілеуді көрсетіп келеді деген қорытынды жасауға болады деп санаймыз. Саланы реттейтін отандық заңнама халықаралық нормаларды қамтиды, сондай-ақ қазақстандық мемлекеттік сатып алу нарығының қажеттіліктеріне бейімделген, еліміздегі сауда саттықтың жүргізілу ерекшеліктерін ескереді. Ол мемлекет функцияларын орындау үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда тапсырыс беруші ретінде мемлекеттің, мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ барлық өнім берушілердің бәсекелестік негізде қандай да бір кемсітусіз қатысуын қамтамасыз етуде.

Осы тарау барысында талқыланған ғылыми әдебиеттерде кездесетін әртүрлі анықтамалар мен түсіндірмелерді, ұлттық заңнаманың ерекшеліктері мен қағидаларын ескере отырып, келесі авторлық анықтама ұсынылады: ***«Мемлекеттік сатып алу – бұл мемлекет бюджеті есебінен мемлекеттің өзіне жүктелген міндеттерін орындауы үшін қажет тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастар»***.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп келе жатқанын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Қабылданған жаңа

заңның мақсаты бізге түсінікті. Ол мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең төменгі бағасынан сапа басымдығын, сондай-ақ барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына ауыстыруды көздеп отыр.

1.3 Мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік реттеу мен басқарудың отандық тәжірибесі

Қазақстан Республикасының ЖІӨ-дегі мемлекеттік сатып алулардың үлесі 6,6% - құрап отыр, бұл ЭЫДҰ мүше мемлекеттердегі көрсеткіштермен салыстырғанда төмен. Алайда, мемлекеттік сатып алуларға Үкімет бюджет шығыстарының жалпы сомасының 43%-ын жұмсайды, бұл ЭЫДҰ-ның орташа көрсеткішінен артық [49, 11 б.].

Бүгінгі күнде мемлекеттік сатып алулар ел экономикасын қолдаудың ең тиімді механизмдерінің біріне айналуға бастады. Өйткені, мемлекеттік сатып алуларға бюджеттің ауқымды бөлігі арналады. Ғалымдардың айтуынша: «Еуропалық комиссияның бағалауынша, Еуропа елдерінде мемлекеттік сатып алуға жұмсалған шығындар құны ЖІӨ-нің 13,67% құрайды, мемлекеттік сатып алулар болашақ ұрпақтың әл-ауқатына, адамның мүмкіндіктерін сақтауға және жетілдіруге көмегін тигізетін маңызды құралға айналуы тиіс» [50, 144 б.].

Мұндай жағдайда әрбір мемлекет бірінші кезекте өзіне қолайлы жүйені қалыптастыруды ойлайтыны түсінікті. Қазіргі уақытта әлемдік тәжірибеде сатып алуды басқару жүйесін ұйымдастырудың бірнеше модельдері бар. Олар:

- орталықтандырылған модель;
- орталықтандырылмаған модель;
- аралас модель.

Аталған мәселелерге арналған ғылыми әдебиеттерді талдау бұл модельдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді [51, 305 б.; 52, 152 б.].

Орталықтандырылған модельде барлық мемлекеттік сатып алулар мемлекет бойынша біркелкі ұйымдастырылады және басқару функциялары орталық бір орган арқылы жүргізіліп отырады. Мұндай модельде жергілікті барлық бөлімшелер, аймақтық және жергілікті тапсырыс берушілердің қызметі мемлекет бойынша ортақ талаптарға сәйкес болуы тиіс. Бұл жүйенің артықшылығы ретінде сатып алынатын тауарлардың стандарттау талабының жоғары болуын, аймақтық және жергілікті тапсырыс берушілердің қажеттіліктері туралы ақпаратты жинаудағы қатаң тәртібінің орнатылуын, ақпаратты жүйелеу мен өңдеудегі едәуір жеңілдіктерді атауға болады. Стандартталған тауарларды сатып алу арқылы шығындар азаяды және стратегиялық, басқарушылық, операциялық және әкімшілік функциялар қайталанбайды, сонымен қатар мемлекет қаражатын үнемді жұмсау мүмкіндігі жоғарылайды.

Сатып алуды орталықтандыру кезінде бұл процесті арнайы даярлықтан өткен және біліктілікті тұрақты арттырып отыратын кәсіби мамандар жүзеге асыруы тиіс. Бұл модельдің кемшіліктеріне шамадан тыс бюрократияның болуын және сыбайлас жемқорлықтың пайда болу қаупінің жоғарылығын жатқызуға болады. Сондай-ақ, бұл жүйеде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізулердің баяу атқарылу қаупі бар және түпкі тұтынушылардың мүдделері де әрдайым ескеріле бермейді.

Ал орталықтандырылмаған модельде кейбір сатып алу функциялары жергілікті басқару органының бақылауында болады немесе бюджеттік ұйымдардың функциялары дербес қимылдайтын сатып алу бөлімшелеріне берілуі мүмкін.

Орталықтандырылмаған модель бюджет қаражатын жұмсауға құқығы бар бюджеттік ұйымдар мен сатып алушылардың жеке мамандары үшін тиімді. Бұл жүйе түпкілікті тұтынушыны дәлірек қанағаттандыруға, сатып алу процедураларында және онымен байланысты процестерде бюрократияны азайтуға, тапсырыс берушінің қажеттіліктерін уақытылы қанағаттандыруға, ірі көлемде сыбайлас жемқорлық мүмкіндігін азайтуға бағытталған.

Сондай ақ орталықтандырылмаған жүйе инновациялық тауарларды сатып алулар кезінде қолайлы болып келеді, себебі ол қажеттіліктерді және оны қанағаттандыру құралдарын тез анықтауға мүмкіндік береді. Аталағандармен қатар, жергілікті сатып алу бөлімшелері төтенше жағдайларда жылдам әрекет ету түріндегі артықшылықтарға да ие болады.

Бұл модельдің кемшіліктері:

- сатып алу рәсімдерін ұйымдастырудың бірыңғай әдістемелік тәсілдерінің болмауы;
- ақпараттың бір орталықта жинақталып, өңделмеуіне байланысты жүргізілетін рәсімдердің ашықтығының болмауы;
- сатып алуды процесіне негізсіз көп мамандардың тартылуы;
- сөз байласу ықтималды қаупінің артуы;
- заңнаманы бұзушылықтар санының артуы;
- сатып алулар туралы ақпаратты ортақ жүйелерде орналастыру қарастырылмайды, сол себепті рәсімдерді тиімді жүргізу мүмкіндігінің төмендеуі;
- әртүрлі тапсырыс берушілерде құжаттардың үлгілік нысандарында айырмашылықтардың болуы, тиісінше сатып алуға қатысушылар арасындағы түсінбеушіліктердің болу қаупінің жоғары болуы.

Аралас моделіне келетін болсақ, ол сатып алу жүйелерін орталықтандыру және орталықсыздандыру элементтерін келесідей біріктіруді қамтиды. Ал сатып алуды тікелей жүргізу және әкімшілік аспектілерді басқару орталықтандырылмаған күйінде болады.

Аралас жүйе сатып алуды басқаруды уәкілетті органдарға беруді де білдіруі мүмкін. Аралас жүйенің аймақтық өкілдіктері бар немесе географиялық шашыраңқы құрылымы бар мемлекеттердің сатып алулары үшін қолайлы екендігі аталынуда [53, 24 б.].

Дегенмен, орталықтандырудың елеулі көлеміне қарамастан, жүйе құрылымдық артықшылықтар мен жинақталған тәжірибені пайдалану үшін жеткілікті деңгейде икемді болып келеді, сондай-ақ бірыңғай рәсімдер бойынша жүзеге асырылатын және үлгілік құжаттамасы бар сатып алу қызметіне уақытылы мониторинг жүргізіп отыруға мүмкіндік береді.

Н. Димитри мен оның жақтастарының пікірлерінше: «бұл модельдің кемшіліктері келесілер:

- сатып алулар қандай деңгейде (орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған) жүргізілуі тиіс екендігіне қатысты шатасулар болуы мүмкін;

- міндеттер анық бөлінбеген;

- кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі болуы мүмкін;

- сатып алу қызметін үйлестіру және бақылау процесі қиын, функциялардың қайталану қаупі жоғары» [52, 153 б.].

Әрине, әлемде мемлекеттік сатып алу жүйесінің ең жақсы моделін құрудың әмбебап тәсілі жоқ. Ұсынылған модельдердің неғұрлым тиімді, нақты бір мемлекет үшін ыңғайлысын табу үшін әлемдегі сатып алу жүйелерін ұйымдастырудың құқықтық ғана емес, стратегиялық тәжірибелерін де зерттеу қажет.

Кейбір шетелдік ғалымдар мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың құқықтық және стратегиялық мәселелері мемлекеттік сатып алуды іс жүзінде сәтті ұйымдастыру үшін қажет екенін атауда. Олар сондай-ақ мемлекеттік сатып алудағы заңнамалық тұрғыдан кәсібилік экономикалық және практикалық бағыттарға қарағанда тез дамығанын атауда. Дегенмен, аталғандармен бірге авторлар сатып алудың тиімділігі мен стратегиясы құқықтық қолдау мәселелерінен гөрі маңызды деп санайды [54, 45 б.].

Ұсынылған ақпаратты талдай отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылмаған модельге жатқызуға болады деп санаймыз.

Мамандардың пікірінше: «Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылмаған деп санауға болады, себебі сатып алулар кезінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар өз сатып алуларын өздері басқарады. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінде 24 200-ден астам түрлі тапсырыс беруші тіркелген және мемлекеттік тапсырыс берушілер атынан сатып алуды жүзеге асыратын орталық сатып алу органы жоқ» [49, 19 б.].

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрамындағы Қазынашылық комитетінен басқа, мемлекеттік сатып алу саласындағы негізгі басқарушы органдар ретінде аталған министрлік құрамындағы Ішкі мемлекеттік аудит комитеті мен Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаментін, «Электрондық коммерция орталығы» АҚ және өңірлік деңгейдегі бірыңғай ұйымдастырушыларды атауға болады.

Қазақстанның Мемлекеттік сатып алу жүйесінде маңызды рөл атқаратын ұйымдардың үш санатын ажыратуға болады:

- 1) Қаржы министрлігі;

2) Бірыңғай операторлар;

3) Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындар.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің функциялары.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекет аумағындағы мемлекеттік сатып алуларды жүргізу саясатының негізін анықтайтын басты орган болып табылады. Құрамындағы екі комитет те Қаржы министрлігінің құрамына кіреді. Бюджеттік жоспарлаудың барлық мәселелерін, сондай-ақ жоспарлау ережелерін әзірлеуді Ұлттық экономика министрлігі жүргізеді.

Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу әдіснамасы департаменті болса министрлікке бекітілген әдістемелік функцияларды орындайды, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер жобаларын әзірлеу мен дайындауды жүргізеді және осы саладағы заңның мәтініне түсіндірмелер береді. Сонымен қатар, Қаржы министрлігі әлеуетті жеткізушілерге, БАҚ өкілдеріне және жалпы жұртшылыққа арналған брифингтер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізумен айналысады.

Бірыңғай операторлардың функциясы.

2014 жылы ҚР Үкіметі мемлекет бойынша бірыңғай ұйымдастырушылар институтын енгізді, орталық ұйымдастырушы ретінде - ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті болып табылады. Мұндай институционалдық инновацияның басты көздеген мақсаты сатып алуды орталықтандыру мен шоғырландыруды күшейту арқылы мемлекеттік сатып алуларды тиімді және нәтижелі ету болатын.

Бірыңғай ұйымдастырушы институты мемлекеттік сатып алуды кәсібилендіру, сатып алу талаптарының сапалы орындалуына қол жеткізу мен жүйедегі ашықтықты қамтамасыз ету мақсатын да көздеді. Бірыңғай ұйымдастырушы қатысқан кезде конкурстық комиссияға бірыңғай ұйымдастырушының сатып алу жөніндегі мамандары да, тапсырыс берушінің өкілдері де кіреді. Осы арқылы «өзара бақылау» қамтамасыз етіліп, сатып алу процесіне заңсыз араласу тәуекелдері төмендеуі тиіс болды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 17 бабына сәйкес: *«мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор:*

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталын, электрондық тауарлар каталогін дамытуды, қолдап отыруды және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

2) мемлекеттік сатып алу веб-порталын, электрондық тауарлар каталогін дамыту бойынша жобаларды басқаруды жүзеге асырады;

3) әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану бойынша ақылы негізде қызметтер көрсетеді. Әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалануы бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасын мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор уәкілетті органмен келісу бойынша белгілейді. Бұл ретте мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай

оператордың өкілеттіктерін жүзеге асыруға мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор шеккен шығындардың толық өтелуін қамтамасыз етуге тиіс;

4) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсетеді;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталында, электрондық тауарлар каталогінде орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталын ақпараттық толықтыруды жүзеге асырады.» [1].

Қазынашылық комитеті орталық мемлекеттік органдарға қатысты мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде әрекет етуде, алайда, оның құзыреті өте шектеулі. Комитетте шектеулі көлемде ғана мамандар қызмет атқарады (мөлшермен 40-қа жуық қызметкер), олардың міндеттеріне тапсырыс берушілерге конкурстық құжаттама мен техникалық сипаттамаларды құрастыруға, сатып алуды жүргізуге және электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы әлеуетті өнім берушілерді таңдауға көмектесу кіреді. Тапсырыс берушілерге қызмет көрсетуді оператор тегін атқарады, оның жұмысы толығымен республикалық бюджеті есебінен қаржыландырылады.

Мамандардың айтуынша өзге елдердің орталық сатып алу органдарымен салыстырғанда Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуларға жауапты комитетінің функциялары шектеулі, себебі ол негізінен конкурстық құжаттаманы құрастырумен ғана айналысады [49, 27 б.].

Орталық деңгейдегі мемлекеттік органдарға, әдетте, министрліктер мен оларға ведомстволық бағынысты комитеттер жатады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 4-бабының 1-тармағына сәйкес: *«мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде:*

- жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларын айқындайтын актілерді басып шығару;

- әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару және реттеу;

- мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі функцияларды мемлекет атынан жүзеге асыратын мемлекеттік билік ұйымы» [55].

Екіншісі, мемлекеттік кәсіпорын, оның қызметі «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңымен нақты реттелген [56].

Шет елдік тәжірибелерге келетін болсақ, ғалымдардың пікірінше АҚШ, Германия және Польша секілді мемлекеттердің сатып алу жүйелерінің

мемлекеттік реттеу мен басқару тәжірибелерін зерттеу өте маңызды, олардың бұл бағытта көп жылдық тәжірибесі бар, сонымен бірге елдерде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың тиімді әдістері қолданылады. Мемлекеттік сатып алу жүйесі халықаралық институттар мен аталған елдердің экономикаларында прогрессивті тауар алмасудың негізгі себепкері болды. АҚШ ұлттық заңнамасында шарттарды орындау кезінде тапсырыс беруші мен өнім жеткізуші арасындағы тең құқықтарды бекіту түріндегі ерекшеліктер бар, алайда, мұнымен қоса тапсырысты орындаушының оны орындаудан біржақты бас тарту құқығы бар екенін де байқаймыз. Мемлекеттік сатып алуды жеке жоспарлаудың американдық әдістері, сондай-ақ осы саладағы процестерді реттеуді жақсарту жолдары туралы ұсыныстар сұрау түріндегі қызықты тәжірибесі бар.

Сонымен бірге, мемлекеттік сатып алу қызметін ұйымдастырудағы сотқа жүгіну, яғни, тапсырыс берушінің немесе жеткізушінің іс-әрекеттеріне шағымдарды жедел қарау үшін жағдай жасау да маңызды екен атауда зерттеушілер. Бұған Германия тәжірибесі мысал бола алады, соттарда істі қарау жылдам және оңтайлы. Аталған елдің заңдарындағы ерекшелік – тапсырысты орындау туралы шешімнің күшін жою мемлекеттік бюджет қаражатын жұмсауды немесе мемлекет қажеттіліктері үшін сатып алуларды кешіктірген болып есептелмейді [57, 5 б.].

Сатып алу процесінде жеткізушіні таңдаудың қолданылатын механизмі бүкіл сатып алу процесінің тиімділігін анықтайтын іргелі фактор болып табылады. Тиімді таңдау механизмін пайдалану шығындарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ басқа да оң әсерлерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жеткізушілерді таңдауды ұйымдастырудың барлық елдердегі қалыптасқан принциптер жалпы алғанда бірдей деуге болады. Мысал ретінде Ұлыбританияның жергілікті өзін-өзі басқару органдарына арналған сатып алуды ұйымдастыру талаптарын айтуға болады, олар белгілі бір дәрежеде әлемдік тәжірибедегі мемлекеттік сатып алу тәсілдерінің жиынтығы деуге болады:

1) Мемлекеттік тапсырыс беруші мен өнім берушінің мүдделері арасындағы баланс сақталуы тиіс. Сатып алу процесінде мемлекеттік тапсырыс беруші немесе уәкілетті ұйым ықтимал жеткізушіні бағалау үшін жеткілікті ақпарат жинауы керек, бірақ ол тым артық немесе тікелей қатысы жоқ ақпарат болмауы тиіс.

2) Әлеуетті өнім берушілер басынан бастап олардан қандай ақпарат қажет екенін және қандай талаптарға сай болу керектігін білуі тиіс. Сатып алу процесі туралы барлық ақпарат дәл, қажетті және уақытылы болуы керек.

3) Барлық жеткізушілерге, оның ішінде тапсырыс берушінің өз күшімен жүзеге асырылатын жеткізілімдерге қойылатын талаптар бірдей болуы тиіс.

4) Болашақ жеткізілім мен оны жүзеге асырудың әртүрлі нұсқалары мүмкіндігінше көп қарастырылуы керек.

5) Сатып алу процесінің ашықтығы мен әділдігін көрсету үшін оның барлық кезеңдері бекітілген ережелерге сәйкес өтуі тиіс және оған әрдайым аудит (бақылау, тексеру) жүргізіліп отыруы қажет [58, 9-10 б.].

Сонымен, осы тарау барысында жүргізілген талдау нәтижесінде еліміздегі мемлекеттік сатып алу қызметін мемлекеттік реттеу мен басқару тәжірибесіне қатысты белгілі бір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылмаған модельге жатқызуға болады. Себебі, сатып алулар кезінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар өз сатып алуларын өздері реттейді.

Қазақстанның Мемлекеттік сатып алу жүйесінде маңызды рөл атқаратын ұйымдардың үш санатын ажыратуға болады:

- 1) Қаржы министрлігі;
- 2) Бірыңғай операторлар;
- 3) Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындар.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алу жүйесі мен мемлекеттік қаржысын басқарудың жалпы жүйесіне жұртшылықтың тиісті деңгейде араласуын ынталандыру үшін тиімді мүмкіндіктер жасауға тырысып келеді.

Алайда, ортақ жалпылама заңнаманың болуына қарамастан, Қазақстандағы сатып алу саласындағы нормативтер бірыңғай заңнамалық және нормативтік-құқықтық базамен реттелмейтіндігі мемлекеттің өзінің стратегиялық дамуы үшін мемлекеттік сатып алуларды тиімді қолдануына кедергі келтіруде. Қазақстандағы сатып алу көлемінің едәуір бөлігін «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын қоса алғанда, осыған ұқсас квазимемлекеттік сектор субъектілері басқарады және олардың заңнамалық және нормативтік негіздерінің бөлек болуы әр түрлі заңнама нормаларымен гетерогенді жағдайлар тудыруда. Аталғандармен қатар, мемлекеттік сатып алуды стратегиялық пайдалануды дамыту үшін Қазақстан өзінің мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кадрлық әлеуетін нығайтуға және бар мамандардың кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылуы тиіс.

1.4 Мемлекеттік сатып алу қағидаттары, сатып алуды жүзеге асыру тәртібі мен тәсілдері

Мемлекеттер өздерінің сатып алу жүйелерінің жұмысын құқықтық нысаны жағынан да, тәжірибеде қолдану тұрғысынан да жақсарту міндетін шешуге талпынып келеді. Р.Р. Нурееваның пікірінше: «осы тұрғыда алғанда мемлекеттік сатып алу жүйесін іске асыру қағидаттарын тұжырымдау мәселесі өте маңызды» [59, 55 б.]. О.В. Архалович атап өткендей: «мемлекеттік сатып алу жүйесін іске асыру қағидаттары деп - мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының мәнін білдіретін, жұмыс істеуін айқындайтын негізгі ұстанымдар мен басшылыққа алынатын идеялар түсініледі» [60, 126 б.].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда бекітілген негізгі қағидаттарға сүйенеді. Заңның 4-бабына сәйкес: *«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:*

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің, оның ішінде өнім берушілердің коммерциялық құпияға заңды құқықтары сақтала отырып (мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін), ашықтығы мен айқындығы;

5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;

б) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

8) инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

9) сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау қағидаттарына негізделеді» [1].

Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаты. Мемлекеттік сатып алулар үшін үнемдеу экономикалық тиімділіктің синонимі болып табылады және қаражатты жұмсау үшін ең тиімдісін таңдауды болжайды. Қағидат сатып алулар кезінде бағалардың ақылға қонымды болуын және сатып алу мақсатына жетуді қамтамасыз ету үшін бюджет қаражатын тиімді жұмсаудың қажеттілігін көрсетеді. Процеске қатысы бар немесе бюджет қаржысын жұмсауға тікелей жауапты кез келген тұлға сатып алынатын өнімнің техникалық сипаттамаларының сәйкес келмеуі, бағасының негізсіз жоғары ұсынылуы, сатып алуға қатысушылардың сөз байласуы немесе басқа да құқыққа қайшы әрекеттер нәтижесінде туындауы мүмкін алаяқтықтың, мемлекеттік ресурстарды ысырап етудің немесе теріс пайдаланудың алдын алуға шара қолдануы тиіс.

Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидаты. Бұл қағида тікелей сатып алу процесіне де, оның барлық қатысушыларына да қатысты. Сатып алуға қатысушылар мемлекеттік тапсырыс беруші ресми тарататын кез келген ақпаратқа тең жағдайда қол жеткізіп, сатып алу конкурстары кезінде бірдей мүмкіндіктерге ие болуы тиіс. Үміткерлер қолданыстағы талаптарды нақты түсініп, олардың қалай бағаланатынын білуі керек және бағалау мен іріктеу критерийлері конкурстық құжаттамада нақты

көрсетілуі тиіс. Егер өзгеріс қажет болса, конкурстық құжаттамаға түзетулер енгізу, жариялау және сатып алу процесінің басқа да өзгерістері туралы ақпарат барлық әлеуетті қатысушылар үшін тең қолжетімділікте болуы тиіс.

Әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу қағидаты. Мемлекеттік сатып алу процесін қандай да бір ұйымның немесе жеке тұлғаның мүддесі үшін бұрмалауға жол берілмейді. Мемлекеттік сатып алулар мемлекет бюджеті есебінен қаржыландырылатындығын ескере отырып, барлық жарамды ұйымдар мен жеке тұлғалар процеске тең құқықтармен қатыса алуы керек. Ұлттық заңнамада бәсекеге қабілетті бағамен келісімшарт жасау мүмкіндігін арттыру үшін нарық субъектілерінің мүмкіндігінше көп қатысуын қамтамасыз ету көзделген.

Дегенмен, осы қағидаттың болуына қарамастан, жекелеген келісімшарттар мемлекеттік сатып алудың жеделдігі талаптарына немесе нарық ерекшеліктеріне байланысты бәсекелестік заңдылығын ескермеуі мүмкін. Ондай ерекшеліктер негізгі заңда қатаң реттеліп отырады және кейінгі кездерде қабылданған реформалар олардың көлемін азайтуға бағытталып келе жатқаны белгілі.

Жалпы, сатып алудың бәсекеге қабілетсіз әдістерін қолдану белгілі бір жағдайларда негізделген болса да, оны азайту амалдарын қарастыру өте маңызды. Қолданыстағы заңнамада қарастырылған бәсекелестікке жатпайтын сатып алу әдістеріне: баға ұсыныстарын сұрату (Заңның 6-шы таруы) және бір көзден сатып алуларды (Заңның 7-ші таруы) жатқызуға болады [1]. Осы бәсекеге қабілетсіз сатып алу әдістерінің әрқайсысының қажеттілігі мен мақсаты бар әрине, дегенмен, жоғарыда атап өткендей, оларды қолдану шектеулі болуы керек.

Қабылданып жатқан жаңа заңның да бір бағыты дәл осы бәсекелестікті арттыруға бағытталған. Республика бойынша бірыңғай платформаға көшу заңнамалық тұрғыда белгіленді. Бірінші кезеңде ағымдағы сатып алу алаңдары сақталады және сатып алу бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты жинау және көрсету үшін интеграция жүргізіледі, ал келешекте барлық сатып алулар тек бір платформада жүргізілетін болады [61].

Мемлекеттік сатып алу процесінің, оның ішінде өнім берушілердің коммерциялық құпияға заңды құқықтары сақтала отырып (мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін), ашықтығы мен айқындығы қағидаты. Мемлекеттік сатып алу процесі туралы ақпарат егер белгілі бір ақпараттың құпиялылығын сақтауға нақты заңды негіз болмаса мемлекеттік сатып алудың барлық мүдделі тараптарына қол жетімді болуы керек. Құпия ақпараттардың қатарына ұсыныстарды сұрау процесіне қатысатын компания немесе жеке тұлғаларға тиесілі қызметтік ақпараттар, сондай-ақ кейбір әскери және мемлекеттік қорғанысқа қатысты ақпараттар жатқызылады.

Мемлекеттік сатып алу туралы ақпарат электронды түрде орналастырылған кезде, хабарландыру мүдделі мердігерлерге, жеткізушілерге және қызмет көрсетушілерге олардың конкурсқа қатысуға құқығы бар-жоғын

анықтауға мүмкіндік беретін жеткілікті мәліметтерді қамтуы тиіс. Конкурстық құжаттама ақысыз негізде қол жетімді болып, конкурстық құжаттамамен танысқаннан кейін мүдделі өндірушілер мен жеткізушілер сатып алудың барлық маңызды шарттарын нақты анықтай алатындай мүмкіндігі болуы керек.

Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету қағидаты. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген отандық өндірушілерді қолдау шаралары қуатты отандық өндірістерді құру саясатының негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Дұрыс пайдаланған жағдайда мұндай қолдау ұлттық экономиканы дамытудың әсерлі шарасы бола алады.

Еліміздің мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес отандық өндірушіге берілетін бірқатар артықшылықтар қарастырылған, мысалы:

- ұсыныстар бойынша шартты бағалары тең болған кезде отандық тауар өндіруші жеңімпаз болып танылады;

- конкурс немесе электрондық сатып алуды ұйымдастырмай отандық тауар өндірушілерден мемлекеттік қорғаныс тапсырысының құрамына кіретін әскери және қосарлы мақсатта қолданылатын сатып алулар қарастырылған.

Қазақстан мұндай шараларды әр реформа сайын арттырып келеді. Соңғы өзгерістердің бірі 2024 жылғы 14 сәуірдегі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына [32] енгізілген түзетулер болды, онда отандық өндірушілерге берілетін артықшылықтар мыналармен толықты:

- отандық өнім берушіге 30% аванс төлеу міндетті;

- отандық өнім берушіні шартты орындауды қамтамасыз ету шараларының барлық түрлерінен босату;

- отандық өндірушілерге шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) шарт сомасының 10% - дан 3% - ға дейін төмендету.

Бұдан басқа, квазимемлекеттік сектордың сатып алуларына бір көзден сатып алу тәсілімен офтейк-келісімшарттар жасасу, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық өндірушілерден басым сатып алу жөніндегі ережелер енгізілді [62].

Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаты. Мемлекеттік сатып алу кезіндегі жауапкершілігі қағидаты сатып алу процесіне қатысатын әрбір тараптың мемлекеттік сатып алу процесіне қатысты өз әрекеттері мен шешімдері үшін жауапты екенін білдіреді. Мемлекеттік сатып алуларда ашықтық, бәсекелестік және рәсімдердің тиімділігі қағидаттарын бұзудың әртүрлі түрлері туындауы мүмкін. Мұндай әкімшілік немесе қылмыстық санатқа жататын құқықбұзушылықтар сыбайлас жемқорлықтың өсуі, мемлекеттік ресурстарды заңсыз пайдалану, бәсекелестікті шектеу түріндегі ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 43 бабының 13-ші тармағына сәйкес: *«мемлекеттік сатып алу туралы шартта онда көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны, не тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) көзделуі тиіс»* екені айқындалған [1].

Тұрақсыздық айыбы мөлшері азаматтық заңнамада бекітілген тәртіппен айқындалады. ҚР Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес: «*борышкер міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, атап айтқанда, орындау мерзімі өткен жағдайда кредиторға төлеуге міндетті заңнамада немесе шартта айқындалған ақшалай сома тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) деп танылады*». Оны төлету талабы бойынша кредитор оған келтірілген шығынды дәлелдеуге міндетті емес, Азаматтық кодексінің 296-бабында: «*тұрақсыздық айыбының мөлшері нақты ақшалай сомада немесе орындалмаған, не тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасына пайызбен анықталады*» деп белгіленген [63].

Жосықсыз орындаушылар тізіміне қосылған өнімберуші сол туралы шешім шығарылған уақыттан бастап 24 ай бойы мемлекеттік сатып алуларға қатыса алмайды.

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу қағидаты. Сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері - бұл қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттерін пайдалана отырып, қасақана құқыққа қайшы іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін жеке пайда алуға бағытталған айрықша белгісі бар құқық бұзушылықтардың жекелеген тобы. Мұндай қағидаттың болуы мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін ұлттық заңнаманың сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресуге және оның алдын алуға тікелей бағытталғандығын көрсетеді.

Қазақстан мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды белсенді түрде жүргізіп келеді, реформалар тек мемлекеттік басқару саласы немесе квазимемлекеттік секторға ғана емес, сонымен қатар жеке бизнеске де бағытталған. Мәселе бүгінгі күнде де еліміз үшін өзектілігін жоймай келеді.

Жүргізілген көптеген зерттеулер әлемдегі бірде-бір елдің мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитеті жоқ екенін растайды. П. Трептенің пікірінше сыбайлас жемқорлық көптеген мемлекеттер үшін үлкен мәселеге айналған, ал мұндай мінез-құлқын тудыратын факторлардың ішінде қызметшілердің төмен жалақысы мен мемлекеттік ұйымдардың басқару құрылымындағы кемшіліктері негізгілер болып отыр [64, 74-77 б.].

М.В. Шмелеваның пікірінше де: «әлемде бірде-бір мемлекет мемлекеттік сатып алудағы сыбайлас жемқорлық көріністерін толығымен жоя алмады, бірақ бұл оны азайту шаралары тиімсіз дегенді білдірмейді. Қазіргі уақытта бақылаушы органдардың негізгі күш-жігері сыбайлас жемқорлық пен басқа да бұзушылықтардың, атап айтқанда мүдделер қақтығысының алдын алуға және мемлекеттік сатып алу саласында жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың салдарын жоюға бағытталған» [65, 10 б.].

Инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаты. Соңғы жылдары еліміздегі мемлекеттік ұйымдардың инновациялық өнімдерді, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу міндеттілігі белсенді және кеңінен

талқылануда. Кепілдендірілген инновациялық сатып алулар елдің инновациялық дамуы үшін оң әсер беретіні сөзсіз. Бұл ретте инновациялық сатып алулар осы процестердің барлық қатысушылары үшін тиімді болып табылатынын ескеру қажет. Инновациялық өнімдерді, жабдықтар мен технологияларды сатып алатын ұйымдар өз қызметінің тиімділігін, оның ішінде мысалы еңбек өнімділігін арттыра алады. Ал инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды сатушылар табысқа және тұрақты нарыққа ие болады.

Сондықтан да, бұл қағидаттың бұлжытпай сақталуы ел экономикасы үшін жағымды әсер беру мүмкіндігі жоғары.

Әлемдік тәжірибек көрсеткендей, мемлекеттердің барлығы дерлік өздерінің мемлекеттік сатып алуларында мұндай қағиданы енгізіп, оны негізгі бағыт ретінде ұстануға тырысады. Мұндай тенденция әлемдік тәжірибеде жаңа емес. Инновациялық өнімдерді мемлекеттік сатып алу механизмі ХХ ғасырдағы АҚШ саясатының негізгі құралына айналып, «Кремний алқабының серпілісіне» себепкер болғаны белгілі [66, 13 б.].

Сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау қағидаты. Қазақстан Республикасының заңнамасы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың регламенттелуін қамтамасыз етеді, олардың өмір сүруіне, іс жүзінде іске асырылуына кепілдік береді, заңда белгіленген жағдайларда оларды қорғау тетіктеріне бастамашылық жасау мүмкіндігін белгілейді.

Мемлекеттің зияткерлік меншік құқығын қорғауға деген көзқарасы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, Қазақстанда бұл сала белсенді дамып келеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде зияткерлік меншік құқығы келесідей топтарға бөлініп қарастырылған: авторлық құқық, сабақтас құқықтар, өнертабыстарға құқықтар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктерге құқықтар, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтар, құпия ақпаратты қорғауға құқықтар, азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарлар мен қызметтерді дараландыру құралдарына құқықтар [63].

Мемлекеттік алуды жүзеге асыру тәртібі мен тәсілдері. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 2-бабында берілген анықтауға сәйкес: *«мемлекеттік сатып алу бұл – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызметтер көрсетуге байланысты халықаралық әуежайлардың кірістерін қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша және (немесе) меншікті кірістері есебінен сатып алуы»* [1].

Бір қарағанда мемлекеттік сатып алулар қарапайым сатып алулардан өзгеше болып көрінбеуі мүмкін. Алайда, мемлекеттік сатып алуларды жүргізу тәртібінен көрінетін өзіне тән ерекшеліктері бар:

- сатып алу міндеттемесі. Мемлекеттік сатып алу - мемлекеттік ұйымның өз қалауы бойынша емес, оның заңда белгіленген белгілі бір функционалдық міндеттерді орындауына байланысты жасалатын сатып алу;

- сатып алудың қоғамдық қажеттілігі. Мемлекеттік ұйымның сатып алуларын мемлекеттегі ішкі объективті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жүзеге асырылатын сатып алулар ретінде қарастырған жөн;

- сатып алудың орындылығы. Мемлекеттік сатып алу кезінде сатып алынатындардың барлығы тек мемлекеттік ұйымның жұмыс істеуі үшін қажет заттар мен қызметтер болуы тиіс. Мемлекет пен қоғам қажетсіз немесе мемлекетке қауіп төндіретін сатып алуларға жол бермейді;

- сатып алудың сандық пропорционалдылығы. Мемлекеттік ұйым сатып алуларды бекітілген нормалар мен нормативтер негізінде жүзеге асырады, сондықтан сатып алудың сандық мөлшері жеке жағдайға қарағанда төмен және нақты болып келеді [67, 230 б.].

Мемлекеттік сатып алу процесі:

1) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) әзірлеуді және бекітуді;

2) өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтиды [1].

Қазақстанда сатып алуды жүзеге асырудың нақты бір тәсілін қолдану міндеттілігі жоқ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң тапсырыс беруші ұйымдарға бірқатар талаптарды сақтай отырып, сатып алу тәсілін таңдау құқығын береді [1]. Алайда, 2018 жылғы 26 желтоқсандағы түзетулерге [68] сәйкес Қаржы министрлігі белгілі бір тауарларға, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға қатысты сатып алудың міндетті тәсілін айқындауға құқылы.

Мемлекеттік сатып алу тәсілдері:

1. Конкурс - біліктілік кезеңі мен іріктеу кезеңі бар стандартты бәсекелестік жағдайындағы сатып алулардың тәсілі.

Мемлекеттік сатып алулардағы конкурс тәсілі - бұл жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету немесе тауарларды мемлекеттік қаражатқа жеткізу үшін жеткізушіні таңдау тәсілдерінің бірі.

Бұл ашық процедура, онда мемлекеттік тапсырыс беруші әртүрлі қатысушылардың (сатып алуға қатысушылардың) ұсыныстарын қарастырады және бағалайды және белгіленген критерийлерге сәйкес ең жақсысын таңдайды.

Конкурстың негізгі ерекшеліктері:

- барлық рәсім нақты белгіленген ережелер негізінде жүзеге асырылады;

- қатысушылар тең жағдайда бәсекелеседі;

Бағалау критерийлері: жеңімпаз тек баға бойынша ғана емес, сонымен қатар ұсыныстардың сапасы, орындалу мерзімі, қатысушылардың біліктілігі және құжаттамада белгіленген басқа факторлар бойынша да анықталады.

Өткізу кезеңдері:

1. Конкурс туралы хабарландыру: сатып алу туралы ақпарат, қатысу шарттары мен талаптары жарияланады.

2. Өтінімдерді қабылдау: қатысушылар өз ұсыныстарын береді.

3. Қарау және бағалау: өтінімдер сәйкестікке талданады.

4. Жеңімпаздың анықтамасы: ұсынысы тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін қатысушы таңдалады [1].

2. Аукцион. Мемлекеттік сатып алулардағы аукцион - бұл тапсырыс беруші бағаға баса назар аудара отырып, конкурстық ұсыныс негізінде өнім берушіні, мердігерді немесе орындаушыны таңдайтын рәсім. Аукцион барысында қатысушылар өз өтінімдерін береді және жеңімпаз барлық талаптарды қанағаттандыра отырып, ең төменгі бағаны ұсынатын тұлға болады.

Аукционның негізгі ерекшеліктері:

1. Ашықтық және қол жетімділік: аукцион ашық платформада, электронды түрде өткізіледі, бұл барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

2. Ұсыныстарды бағалау: баға ғана емес, сонымен қатар басқа критерийлер (мысалы, сапа немесе мерзімдер) маңызды болатын конкурстан айырмашылығы, аукционда баға басты критерий болып табылады. Алайда құжаттамада жазылған қосымша шарттар да ескерілуі мүмкін.

3. Өткізу процесі:

- аукцион туралы хабарландыру: сатып алу туралы ақпарат ресми алаңдарда (мысалы, мемлекеттік сатып алу жүйесінде) орналастырылады;

- өтінімдерді дайындау және беру: қатысушылар бағаны және шарттармен келісімді көрсете отырып, өз өтінімдерін береді;

- аукцион кезеңі: нақты уақыт режимінде қатысушылар аукцион барысында өз ұсыныстарының бағасын төмендете алады. Бұл электронды платформа арқылы орын алуы мүмкін, бұл процесті мүмкіндігінше ашық етеді.

- жеңімпаздың анықтамасы: барлық басқа талаптар орындалған кезде баға ұсынысы ең төмен болып табылатын қатысушы жеңеді [1].

3. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен және электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу.

Баға ұсыныстарын сұрау - бұл тапсырыс беруші қатысушылардан жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге немесе тауарларды жеткізуге баға туралы ұсыныс сұрайтын мемлекеттік сатып алуды өткізу тәсілдерінің бірі. Бұл әдіс конкурстар немесе аукциондар сияқты күрделі процедураларды қажет етпейтін және құны төмен сатып алуларға тән сатып алулар үшін қолданылады.

Баға ұсыныстарын сұратудың негізгі мақсаты - тапсырыс беруші үшін ең тиімді ұсынысты таңдау үшін бағаны көрсете отырып, бірнеше жеткізушілерден ұсыныстар алу. Сатып алудың бұл әдісі аукцион немесе конкурс сияқты күрделі процедураларды немесе ресми қадамдарды қажет етпейді. Процесс әдетте сатып алудың басқа әдістеріне қарағанда оңайырақ және жылдамырақ.

Тапсырыс беруші негізгі талаптар (сатып алу мәні, жеткізу шарттары және т.б.), сондай-ақ ұсыныстарды беру мерзімдері көрсетілген сатып алу

туралы ақпаратты орналастырады. Ұсыныстарды дайындау және ұсыну: келісімшартқа қызығушылық танытқан қатысушылар баға ұсыныстарын ұсынады, онда баға және сатып алудың басқа мүмкін шарттары туралы ақпарат бар.

Ұсыныстарды бағалау: тапсырыс беруші ұсынылған ұсыныстарды талдайды және ұсынысы ең тиімді жеткізушіні таңдайды, ал баға негізгі (бірақ әрқашан жалғыз емес) таңдау критерийі болуы мүмкін.

Жеңімпазды таңдау критерийлері: көп жағдайда ең төменгі бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз болады, бірақ орындау мерзімі, сапасы немесе Орындаушының тәжірибесі сияқты басқа факторлар да ескерілуі мүмкін.

Артықшылықтары: жылдамдық пен қарапайымдылық, баға ұсыныстарын сұрау аукциондарға немесе конкурстарға қарағанда сатып алуды жүргізудің жылдам әрі күрделі әдісі болып табылады. Жеңімпазды баға бойынша ғана емес, әртүрлі критерийлер бойынша таңдауға болады, бұл жеткізушіні таңдауға икемді болуға мүмкіндік береді [1].

4. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу. Бір көзден сатып алу - бұл тапсырыс беруші тауарды, жұмысты немесе қызметті бәсекелестік рәсімдерсіз (мысалы, аукцион немесе конкурс) сатып алуды жүзеге асыратын рәсім.

Бұл әдіс стандартты ережелер бойынша ашық сатып алу мүмкін емес немесе орынсыз болған ерекше жағдайларда қолданылады.

Бір көзден сатып алудың негізгі ерекшеліктері: бір көзден сатып алу тапсырыс беруші белгілі бір жеткізушіні, мердігерді немесе орындаушыны басқа қатысушылармен сауда-саттықты немесе бәсекелестікті қажет етпей таңдайды деп болжайды.

Қолдану негіздері: Мемлекеттік сатып алу саласындағы келісімшарттық жүйе туралы заңнама бір көзден сатып алу әдісін қолдануға болатын нақты негіздерді көрсетеді. Бұл негіздер қатаң реттеледі және мыналарды қамтиды: Мысалы, егер тауарды немесе қызметті тек бір ұйым ұсына алса (мысалы, бірегей жұмыстар немесе патенттер).

Шұғыл сатып алу қажеттілігі: мысалы, форс - мажор немесе төтенше жағдай кезінде, бәсекелестік процедураларды жүргізу мүмкін болмаған кезде. Егер нарыққа қатысушылар шектеулі болса, мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алу: мысалы, егер тауарды сатып алу лицензиялар шеңберінде жүзеге асырылса немесе бәсекелестік заңдармен шектелген жағдайларда. Басқа жеткізушілерді пайдалану мүмкін болмаған кезде монополия субъектілерінің қажеттіліктері, инфрақұрылым және т.б. үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге келісімшарттар жасасу.

Рәсім: бәсекелестіктің жоқтығына қарамастан, тапсырыс беруші сауда-саттықсыз жеткізушіні таңдау қажеттілігін негіздейтін құжаттаманы дайындауға және орналастыруға міндетті. Бұл нақты ұйымның неліктен таңдалғаны және ашық сауда-саттықты неге өткізуге болмайтындығы туралы мәліметтерді қамтуы мүмкін. Таңдаудың негіздемесі: жеткізушінің таңдауы

заңнама тұрғысынан негізделуі маңызды және Тапсырыс беруші басқа ықтимал мүшелер емес, нақты жеткізуші неге таңдалғанын түсіндіруі керек [1].

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗАСЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1 Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезіндегі кейбір мәселелер

Зерттеудің екінші бөлімінде мемлекет қажеттіліктері үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды реттейтін қолданыстағы заңнаманың негізгі мәселелеріне талдау жасалынды. Бұл ретте тапсырысты орналастыру рәсімдерін реттейтін нормативтер, сондай-ақ келісімшартты орындау процесінде тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын қатынастарды реттейтін заңнама да зерттеледі. Аталғандармен қатар, қолданыстағы заңнамадағы мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне әсер ететін негізгі ережелердегі олқылықтар мен нормалар арасындағы қайшылықтар талқыланады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға байланысты сатып алуды ұйымдастыру мәселелерін талдауға арналған әдебиеттердің көпшілігі өзектілігін жылдам жоғалтуда. Сонымен қатар, көптеген жұмыстар теориялық сипатқа ие, ал мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу саласы тәжірибедегі мәселелерді талдаусыз мүмкін емес екенін атап өткен жөн.

Қазақстандық заң ғылымында мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу, мемлекеттік сатып алу саласындағы нормаларды іс жүзінде қолдану мәселелеріне бірнеше диссертациялық жұмыстар арналған. Мысалы, В.В. Теннің диссертациялық зерттеу жұмысында мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін мемлекетішілік актілерге егжей-тегжейлі талдау жүргізілген, сонымен қатар шет елдердің және Қазақстан Республикасының заңнамасына салыстырмалы түрде зерттеу жүргізілген А.М. Бегжанның да диссертациялық зерттеу жұмысын атауға болады.

Сондай-ақ, осы тарауда жүргізілген зерттеу барысында отандық және шет елдік заңгер ғалымдардың ғылыми мақалалар түрінде жарияланған зерттеулерінің нәтижелері пайдаланылды.

Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесі заңнамалық деңгейде елеулі өзгерістерге ұшырауда. Мұндай процесс бір жағынан мемлекеттің сатып алу жүйесін реформалауға деген ұмтылысын көрсетсе, екінші жағынан, сатып алуларға қатысушылар үшін жаңа заңнамалық талаптарға әрдайым бейімделіп отыру түріндегі қиындықтар тудыруда. Жүйені оңтайландыруға байланысты талпыныстар жүйенің әлеуетін толық пайдалануға және бюджеттің тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге көмектеседі. Бір көзден алу тәсілімен сатып алулардың тым көп өткізілуі және нарықтық конъюнктураға назар аудармау сатып алу институтының тиімділігін арттыру жолындағы кедергілер болып отыр.

Біз осы зерттеу барысында еліміздің мемлекеттік сатып алу саласын заңнамалық реттеудің мәселелерін жан-жақты талдауға және саланың барлық бағыттарындағы мәселелі сұрақтарын қамтуға тырыстық. Кейбір мәселелерге ерекше назардың қажет болуына байланысты олар жеке тарау ретінде бөлек қарастырылды. **Сонымен, саладағы мәселелерді келесі бағыттар бойынша бөліп талдауды жөн көрдік:**

1. Мемлекеттік сатып алу процесіндегі мәселелер.
2. Мемлекеттік сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеумен қатысты заңнаманы жетілдіру мәселелері.
3. Денсаулық сақтау және құрылыс салаларындағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің мәселелері.
4. Мемлекеттік сатып алуды тиімді және ашық өткізуді заңнамалық қамтамасыз етудің мәселелері.
5. Отандық мемлекеттік сатып алу жүйесіне «Тұрақты мемлекеттік сатып алудың» аспектілерін енгізу үшін қажет заңнаманы жетілдірудің мәселелері.
6. «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері.
7. Электрондық сатып алу жүйесін реттеудегі мәселелер.
8. Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейту мәселесі.
9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарының және өнім берушілер алдындағы қаржылай міндеттемелердің орындалуын бақылаудың мәселелі сұрақтары.
10. Мемлекеттік сатып алу қызметін дербес кәсіп ретінде тану және саланы тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз ету мәселелері.

Жоғарыда аталғандардың ішіндегі жеке тарау ретінде бөлек қарастырылмаған мәселелер осы тарау барысында талданды.

Мемлекеттік сатып алу процесіндегі мәселелер. Мемлекеттік сатып алудың ұлттық жүйесіндегі негізгі мәселелердің туындауына себепкер сатып алулар кезіндегі бір көзден сатып алуды кеңінен қолдану және сатып алу процедураларында бәсекелестіктің төмен деңгейі болып отыр. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу конкурсыз, тікелей шарт жасасу арқылы сатып алуды көздейді, оның барысында тек жекелеген кезеңдер веб-портал арқылы жүзеге асырылады. Әрбір реформа сайын мемлекет мұндай сатып алу тәсілін қолдану арқылы жүргізілетін сатып алулар санын азайтуға тырысып келеді.

2022 жылы мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемі 5,9 трлн теңгені құраса, 2023 жылы ол 6,1 трлн теңгеге дейін өскен. Алайда, осы сомадан шамамен 1,3 трлн теңге бір көзден сатып алу тәсілімен жасалған, бұл мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемнің шамамен 20%-ын құрайды. Қаржы министрлігінің деректеріне сәйкес бір көзден сатып алулардың үлесі жыл сайын жоспарлы түрде азайтылып келеді. 2021 жылы бұл үлес жалпы мемлекеттік

сатып алулардың 39%-ын құраса, 2022 жылы 25%-ды, ал 2023 жылы 21%-ға төмендеген [69].

Байқап отырғанмыздай жыл сайын бір көзден сатып алулардың саны азайып келеді және мұны оң үрдіс ретінде бағалауға болады. Дегенмен, ерекше тәсілді қажет ететін бәсекеге қабілетсіз сатып алуларды мүлдем алып тастау бүгінгі күнге мүмкін емес нәрсе екенін де түсінген жөн. Себебі, жекелеген келісімшарттар мемлекеттік сатып алудың жеделдігі талаптарына немесе нарық ерекшеліктеріне байланысты бәсекелестік заңдылығын ескере алмайды. Мемлекетте тікелей шарт жасасу пайдаланылатын осындай сатып алулардың тізбесі бар. Бұған табиғи монополиялар, төтенше жағдайлар субъектілерінің сатып алулары, зияткерлік меншікті сатып алу және басқа да нақты сатып алулар түрлері кіреді.

2025 жылдың басынан қолданысқа енгізілетін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң аясында да бір көзден сатып алулардың санын қысқарту қарастырылған. Егер қолданыстағы заңда мұндай сатып алулар үшін 46 негіз қарастырылған болса, жаңа заңда олардың саны 43-ке дейін қысқартылған [31].

Отандық ғалымдардың пікірінше «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға 2021 жылдың 15 қарашасында енгізілген өзгерістердің [70] нәтижесінде пайда болған жаңашылдықтардың тәжірибеде жүзеге асырылуы да жекелеген мәселелер тудыруда. Мәселен, негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурсты сатып алудың жаңа тәсілі енгізілген болатын. Сатып алудың бұл түрі үлгілік техникалық стандартты көздейтін және жиі сатып алынатын тауарлар бойынша ғана қолданылады [71].

Ф.Г. Ибрагимованың пікірінше: «осы 2021 жылы енгізілген өзгерістерді тәжірибеде қолдану барысында анықталған тағы бір мәселе – мемлекеттік сатып алу порталында мемлекеттік сатып алу жоспарын орналастыру және сатып алуды өткізу тәсілін таңдау кезінде негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып өткізуге болатын конкурс түрінің жоқтығы. Яғни, ондай конкурс түрін таңдау мүмкіндігі порталда қарастырылмаған» [72, 20 б.].

Саланы зерттеуші кейбір авторлардың пікірінше: «бұл өзгерген талап та іс жүзінде біраз қиындықтар тудырып отыр. Мәселен, тауарлар мен қызметтерді орындаушы жалғыз, бәсекелестер өңірден табылмайтын кездер болады, ал өзге өңірлерден тапсырысты орындаушылармен қызметтерді орындамау және мерзімдерді сақтамаумен байланысты қиындықтарды тудыратыны жиі кездеседі. Қиындықтар әсіресе жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің орындалуында болып отыр» [73, 79 б.].

Тағы бір мемлекеттік сатып алу жүйесінде әртүрлі қарама-қайшы пікірлер тудыратын өзекті сұрақ - квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары болып отыр. Квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін сатып алулар олардың тиесілігіне қарай бірнеше нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Нақтырақ айтқанда мұндай тәжірибе «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да және оның барлық еншілес компанияларында бар. Директорлар кеңесі сатып алуды жүзеге асыру тәртібін қабылдай отырып, оларды бекіту алдында уәкілетті органның келісімін алады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы заңымен [2] және «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен [74] бекітілген ережелермен регламенттелген. Бұл қалыптасқан жағдай бір ұйымдық-құқықтық нысанда бола отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінен сатып алу рәсімдерін реттеу тәртібі әртүрлі екенін көрсетеді. Әрине, осы субъектілердің сатып алуларына қатысты 2018 жылғы нормативтен қарағанда осы 2021 жылғы осы мәселені шешуге тырысқаны белгілі, дегенмен мәселе түбімен жойылмаған. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларындағы айырмашылықтар әлі де жеткілікті.

В.В. Тен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын түбегейлі, нақты бір міндеттері жоқ ұйым деп есептейді. Оның пікірінше квазимемлекеттік сектор субъектілерінің барлығы коммерциялық ұйымдар болып табылады және жеке кәсіпкерлік субъектілері сияқты азаматтық айналымға қатысушылар ретінде тең шарттарда әрекет етулері тиіс [75, 230 б.].

Қоғамдық мәселелерді талдау орталығының директоры М.М. Махмутованың пікірінше Қазақстан экономикасына қауіп мемлекеттік сатып алу жүйесінің өзі емес, ондағы бірегей талаптардың болмауы болып отыр. Маманның пікірінше мұндай сын-қатерлерден арылудың басты амалы ол осы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры секілді кейбір квазимемлекеттік сектор өкілдерін мемлекеттік сатып алу жүйесінен шығару болып табылады [76].

Осы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібін қайта қарау қажеттілігіне байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 48-VII Заңы [77] қабылданды. Жаңа өзгерістің реттеу сұрақтары келесілер болды:

- 1) сектордың барлық түрлері үшін сатып алудың бірыңғай нұсқаулығын әзірлеу және қабылдау;
- 2) квазимемлекеттік секторда сатып алу заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық сипаттағы жауапкершілікті енгізу;
- 3) квазимемлекеттік секторда сатып алуды өткізудің электрондық форматын енгізу;
- 4) сатып алу желісі бойынша квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану және оларды мемлекеттік қызметшілерге теңестіру.

Осы өзгеріспен туындап келген мәселелердің бір бөлігі шешімін тапқаны рас, алайда, әлі де белгілі бір бағыттар бойынша нормативтерді жетілдіру қажет деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға келесідей түзетулер қажет деп санаймыз:

1. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемін азайтуға қажет заңнаманы жетілдіру әрекеттері жалғасуы тиіс деп санаймыз. Аталған тәсілмен сатып алуды жүзеге асыру өлшемшарттарын қайта қарау және ерекшеліктер тізбесін қысқарту сатып алулар кезіндегі бәсекелестіктің жоғарылауына әкелуі тиіс. Нарықты зерттеу және техникалық сипаттамаларды құрастырудың сапасын жақсартуға көмегін тигізетін шаралар өткізілмеді деп танылған мемлекеттік сатып алулар көлемін азайтып, бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін тиімді болуы мүмкін.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларын реттеудегі мәселелер шешімін табуы тиіс. Ондай мәселелердің қатарына:

- аталған субъектілер үшін тиісті бақылаудың болмауын;
- осы саладағы бұзушылықтарға сәйкес келетін жауапкершіліктің төмен болуын;
- бірыңғай ақпараттық-талдамалық платформаның болмауын;
- реттеудің әкімшілік тәсілдерінің басым болуын;
- кәсіпкерлер үшін дауларды шешудің ауыртпалығын;
- сатып алулар кезіндегі ашықтықтың жеткіліксіз деңгейін жатқызамыз.

Ұсыныстар:

1-ші ұсыныс – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің шеңберін қайтадан пысықтау қажет:

- квазимемлекеттік сектор бөлігінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің шеңберін ұйымдар басшыларының орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер басшыларына, бухгалтерге, заңгерлерге және сатып алулармен, материалдық-қаржылық ресурстармен байланысты өзге де тұлғаларға дейін кеңейтілгені белгілі. Алайда, аталған тұлғалардың кейбіреулері ақылы қызмет көрсету туралы шарт негізінде қызметті жүзеге асыра алатынын және осындай ұйымдардың тікелей қызметкерлері болып табылмайтынын ескеру қажет, осыған байланысты бұл субъектілердің жауапкершілігі бөлігінде нақтылаулар қажет болады. Мысалы, мұндай субъектінің әрекеттері үшін оның тікелей басшысы болып табылатын ұйым қызметкері немесе онымен ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасқан басшысы болуы мүмкін деп санаймыз.

2-ші ұсыныс – сатып алу саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды арттыру қажет:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды арттыру үшін осы салада тексеру және бақылау жөніндегі өкілеттіктері бар ішкі бақылау қызметтерін құру ұсынылады және олардың толыққанды қызметі үшін осы қызметтер туралы тиісті ережелер, сатып алу саласында бақылауды жүзеге асырудың мемлекет бойынша бірыңғай қағидалары әзірленуі қажет. Сондай-ақ,

ішкі аудит қызметтері аталған холдингтердің құрамына кірмеуі тиіс және оларға тек сенімгерлік жауапкершілік жүктелуі қажет және аудит Директорлар кеңесінің мүшелеріне ғана есеп беруі тиіс деп есептейміз;

3-ші ұсыныс – сатып алу саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің осы қызметпен айналысатын жұмысшыларының жауапкершілігін арттыру шарасы:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің корпоративтік стандарттарының ережелерін олардың қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерінен нақты ажырату орынды болады деп санаймыз, әсіресе сатып алулар бөлігіндегі міндеттерде нақтылық қажет.

3. Заңнаманың негіздемелік келісімдерді пайдаланып өткізілетін сатып алулар бөлігіне өзгертулер қажет. Негіздемелік келісімдер «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы бұйрығында бекітілген талаптарға сәйкес жүргізіліп келеді [32]. Қағидаларда анықталған тәртіпке сәйкес сатып алуды облыс ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүргізуі мүмкін.

Алайда, тәжірибеде аталған түрдегі бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Сұрақ тек өңірлер қатысты, ал республикалық деңгейде қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Қазынашылық комитеті мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы ретінде жұмыс істеп тұр.

Ұсыныс: республика бойынша әрбір облыста нақты қызметі мен міндеттері айқындалған бірыңғай ұйымдастырушыларды бекіту қажет деп санаймыз, сонымен қатар, сатып алулардың веб-порталында негіздемелік келісімдерді таңдау мүмкіндігін беретін пәрменді тетікті енгізу қажет.

Электронды сатып алу жүйесін реттеудегі мәселелер. М.В. Залоило мен Д.А. Пашенцев атап өткендей: «цифрландыру қоғамдық қатынастарды дамытуға күшті серпін берді, ал жекелеген салалардың тез дамығаны соншалық, заң шығару қарқынының артта қалып қоятын жағдайлар да кездеседі» [78, 197 б.]. Мемлекеттік сатып алу - электронды технологиялар мен автоматтандыру тетіктері біріншілер болып енгізіле бастаған салалардың бірі. Бұл жай ғана қолданыстағы мемлекеттік сатып алу жүйесіне электронды құралдарды қолдану туралы емес, бұл сонымен қатар электронды құралдар беретін артықшылықтарды барынша пайдалану мақсатында сатып алу рәсімдерінің қалыптасқан тетігін трансформациялау туралы стратегиялық маңызға ие қадам екенін атап өту маңызды. Техникалық жағымен қатар, мемлекеттік сатып алуды электронды форматқа ауыстыру барлық процеске қатысушылардың сатып алуларға деген көзқарастарын өзгертіп, олардың да осы процеспен қоса дамуына әсер етуде.

Ұлттық электронды сатып алу жүйесі «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 16 бабының [1] және «Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану

қағидаларын және Мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы бұйрығының [79] негізінде өз функциясын атқаруда. 2016 жылдан бастап электрондық сатып алу жүйесі толыққанды жұмыс істей бастағаннан бері сатып алу рәсімдерінің басым көпшілігі электронды нысанда жүзеге асырылып келеді. Соның арқасында процестерді басқару саласында әсерлі прогреске қол жеткізіліп, мемлекеттік сатып алу деректері мен көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік артты. Ал, ағымдағы жылы қабылданған және 2025 жылдың басынан бастап қолданысқа енуі жоспарланған «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң болса барлық процесті толығымен электронды нысанға ауыстыруды көздейді.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік сатып алу порталының сайтында жүргізілген социологиялық сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей: «сауалнамаға қатысқандардың 93%-ы «Электрондық мемлекеттік сатып алу» электрондық алаңының ыңғайлылығын атаған, алайда, жүйені жақсарту және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға қатысты сұрақта респонденттер жүйедегі бірнеше кемшіліктерді атаған:

- жүйе тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушыларға техникалық сипаттаманы рәсімдеу кезінде көптеген қателіктер жіберуге жол беруде;
- жүйенің өзінде барлық құжаттаманы рәсімдеу және ұсыну кезіндегі қиындықтар, электронды актіні толтыру кезіндегі техникалық қиындықтар болып тұрады;
- тауардың сапасына әсер ететін бағалардың демпингінің аса жиі қолданылуы;
- банктік кепілдік пен келісімшартты қамтамасыз етудің қажеті жоқ, себебі жеткізушілер үшін бұл үлкен жүктеме деп санайды респонденттер.

Сонымен бірге, мемлекеттік сатып алу порталының сайтында сұрақтарға жауап берген респонденттердің көпшілігі сыбайлас жемқорлық факторлары құжаттаманы дайындау кезеңінде 27%, ал тауарлар мен жұмыстарды қабылдау кезінде 28% сатып алуларда кездеседі деп санайды» [41, 91 б.].

Дегенмен, В.В. Тен атап өткендей, мемлекеттік сатып алуды электронды форматқа көшіру бойынша жүргізілген жұмыс бизнес-процесті ұйымдастыруға жұмсалатын бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік берді және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мерзімдерін едәуір қысқартуға да қол жеткізілді [26, 18 б.].

Халықаралық сарапшылар техникалық тұрғыдан Қазақстанда электронды мемлекеттік сатып алу прогрессивті бағытта дамып келе жатқанын атауда.

Ж.М. Хамитов пен Г.А. Жүнісбекованың пікірінше: «кемшіліктерге қарамастан, еліміздің Электронды сатып алу жүйесі қалыпты түрде дамып келеді, оған қатысушылардың саны жыл сайын артып келеді, жасалған шарттар саны мен мемлекеттік сатып алу көлемі де артқан. Ал, Қазақстанның сатып алу қызметінің елеулі кемшігі ретінде авторлар саладағы жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сақталуын атаған» [41, 99 б.].

Тағы бір мәселе электронды әмиянның жұмысына қатысты болып отыр. Заңның 2021 жылдың 15 қарашасындағы өзгертулерден кейінгі редакциясының 43 бабы 11 тармағының 1 тармақшасына сәйкес: *«шарт жасасу барысында өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуы, оның ішінде авансты қамтамасыз етудің (егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс көзделген жағдайда) бір түрі ретінде өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақшаны алуды қарастырады»* [1]. Қаражатты алу немесе қайтадан қайтару түрі толығымен автоматтандырылған. Мәселен, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің бұйрығының 510 тармағына сәйкес: *«Бірыңғай оператор өнім берушінің өзі бұзатпаған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде демпингке қарсы шаралар қабылдаған жағдайда (болған кезде) қамтамасыз ету сомасын автоматты түрде бұзатпайды және электрондық әмиянына қайтаруды жүзеге асырады»* [32].

Енгізілген өзгеріс бойынша Ф.Г. Ибрагимова келесі жүйедегі олқылықты анықтаған: «электронды әмиянға ақша өнім беруші тапсырысты орындағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде автоматты түрде қайтарылуы тиіс. Алайда, тапсырыстың орындалуы іс жүзінде орындалуына емес, веб портал арқылы пайда болатын «Орындалды» статусына бекітілген. Яғни, тапсырыс орындалғанына қарамастан әмиянға қаражат үш жұмыс күнінде қайтарылуы мүмкін емес, себебі «Орындалды» статусы екі тарап та өз міндеттерін толық орындаған жағдайда ғана веб порталда пайда болады. Ол дегеніміз, тапсырыс ерте мерзімде орындалғанына қарамастан тапсырыс берушіге ақы төлеуге берілген бір ай уақыт аралығында аталған статус пайда болуы мүмкін. Себебі, тапсырыс беруші ақы төлегенде ғана өз міндеттемесін орындаған болып саналады, ал тапсырыс беруші тәжірибеде ақы төлеуге асықпайды және берілген айды толығымен пайдаланатын кездері жиі кездеседі. Осындай жағдайда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша талаптар орындалмайды, тиісінше тапсырысты орындаушы өнім берушінің құқықтары бұзылады» [73, 79 б.].

Жоғарыда аталған қолданыстағы тәртіпті өзгерту қажет деп санаймыз. Ол үшін Электронды қаржы орталығы кепілді ақшаны электронды әмиянға автоматты түрде қайтаруды веб-порталдағы бекітілген электрондық актімен байланыстыруы қажет немесе өкілетті орган Қағидалардың 510-тармағына өзгерту енгізілуі тиіс.

2016 жылдан бастап ЕАЭО аясында да мүше мемлекеттер цифрлық кеңістікті қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге кіріскен болатын. Ондағы негізгі бағыттар:

- ЕАЭО-ның құқықтық базасын жетілдіру мен оны мүше мемлекеттердің заңнамасымен үйлестіру;
- электрондық сауданы енгізе отырып өзара тауар айналымын арттыру үшін ортақ цифрлық кеңістікті қалыптастыру;

- мемлекеттердің атқарушы органдары, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар арасындағы трансшекаралық іс-қимылдың өзара пайдалы бағыттарын арттыру үшін ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолдану тәжірибесін кеңейту;

- ЕАЭО елдері елдері экономикасын цифрлық трансформациялау, ортақ жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру [80, 58 б.].

Цифрландырудың негізгі бағыттарының бірі мемлекеттік сатып алуды қамтитын электрондық сауданы енгізу болып табылады. ЕАЭО туралы шартқа ұсынылатын № 25 Хаттаманың 4-тармағына сәйкес: *«мүше мемлекеттер конкурс пен аукционды тек электрондық форматта өткізуді қамтамасыз етеді және егер сатып алулар басқа тәсілдерді пайдалану арқылы жүргізіліп келсе, оны электрондық форматқа ауыстыруға ұмтылуы тиіс»* [46]. Дей тұрғанымен, ЕАЭО туралы шартта да, № 25 хаттамада да ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде өткізілетін ұлттық сатып алулар туралы ақпаратты біріктіретін ортақ сауда алаңын немесе бірлескен Еуразиялық ақпараттық жүйені құру қарастырылмаған.

Сонымен қатар, еліміздің Электронды мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі деректер мен статистикаға көбірек көңіл бөлу керек деп санаймыз, олар: ашықтықты арттыруға, бақылауды қатаңдату және сол арқылы тиімділікті арттыруға тырысу керек. Мемлекеттік сатып алу порталын өзге үкіметтік ақпараттық жүйелермен үйлестіру өзара іс-қимыл сапасын арттыруға көмектеседі.

Қазақстан қазірдің өзінде мемлекеттік сатып алуға қатысты тиімділіктің бірнеше көрсеткіштерін қадағалап отыр. Алайда, Қаржы министрлігі көрсеткіштерді орталықтандырылған түрде, жалпы мәліметтерді алу үшін ғана жинақтайтындай көрінеді. Сондықтан бізге түсініксіз, деректердегі көрсеткіштер жекелеген тапсырыс берушілердің немесе жалпы мемлекеттік сатып алу жүйесінің қызметін салыстырмалы талдау үшін пайдаланыла ма, әлде олар тиімділікті бағалау үшін қажет болды ма.

Электронды сатып алу жүйесін жекелеген рәсімдер деңгейінде де, тұтастай жүйе деңгейінде де мемлекеттік сатып алулар процесінің дұрыс жұмысын бағалап отыру арқылы тиімділікті арттыруды ынталандыруды ұсынамыз. Осы мақсаттар үшін:

1. Мерзімді және дәйекті негізде мемлекеттік сатып алу процесінің нәтижелеріне бағалау жүргізіліп отыру қажет. Мемлекеттік сатып алу жүйесі шеңберінде өзекті және шынайы ақпаратты жинап, болашақ мемлекеттік сатып алулар бойынша сапалы шешімдер қабылдау үшін және жаңа қажеттіліктерді анықтауда осы деректерді пайдалану қажет.

2. Салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік беретін және мемлекеттік сатып алу саласындағы стратегиялық шешімдерді дайындауға әсер ететін мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігін, дұрыс орындалуын және қаражат үнемділігін автоматты түрде бағалап отыратын қосымша қажет және оның функцияларын айқындайтын тиісті нормативтер әзірлеу қажет.

Шарт талаптарының және өнім берушілер алдындағы қаржылай міндеттемелердің орындалуын бақылаудың мәселелі сұрақтары.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес: *«өнім беруші Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған, не тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуды қамтамасыз етеді»* [1].

Шартқа қол қойылғаннан кейін оны орындау барлық қатысушылар үшін міндетті. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу талап арызымен сотқа жүгінгенге дейін тапсырыс беруші дау тудырған мәселелерді шешу тәртібі туралы шарттың қатысушыларын ескерте отырып, дауды сотқа дейінгі алдын ала реттеу тәртібін сақтауға міндетті. Өндіріп алу туралы талап-арызбен жүгінген кезде тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын өз бетінше ұстап қалуға кедергі жасап отырған кедергілерді көрсетуі тиіс [68].

Заңгер А. Кругловтың сөзінше: «Біздің жүйеде жеткізуші әрқашанда кінәлі және бұл дұрыс емес. Шарт - екі жақты құжат. Онда екі тараптың құқықтары мен міндеттері жазылған және олар бірдей болуы керек. Іс жүзінде реттелетін сатып алуларда бизнес әдейі ұтымсыз жағдайда қалдырылған. Ал «Самұрық-Қазына» АҚ секілді квазимемлекеттік сектор өкілдерінің шарттардағы талаптары мүлдем орынсыз жоғары, мысалы: кешіктірген үшін үлкен айыппұлдар, өсімпұлдар және оларды сот шешімінсіз ұстау мүмкіндігі және т.б. Бұл үрдіс барлық мемлекеттік сатып алуларда байқалады» [81].

Еліміздің мемлекеттік сатып алу жүйесінде жеткізушінің сатып алу бойынша өз міндеттемелерін қаншалықты тиімді орындайтынын қадағалауға мүмкіндік беретін ресми механизмдер аз. Қазіргі уақытта ҚР Үкіметінде мемлекетке шарттарда көзделген әкімшілік қадамдар шеңберінен тыс ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін бақылау жүйелері немесе құралдары жоқ. Қарапайым тілмен айтқанда, мемлекетке тек тауарлар мен қызметтерді қабылдау-беру туралы ақпарат қол жетімді.

Егер, салаларды қамтитын шарттардың орындалуын бақылаудың бірыңғай тетігі болса, ол шарттық міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етер еді, өкілетті органға жеткізушілер және жеткізілетін тауарлар мен қызметтердің сапасы туралы ақпараттарды жүйелеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл мәліметтерді аяқталған сатып алуларды бағалау және кейінгі сатып алуларды стратегиялық жоспарлау үшін пайдалануға да болар еді.

Сондықтан, жеткізуді бақылауды, өзара қатынастарды басқаруды және шартты әкімшілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, шарт талаптарының орындалуына тиісті бақылауды жүзеге асырып отыруға арналған толық ақпаратты ұсынатын дерекқор көзін әзірлеу қажет деп санаймыз.

Шартты орындау сатысында орын алған жағдайлар немесе өзге де кедергілер түріндегі тәуекелдер әрқашан да болады, оны мүлдем болдырмау мүмкін емес. Алайда, шарттардың орындалуын стратегиялық бақылау мемлекеттік мекемелерге күтпеген жағдайлардың алдын алуға және уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік берер еді. ҚР Үкіметіне ықтимал тәуекелдерді анықтау мен жосықсыз әрекеттер туралы ақпарат қорын әзірлеу қажеттілігі бар деп санаймыз.

Шарттарды орындау кезіндегі тәуекелдердің көп бөлігі жеткізушінің сапасыз тауарлар мен қызметтерді жеткізумен немесе оларды мүлдем орындай алмауымен байланысты. Мұндай түрдегі қиындықтардың пайда болу қаупі келесідей жағдайларда одан да артады:

- 1) кадр жетіспеушілігі;
- 2) орындаушының негізгі қызметкерлері басқа жобада жұмыс істейтін кездер жиі кездеседі, егер ол артық жүктемеге айналса орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасының нашарлауына әкеледі;
- 3) келісімшарт жасалғаннан кейін өнім берушінің жағдайы нашарлайтын кездер де болады, ол өз кезегінде тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасына кері әсер етеді.
- 4) жұмыстар мен қызметтерге сұраныс күтілгеннен асып түседі және орындаушы оны атқара алмайды;
- 5) қызметке сұраныс төмендейді, тиісінше көлемін арттыру арқылы үнемдеу мүмкін болмайды, бұл сайып келгенде жоғары өндірістік шығындарға ұрындырады;
- 6) ұйымдастырушының сатып алуды жүргізетін қызметкерлері басқа бөлімге ауысады немесе жұмыс сатысында жоғарылап кетеді, соның нәтижесінде тапсырыс беруші мен өнім ұсынушы арасындағы байланыс нашарлайды;
- 7) тауарларды жеткізу мен қызметтерді орындау мерзімдері өнім берушіге байланысты емес себептермен бұзылады. Мысалға, апат салдарынан ғимаратқа кіру мүмкін емес болғанда.
- 8) ұйымдастырушының өзі шарт бойынша айқындалған міндеттемелерді сақтамайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес өнім ұсынушының есебіне төлем өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде толық көлемде атқарылуы тиіс [1]. Жеткізушіге ақы төлеу қабылдау актісіне екі тарап қол қойған уақыттан кейін жасалады. Мемлекеттік тапсырыс өнім берушіде жеткізуші ұсынған актіні қарап тексеруге он күнге дейін уақыты бар. Алайда, егер тапсырыс берушіге жеткізілген тауарлар немесе атқарылатын жұмыс пен көрсетілген қызметтердің сапасы шарттың талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізу үшін уақыт қажет болса, тапсырыс беруші ол туралы жеткізушіге үш күн ішінде хабарлауы тиіс. Мұндай талаптардың орындалмауы ақы төлемін кешіктіруге әкелуі мүмкін [49].

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу туралы шарттар қазынашылық органдарында тіркелгеннен кейін ғана күшіне енеді деп бекітілген. Соған қарамастан, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына жеткізушілерден шарттарға қол қойылғаны, бірақ қазынашылықта тіркелмегені туралы шағымдар жиі түседі, бұл төлемдердің кешігуіне әкеледі. Кейде төлем жасамау салдарынан туындаған жанжалды тек сот арқылы шешу мүмкін болады.

Төлем мерзімдерін бұзу көбінесе ұйымдастырушылардың, тапсырыс берушілердің және Қазынашылық комитетінің бір-бірімен келісілмеген жұмысының нәтижесінде орын алады. Қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шарт сатып алу веб-порталы арқылы тіркеу мақсатында автоматты түрде Қазынашылық комитетіне жіберіледі. Осы жағдайда Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті мемлекеттік сатып алу туралы кіріс шарттарын ақылға қонымды мерзімде қандай негізде тіркемеуі мүмкін екенін анықтауы өте маңызды деп санаймыз.

Қорытындылай айтқанда, ұлттық мемлекеттік сатып алу жүйесіне сатып алуды белгіленген тәртіппен және заңға сәйкес жүзеге асыру үшін бүкіл сатып алу циклін қамтитын кешенді бақылау жүйесі қажет. Тапсырыс берушілер жоспарлауды ұтымды ету және кейінгі сатып алуды жүзеге асыру мақсатында шарттарды орындау кезеңінде кері байланыс орнату тетіктерін жаңадан қарастыруы қажет. Мұндай тетіктер міндеттемелерді орындаудың кепілі болады және ресурстарды тиімді қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл, негізінен мемлекеттік ұйымдар үшін өте маңызды. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындауды бақылау әртүрлі жағдайларға қарамастан уақытылы және тиімді болуы үшін қызметкерлер ретроспективті талдау жасап, сәтсіз тәжірибелерді мұқият талдап отыруы маңызды қажеттілік.

Мемлекеттік сатып алу дербес кәсіп ретінде тану және саланы тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз ету мәселесі.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілер білімінің сипаты әр түрлі, мемлекеттік сатып алу болса қызметшілердегі біршама дағдылардың болуын қажет етеді. Мемлекеттік сатып алумен айналысатын қызметкерлердің білімін анықтауды қамтитын зерттеу елімізде 2019 жылы жүргізілген, оған сәйкес жоғары білімі бар қызметшілердің көпшілігі экономика мен бизнесті (37,5%) немесе құқықты (25,3%) оқыды. Басқа танымалдылардың қатарына техникалық ғылымдардың иелері (9,3%) кірген [49, 173 б.].

Байқап отырғанымыздай, экономика, бизнес және құқық сияқты салалар жиі кездеседі. 2019 жылғы осы зерттеуден кейін жағдай өзгерді деп ойламаймыз. Бүгінгі күнде де осы мамандық иелері негізгі мемлекеттік сатып алулармен айналысытандардың қатарында.

Түйіндейтін болсақ: Қазақстанда мемлекеттік сатып алулармен байланысты міндеттер жеке кәсіп болып саналмайды, ал еліміздің жоғары оқу орындарында мемлекеттік сатып алуға арналған мамандандырылған оқыту бағдарламалары жоқ. Тиісінше, сатып алу жүйесінде мансап құрудың белгілі бір схемасы да жоқ. Біз бұл жағдайды жүйедегі олқылық және саланы реформалаудың сапалы жүзеге асуына кедергі болып отырған себептердің бірі деп санаймыз. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне білікті мамандарды тарту үшін оларға тартымды мансаптық келешек ұсыну қажет. Ал мемлекеттік сатып алуды жеке кәсіп ретінде тану мансаптық келешек құруға және адамдардың қызығушылығын оятуға ықпал етуі мүмкін.

Мұндай мамандарды даярлауды біз жаңа білім беру бағдарламасын (мамандық) ашу арқылы жүзеге асыруға болады деп санаймыз. Мамандық

бағдарламасы құқық, экономика және қаржы тобындағы білім беру бағдарламаларының негізінде қажетті қабілеттілік беретін пәндерден құрастырылуы тиіс. Әрине, мұндай мамандық мазмұны ұлттық мемлекеттік сатып алу жүйесінің даму тенденцияларын ескере отырып жетілдіріліп отыруы тиіс. Мемлекеттік сатып алумен айналысатын қызметкерлерді даярлау бағдарламалары оларға өз міндеттерін жоғары кәсіби талаптарға сай орындауға көмегін тигізетініне сеніміміз мол.

Ғалымдар мен сарапшылардың көпшілігі де сатып алумен айналысатын адамның кәсіпқой болуы үшін осы салада білім мен жұмыс тәжірибесінің үйлесуі қажет дегенмен келіседі. Мемлекеттік сатып алушылардың кәсібилігін жетілдіруге ауқымды заңнамалық база мен сатып алу рәсімдерінің күрделенуі сияқты факторлар әсер етуде.

К. Лисонс пен Б. Фаррингтон атап өткендей, кәсіп ретінде сатып алу білікті болуы керек, оның теориялық білімге, ұзақ мерзімді оқытуға және білім алушылардың құзыреттілігіне негізделуі маңызды [82, 207 б.]. Мемлекеттік сатып алудағы кәсібилік мемлекеттік шығындардың функционалдығын, ашықтығы мен мемлекет қаражатының үнемделуін қамтамасыз етуге көмегін тигізеді және бұл аргументтер өте салмақты екенін ескерген жөн [83, 2 б.].

Жоғарыда аталғандармен қатар, мемлекеттік сатып алу саласының реформаларын тиімді жүзеге асыру үшін сала қызметкерлері санын ұлғайту мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз. Себебі, қолда бар ресурстар саладағы реформалардың тиісті деңгейде іске асуы мен оған бақылау жүргізіп отыру үшін жеткіліксіз.

2.2 Мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында заңнаманы жетілдіру сұрақтары

Мемлекеттік сатып алу экономиканың маңызды саласы болып саналады. Бүгінгі күнде Қазақстанда мемлекеттік сатып алулар электронды форматта жүзеге асырылуда. Халықаралық институттар мен Дүниежүзілік банк Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесін ең ыңғайлылардың бірі деп таныды. Global date barometer зерттеуінің деректері бойынша Қазақстан ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі бойынша 109 елдің ішінде үшінші орында тұр [84].

Дегенмен, мемлекеттік сатып алу бүгінгі күнге еліміздегі сыбайлас жемқорлық ең көп таралған салалардың бірі болып табылады.


2022 жылы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен [85] 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтардың алдын алуға баса назар аударылған. Бұл құжатты қабылдаудың алғышарты Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмалары болғаны белгілі [86].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ел үшін басты міндеттердің бірі және осы мақсатта Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алу саласында соңғы жылдары қарқынды реформалар жүргізіп, жағдайды жақсартуға бағытталған шаралар қабылдауды. Қазақстандық қоғамның да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысуға дайындығы біртіндеп артып келеді, ал мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер арасындағы байланыс нығая түскен. Біраз жылдар бұрын сыбайлас жемқорлық әдеттегі құбылыс ретінде қабылданса, бүгінгі күнде оған деген көзқарас өзгерген.

Дегенмен, А.М. Бегжан атап өткендей: «барлық қабылданып жатқан шараларға, оның ішінде мемлекет қажеттіліктері үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу тиімділігін арттыруға бағытталған заңнамалық реформаларға қарамастан, мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық мәселесі күрделі күйінде қалып отыр» [36, б б.].

Статистикалық деректерге келетін болсақ - 2023 жылы 1692 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген. Өткен жылдардағы көрсеткіштермен салыстыратын болсақ:



Сурет 1. Сыбайлас жемқорлық қылмысының динамикасы (деректер 2023 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндамадан алынды)

Ең көп таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстар:

| Қылмыстың түрі | 2021 | 2022 | 2023 |
|--|------|------|------|
| | 1 | 2 | 3 |
| Пара беру | 568 | 549 | 616 |
| Пара алу | 449 | 446 | 388 |
| Алаяқтық | 160 | 311 | 233 |
| Лауазымдық өкілеттерді теріс пайдалану | 123 | 110 | 133 |

| | | | |
|---|-----|----|-----|
| Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету | 116 | 87 | 169 |
|---|-----|----|-----|

Сурет 2. Ең көп таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстар (деректер 2023 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндамадан алынды)

Аяқталған сотқа дейінгі тергеу бойынша өтелген залал сомасы 285,1 млрд теңгені құраған (2022 ж. – 108,5 млрд теңге). 2022-2023 жылдары өтелген 393,6 млрд теңге он жылдық кезеңдегі (2012-2021 жж.) аталған көрсеткіштен (290,6 млрд теңге) асып түсті [87]. Әрбір бесінші сыбайлас жемқорлық қылмыс сатып алу саласында жасалынған [88].

Саладағы реформалардың басым бөлігі осы мемлекеттік сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында жүргізіліп келе жатқаны белгілі. Әрбір енгізілген өзгерістің немесе қабылданған жаңашылдықтардың ішінде осы мәселені шешуге бағытталған шараларды кездестіруге болады. Мұндай үрдісті мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының көрінісі деп түсінеміз.

Дегенмен, кейбір енгізілген өзгерістердің маңызды мақсатына қарамастан тәжірибеде жүзеге асуы қиын немесе қосымша мәселелер тудыратыны да бар, кейде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға арналған жаңа норма өзге бір сыбайлас жемқорлық тәуекелінің пайда болуына себепкер болуда.

Бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында жүргізілген заңнаманы жетілдіру әрекеттерінің арасында да осындай нәтиже бергендерін кездестіруге болады.

Бір мысал: қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға 2021 жылдың 15 қарашасында енгізілген өзгеріске дейін заңның 38 бабының 2 тармағы 4 тармақшасына сәйкес: *«тапсырыс беруші орналастырылатын ақпаратта қосалқы жабдықтаушы ретінде алынатын өнімнің тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, тауардың шығарылған жерінің атауы және өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстар мен қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларын көрсете алатын»*. Ал 2021 жылғы 15 қарашада енгізілген өзгертулерден [70] кейін ондай құқық жойылды, нақтырақ айтқанда ондай тармақша алынып тасталды. Ұйымдастырушы орналастырылатын ақпаратта қосымша құрылғылардың фирмалық атауы мен өзге де белгілерін көрсетпеуі тиіс болды. Техникалық сипаттамаға сәйкес болса болды, өнімді ұсына алатын жағдай қалыптасты. Ондағы мақсат – бюджет қаражатын ысыраптауға жол бермеу, қаржының үнемді жұмсалыуына қол жеткізу.

Мамандардың пікірінше: «тапсырыс беруші белгілі бір өндірушілерден өзіне қажетті жабдықтарды сатып алу құқығынан айырылды, сонымен бірге ол үшін сапасыз тауар сатып алу қаупі артты. Тәжірибеде қолданып жүрген, сапасы уақытпен тексерілген тауардың орнына сипаттамасы сай келгенімен

сапасы нашар болуы мүмкін тауардың өзге нұсқасы келуі мүмкін болды. Әсіресе, күрделі жағдай кеңсеге қажет техникалар, көлік құралдарына қажет сайман мен құрал-жабдықтар сатып алу кезінде анық байқалды» [73, 80 б.].

Бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында жүргізілген өзгеріс керісінше, бюджет шығынын арттыру қауіпін жоғарылатты. Себебі сапсыз құрал-жабдықтар ұзақ қызмет етпейді, оны бұрынғыдан қарағанда жиі ауыстыру қажет болды. Нәтижесінде – қосымша құрал-жабдықтарға арналған шығын азаймады, кейбір жағдайларда бұрынғысынан да асып кетті.

Ең қызықтысы – мұндай мүмкіндік 2024 жылы қабылданған жаңа заңда қайтадан қайтарылды. Мәселен, 2025 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда келесі мәтін бекітілді: «12-бап. *Конкурстық құжаттама, аукциондық құжаттама, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпарат. 4. Конкурстық құжаттамада, аукциондық құжаттамада осы Заңда көзделмеген жағдайларда, оның ішінде осы Заңда көзделмеген жағдайларда әлеуетті өнім берушілердің санын шектеуге әкеп соғатын Мемлекеттік сатып алу шарттарын белгілеуге тыйым салынады:*

2) тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар шығарылған жердің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға нұсқамалардың мазмұны көрсетуге тыйым салынады, мынадай жағдайларды қоспағанда:

- негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) толық жинақтау, жаңғырту және қайта жабдықтау;

- тауарды лизингке беру жөніндегі қызметтерді жеткізушінің анықтамалары және лизинг нысанасын нақты сипаттау қажет болған жағдайда;

- тапсырыс берушіде бар тауарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету;

- дәрігерлік консилиумдар мен медициналық-генетикалық қорытындылардың қорытындылары бойынша белгіленген медициналық көрсетілімдері (жеке төзімсіздік, өмірлік көрсеткіштері бойынша) бар пациенттерге қатысты қолдану үшін сатып алынса, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды, кохлеарлық импланттарды, дәрілік заттарды және емдік тағамның мамандандырылған өнімдерін сатып алу».

Бұдан көретініміз, заңнамадағы кейбір өзгерістер өкілетті орган тарапынан «игі мақсаттар» көзделіп енгізілгеніне қарамастан, тәжірибеде жүзеге асыруға келгенде нәтижесіз, кейде тіпті кері әсер беріп жататын жағдайлар да бар.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қоғамдық ұйымдармен әріптестікте саладағы сыбайлас жемқорлық

себептерін анықтау мен алдын алуға бағытталған ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Агенттік 2023 жылы «Бірыңғай сатып алу терезесі» порталы арқылы мемлекеттік сатып алу мониторингі барысында тауарлар, жұмыстар мен қызметтер құнын жалпы сомасы 41,4 млрд теңгеге асыра бағалаудың алдын алған. 2019 жылы бастамасын алған жобаны іске асыру кезінен бастап жалпы сомма – 140,6 млрд теңгені құраған (2019 ж. – 0,8 млрд теңге, 2020 ж. – 22,8 млрд теңге, 2021 ж. – 46,6 млрд теңге, 2022 ж. – 29 млрд теңге).

Көбінесе кеңсе тауарларын, жанар-жағармай, компьютерлік техника мен тамақ өнімдерін сатып алу кезінде асыра бағалаулар анықталған. Ұйымдар бөлінісінде салыстырғанда мұндай асыра бағалауларға көбінесе әкімдік аппараттары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары жол берген.

Мысалға, Қостанай облысының аудандық Білім бөлімі 2023 жылы наурызда литріне 580 теңгеден 43 мың литр жазғы дизель отынын сатып алуды жоспарлаған, алайда, көрсетілген күні жазғы дизель отынының орташа бағасы литріне 250 теңгеден болған. Нәтижесінде - 14,8 млн теңгеге сатып алудың артуына жол берілмеген.

Ақтөбе облысында Денсаулық сақтау министрлігінің аумақтық департаменті жалпы сомасы 15 млн теңгеге 3 мың дана жиынтықта бір реттік қорғаныш медициналық костюм сатып алуды жоспарлаған. Бұл ретте, тауардың осындай көлемінің орташа нарықтық құны 6 млн теңгені құрағаны анықталған. 9 млн теңге мөлшеріндегі үнемдеу бюджетке қайтарылған.

Абай облысында 2023 жылы маусым айында атқарушы орган 2 млн теңге жиһаз сатып алуды жоспарлаған, алайда, тауардың нарықтағы орташа құны 1 млн теңгені құрайтыны анықталған. Мониторинг нәтижесінде жиһаз 1,3 млн теңгеге сатып алынып, 700 мың теңге үнемделген.

Түркістан облысында квазимемлекеттік сектор субъектісі 2023 жылғы қарашада нарықтық құны 5 млн теңгеден аспайтын қайта құру бойынша көрсетілетін қызметтерді өз сайты арқылы 11 млн теңгеге сатып алуды жоспарлаған. Үнемдеу 7 млн теңгені құраған (көрсетілетін қызмет 4 млн теңгеге сатып алынған) [87].

Е.О. Алауханов атап өткендей, мемлекеттік сатып алу жүйесі жемқорлық қауіп-қатерлеріне көбірек ұшырайды және құқық бұзушылықтар жиі жасалады. Ғалым мемлекеттік сатып алу процесіндегі құқықбұзушылық жасау қаупіне жиі ұшырайтын кезеңдер ретінде:

- 1) тапсырысты орналастыру және келісімшарт жасасу;
- 2) келісімшартты орындау кезеңдерін атаған [89, 75 б.].

А.М. Бегжан өзінің диссертациялық зерттеуінде мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін бірқатар себептерді атайды. Олардың қатарында: «1) ашықтықтың болмауы: мемлекеттік сатып алуды реттейтін заңнамалық нормалардың болуына қарамастан, рәсімдер жеткізушілер үшін ашық және түсінікті болмайтын жағдайлар бар. Бұл белгілі бір жеткізушілердің пайдасына конкурс нәтижелерін бұрмалау мүмкіндігіне әкелуі мүмкін, тиісінше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыруда; 2) бәсекелестіктің төмен деңгейі: жеткізушілердің аз

болуы немесе олардың арасындағы бәсекелестіктің болмауы тауарлар мен қызметтерге жоғары бағаны белгілеуге, сондай-ақ жеткізуші көрсетілетін қызметтердің сапасына емес, жеке байланыстар немесе пара алу арқылы келісімшарттар алу түріндегі сыбайлас жемқорлық схемаларының болуына жол беруде; 3) қызметкерлердің кәсібилігінің болмауы: сатып алу рәсімдерін жүргізуге жауапты мемлекеттік ұйымдардың кейбір қызметкерлерінде осы сала бойынша жеткілікті білім деңгейі мен тәжірибесі болмауы мүмкін. Бұл құжаттаманы дайындау немесе сатып алу кезінде қателіктерге әкеліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына мүмкіндік беруде; 4) тиімді бақылау жүйесінің болмауы: мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және жұртшылық тарапынан бақылаудың жеткіліксіз болуы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына себеп болуда. Сонымен қатар, аталған факторлар бір-біріне жағымсыз әсер етуде, бұл өз кезегінде еліміздегі мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің одан әрі артуына түрткі болып отыр» [36, 112 б.].

М.Ж. Хамитов пен Г.А. Жүнісбекова атап өткендей: «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктері кешенді түрде қолданылуы тиіс. Қазақстан үшін басты мәселе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ең үлкен әсерін тигізетін, сыбайлас жемқорлық деңгейін және оның болашақта көріну тәуекелдерін төмендететін тетіктерін таңдау болып табылады. Қазақстанда мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктері әлі қалыптасу сатысында» [41, 99 б.].

А.М. Бегжанның пікірінше мәселені шешу үшін мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру және процестің ашықтығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғасуы қажет, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаны қатаңдату да нәтиже беруі тиіс [36, 113 б.].

М.Ж. Хамитов пен Г.А. Жүнісбекова саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің келесідей ықтимал түрлерін көрсетеді:

1. Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасындағы үлестестік - тапсырыс беруші мен өнім беруші, ұйымдастырушы және өнім беруші арасындағы үлестестік (оның ішінде туыстық, іскерлік байланыстар, ұйым қызметкерлері арқылы).

2. Жеткізушілердің үлестестілігі – үлестестік байланысы бар компанияларды конкурсқа қатыстыру немесе жасанды конкурстар ұйымдастыру.

3. Таңбаларды ауыстыру - қажетті фирмаларды конкурсқа қатыстыру үшін жарнамада әр түрлі әріптік-цифрлық жазбаларды қолдану.

4. Бағаны негізсіз және қасақана көтеру - жоғары бағамен конкурстар жариялау.

5. Тапсырыс берушінің қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру мақсатында ұйымдастырған конкурсы - нақты қажеттіліксіз сатып алуды жоспарлау, қажет емес тауарды немесе қызметті сатып алу.

6. Белгілі бір жеткізушіге арналған техникалық сипаттамалар - белгілі бір жеткізушіге арнап құжаттаманы «бейімдеу», тек бір өндірушіге немесе жеткізушіге тән талаптарды қою.

7. Жеткізушіге қойылатын артық талаптар.

Сонымен қатар, авторлар зертеу барысында саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің келесі қадамдарды ұсынады:

- бюджет қаражатының бөлінуін бақылау жүйесін құру;
- мемлекеттік сатып алу жүйесінде жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты әкімшілік бақылауды қаталдату;
- мемлекеттік мекемелер қызметкерлерімен жол берілген сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы ақпаратты тиісті органдарға бірден хабарлап отыру үшін кәсіпкерлерге арналған мобильді қосымша әзірлеу керек;
- қоғамдық ұйым түрінде өңірлік қоғамдық бақылау орталықтарын құру.

Авторлардың пікірінше, саладағы қоғамдық бақылау орталықтары қоғамдық белсенділерге арнайы сатып алуларды жүргізу ережелерін оқытатын болады, тексеріс жүргізуді үйретеді, жергілікті тұрғындардың мемлекеттік сатып алу туралы ақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ететін болады [41, 98 б.].

Жоғарыда аталғандардың ішінде белгілі бір жеткізушіге арналған техникалық сипаттамалар әзірлеу арқылы алдын ала сөз байласу тәжірибеде жиі кездесетін жемқорлық амалдарының бірі деуге болады.

Бір мысал, мемлекеттік сатып алуларға қатысты дауларда заң көмегін көрсететүші заңгер А. Кругловтың тәжірибесінен: тапсырыс беруші әдеттегі картридждерді толтыру бойынша қызметтің техникалық сипаттамасында қызмет көрсетүші шарт жасасқаннан кейін тонерді тікелей өндіруші зауыттан әкелетінін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті екенін көрсеткен. Сондай-ақ, тапсырысты орындаушы осы өндіруші зауытта өз мамандарының біліктілігін арттырып отыруға міндетті болған. Заңгердің сөзінше, тек ірі компаниялар ғана өз қызметкерлерін осы кәсіпорынға оқуға жібере алады. Оның пікірінше, техникалық талаптар нақты бір жеткізушіге арналып жазылғаны анық байқалады, ал конкурсты ұтып алған кішігірім заңды тұлға ол «жоспарды» бұзып тұрғаны түсінікті [81].

Тағы бір сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауы мүмкін тұсы жаңа заңда енгізілген жаңалықта болады деп болжаймыз. Біздің назарымызға ілініп отырған - *жаңа шағымдану тетігі* болып отыр. Жаңа заңның күшіне енуімен мемлекеттік сатып алу процесі кезіндегі конкурсқа қатысушылардың шағымдану, ол шағымды қарау тәртібі өзгертін болды және бұл жаңа заңмен еніп отырған күрделі өзгерістердің бірі деуге болады. Сондықтан да, оған арнайы талдау жасау қажет деп санаймыз.

Қолданыстағы заңнама сәйкес егер конкурсқа қатысушылар шешіммен келіспесе, олар ішкі мемлекеттік аудит департаментіне шағым түсіре алады. Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің шешімімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған орган - Мемлекеттік ішкі аудит комитетіне апелляция беріледі.

Осыдан кейін ғана кәсіпкер сот органына жүгінуге құқылы. Кейде бұл процесс бірнеше жылға созылады.

Ал 2025 жылдың басынан қолданысқа енетін жаңа заңда осы тізбектегі екі органның алып тасталғанын көреміз, шағымдарды қарау міндеті ендігі мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тиесілі болады. Бұл өзгеріс жаңа заңда келесі мәтінде жазылған:

«25-бап. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану

1. Әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шағымдануға құқылы. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған жағдайда, шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

2. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, Бірыңғай ұйымдастырушы осы баптың 1-тармағында көзделген шағым беру мерзімі өткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін» [31].

Мысалы, процедура былай болады деп болжаймыз: ең қолайлы үлгі ретінде әкімдікті алатын болсақ, шағым түскен жағдайда оны қарайтын комиссия құрылады, оның құрамына жоғары тұрған орган өкілі, «Атамекен» ҰКП өкілі, қоғамдық палатаның өкілі, мәслихат депутаттары кіретін болады. Шағымды қарау мерзімдері шартты түрде алсақ 10-15 күн делік. Комиссия осы мерзімді өзінің шешімін шығарады, егер конкурсқа қатысушы келіспесе, ол тікелей сотқа жүгінеді.

Аталған процедураны өзгертудегі заңшығарушының мақсаты бізге түсінікті әрине, ол: біріншіден, шағымдарды қарау мерзімін қысқартуға деген әрекет - процедураны бірнеше жылдан бір айға дейін қысқартуға мүмкіндік беруі тиіс; екіншіден, тапсырыс берушінің жауапкершілігін арттыру көзделген. Яғни, бұл жағымсыз процедураны өтпеуі үшін тапсырыс беруші конкурсты неғұрлым сапалы өткізуге тырысатын болады.

Бұл жаңа заңдағы күрделі өзгерістердің бірі деуге болады. Процедураның іс жүзінде жүзеге асуына қатысты болжамдар бізде екі түрлі әсер қалдыруда. Бір жағынан, жаңалық жоғарыда аталған мақсаттарды көздейтінін ескерсек ол

маңызды болып көрінеді, екінші жағынан, процедураның тәжірибеде ойдағыдай жүзеге асатынына күмәніміз бар. Жаңашылдықтың екі әлсіз тұсы бар деп ойлаймыз: біріншіден, процедураны іс жүзінде сапалы атқару қиынға соғуы мүмкін, себебі тапсырыс беруші жоғарыда мысалда келтірілген түрде комиссия құрып, өзі ұйымдастырған процедурада талаптар бұзылды деп тануы қиынға соғуы мүмкін. Біздің болжамымыз бойынша тапсырыс беруші шағымды қарауда бірінші кезекте өзіне ыңғайлы және қауіпсіз шешім іздейтін болады, сонымен қатар комиссия құру, оған ұйымнан өзге өкілдерді жинау іс жүзінде жүзеге асуы қиын сұрақ болуы мүмкін. Әрбір шағымға «Атамекен» ҰҚП өкілін немесе «қоғам өкілін» табу қиынға соғатынына сенімдіміз. Біз жоғарыда келтірген мысал әкімдіктерге қатысты, штаттық мүмкіндігі де, «ресурсы» да бар органдар тармағы, оларға тиісті деңгейде комиссия құру мәселе тудырмауы мүмкін. Алайда, сонымен қатар көптеген өзге мекемелер бар екенін түсіну қажет, олардың барлығы комиссияны сапалы құра алмауы мүмкін. Нәтижесінде – орган өзі өткізген мемлекеттік сатып алуға келіп түскен шағымды жеке өзі қарайтын болады.

Біздің ойымызша осы тұста тағы бір мәселе пайда болуы мүмкін, мұндай процедура қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыратын болады. Себебі процедура «сыбайластар» үшін жаңа бір құралға айналу қаупі бар. Егер тапсырыс беруші «қолдауға» ие болған өнім беруші болса шағымдар тапсырыс берушімен келісе отырып берілуі және біржақты қаралуы мүмкін немесе керісінше, шағым қанағаттандырылмауы үшін барлық жағдай жасалынуы мүмкін, егер ол «бөтен» қатысушы болса.

Біздің ойымызша тәуекелдер өте жоғары және заңшығарушының бұл қадамы тиімсіз көрінеді.

Қабылданбас бұрын жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң жобасының сол кезеңдегі нұсқасына сараптама жасалғаны белгілі. Жалпы, осы заң жобасы қабылданбас бұрын жан-жақты талқыланды, заң шығарушы билік өкілдері тарапынан көп сынға ұшыраған жобалардың бірі болды [90; 91]. Сараптамалық қорытынды нәтижесінде сарапшылар біраз нормалардан сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған.

Мысалы: Сараптамалық қорытындыда берілген 14-ші фактор – заңның 11-бабының, 1-тармағы, 4) тармақшасында көзделген әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының біріне арналған (аталған бап заңның қабылданған редакциясына сәйкес көрсетілді, Сараптамалық қорытындыда бұл фактор 10-бап, 1-тармақ, 4) тармақша ретінде берілген). Оған сәйкес біліктілік талаптарының бірі ретінде жұмыс тәжірибесінің болуы көрсетілген. Бұл жерде тәуекел тудырып отырған фактор ретінде сарапшы - конкурс үшін қойылатын жоғары талаптардың орын алуын көрсетеді. Ал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері - жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға нақты кедергі жасау болуы мүмкін деген қорытынды жасаған. Сарапшының пікірінше тармақшадағы жұмыс тәжірибесінің болуы туралы біліктілік талаптардың ішінен, мысалы, тауар жеткізуді алып тастау қажет [61].

Заңның қабылданған нұсқасында ескертулердің көп бөлігінің ескерілгені көрініп тұр, олармен жұмыс жасалынған, дегенмен, кейбір көрсетілген нормалардың сол қалпы қалғанын аңғаруға болады.

Сонымен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін шешімін табуы тиіс негізгі мәселелер – отандық мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету болып отыр. Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге қажет заңнаманы жетілдіру әрекеттері елімізде жылдар бойы жалғасып келеді. Соның ішіндегі жағдайды түзетуге әсер етуші құрал қоғамдық ұйымдар тарапынан жүргізілетін бақылау мен қадағалау болып табылады. Себебі, сатып алу процесін бақылау мен қадағалауға қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтардың қатысуы жүйедегі ашықтықтың артуына ықпал етеді. Сонымен қатар, сатып алумен қатысты этикалық нормаларын бұзу тәуекелдерін ескере отырып, азаматтық қоғам өкілдерін, түпкілікті тұтынушыларды сатып алу процесінде этикалық стандарттардың сақталуын қадағалайтын сыртқы бақылаушылар ретінде тарту көптеген мемлекеттерде озық әдіс болып саналады. Тікелей қоғамдық бақылау тетіктерінің болуы бақылаушылардың жүйе жұмысына қатысуын жеңілдетеді және сатып алудың бүкіл циклін немесе шешім қабылдаудың негізгі кезеңдерін бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Жаңадан қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда қоғамдық бақылау субъектілеріне мемлекеттік сатып алу мониторингін жүргізу құқығы бекітілді. Сондықтан, салада тікелей қоғамдық бақылау тетіктерінің жұмыс істеуіне мүмкіндік бар, ендігі ол негізгі заңның өзінде көрсетілген. Мәселен, 2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 24 бабының 2 тармағымен келесі мәтін бекітілген: *«Қоғамдық бақылау субъектілері веб-портал арқылы және ондағы ақпарат негізінде «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қоғамдық мониторинг жүргізе алады»* [31].

Ұлттық заңнамаға және мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеуге бағытталған саясатты жүзеге асыру тәжірибесінің тиімділігіне жүргізілген талдау нәтижелері келесідей:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мемлекеттік сатып алу процесінің барлық кезеңдерінде көрінуі мүмкін деп санаймыз.

Сатып алу процесі кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің келесідей ықтимал түрлері сақталуда:

- процестегі жеткілікті денгейде ашықтықтың болмауына байланысты тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында орын алуы мүмкін сөзбайласу қаупі жоғары;

- процестегі ашықтықтың және тиісті қадағалау мен бақылаудың болмауына байланысты белгілі бір жеткізушіге арналған техникалық сипаттамалар жасауға жол берілуде. Яғни, белгілі бір жеткізушіге арнап құжаттаманы «бейімдеу», тек бір өндірушіге немесе жеткізушіге тән талаптарды қою әлі де мүмкін болып отыр;

- бәсекелестіктің төмен деңгейіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда. Яғни, жеткізушілердің аз болуы немесе олардың арасындағы бәсекелестіктің болмауы тауарлар мен қызметтерге жоғары бағаны белгілеуге, сондай-ақ жеткізуші көрсетілетін қызметтердің сапасына емес, жеке байланыстар немесе пара алу арқылы келісімшарттар алу түріндегі сыбайлас жемқорлық схемаларының болуына кедергілер жоқ;

- саладағы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар мен оған қатысушылардың кәсіби деңгейінің төмен болуы;

- қоғам тарапынан бақылаудың жеткіліксіз болуы.

2. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі сыбайлас жемқорлықтың себептерін жою мен құқықбұзушылықтардың алдын алуға байланысты ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Алайда, қадағалау мен бақылауды жүзеге асырудың өзге де тетіктері қажет екендігі анық байқалады.

3. Саладағы реформалардың басым бөлігі осы мемлекеттік сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында жүргізіліп келеді. Әрбір енгізілген өзгерістің немесе қабылданған жаңашылдықтардың ішінде осы мәселені шешуге бағытталған шараларды кездестіруге болады. Мұндай үрдісті мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының көрінісі деп түсінеміз.

Дегенмен, кейбір енгізілген өзгерістердің маңызды мақсатына қарамастан тәжірибеде жүзеге асуы қиын немесе қосымша мәселелер тудыратыны да бар, кейде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға арналған жаңа норма өзге бір сыбайлас жемқорлық тәуекелінің пайда болуына себепкер болуда. Тарау барысында талданған мысалдар оған дәлел болып табылады.

4. Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырушы қызметкерлерге арналған бірыңғай этикалық талаптар жоқ.

Ұлттық заңнамаға және мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мен бюджет қаражатын үнемдеуге бағытталған саясатты жүзеге асыру тәжірибесінің тиімділігіне жүргізілген талдау нәтижелерін негізге ала отырып заңнаманы жетілдірудің келесі шараларын ұсынамыз:

1. Мемлекеттік сатып алу процесі кезіндегі конкурсқа қатысушылардың шағымдану тетігін қайта қарау қажет.

2023 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 25 бабында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының шешімдеріне шағымданудың тәртібі өзгергенін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Өзгеріске сәйкес шағымды қарау өкілеттігі мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға берілді.

Жаңашылдықтың екі әлсіз тұсы бар деп санаймыз: біріншіден, процедураны іс жүзінде сапалы атқару қиынға соғуы мүмкін, себебі тапсырыс беруші жоғарыда мысалда келтірілген түрде комиссия құрып, өзі өткізген процедурада талаптар бұзылды деп тануы қиынға соғуы мүмкін. Біздің болжамымыз бойынша, тапсырыс беруші шағымды қарауда бірінші кезекте

өзіне ыңғайлы және қауіпсіз шешім іздейтін болады, сонымен қатар комиссия құру, оған ұйымнан өзге өкілдерді жинау іс жүзінде жүзеге асуы қиын сұрақ болуы мүмкін. Сондай-ақ, мұндай жаңа түрдегі процедура қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыратын болады. Себебі процедура «сыбайластар» үшін жаңа бір құралға айналу қаупі бар. Егер тапсырыс беруші «қолдауға» ие болған өнім беруші болса шағымдар тапсырыс берушімен келісе отырып берілуі және біржақты қаралуы мүмкін немесе керісінше, шағым қанағаттандырылмауы үшін барлық жағдай жасалынуы мүмкін, егер ол «бөтен» қатысушы болса.

Біздің ойымызша тәуекелдер өте жоғары және заңшығарушының бұл қадамы тиімсіз көрінеді.

Ұсыныс: Қолданыстағы шағымды қарау тәртібін қалдыру қажет деп санаймыз, яғни 2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның редакциясындағы нұсқасы қалуы тиіс. Қажет болса екі аудиттің бірін ғана қалдырып, сонымен қоса ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (егер осы орган қалса) штатын ұлғайту арқылы шағымдарды қарау мерзімін қысқартуға тырысып көруге болады.

Азаматтық қоғам институттары тарапынан мемлекеттік сатып алу процесін қадағалауды күшейту жөнінде шаралар қабылдау қажет. Ол үшін мемлекеттік сатып алудың белгілі бір түрлеріне тәуелсіз талдау жүргізу үшін қажетті мүмкіндіктері мен әлеуеті бар қоғамдық ұйымдар қажет.

Ұйымның қызметі тиімді болуы үшін оның құзыретін анықтау түріндегі міндет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігіне жүктелуі керек. Тәуелсіз мониторинг бағдарламасын қалыптастыру үшін мемлекеттік сатып алуды талдауды жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдарды тиісті даярлауды жүргізу және «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға тәуелсіз мониторингті ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі баяндайтын бапты енгізу ұсынылады немесе заңның 24 бабының 2 тармағында берген жалпы негіздемені қосымша тармақшалар қосып жалғастыру арқылы нақтылауға болады деп санаймыз.

Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық институт қажет.

Оның шешімі мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Қоғамдық бірлестік құру болуы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы тиімділікті, әділдікті, ашықтықты және ашықтықты арттыру мақсатында мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Қоғамдық бірлестік құру қажет. Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін тәуелсіз институт болады.

Бірлестіктің негізгі функцияларына мыналар жатады:

а) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге байланысты құқықтық көмек көрсету;

б) мемлекеттік органдар мен тапсырыс берушілер қолданатын сатып алу әдістерін зерделеу, осындай әдістердің әділдігін, жариялылығы мен ашықтығын бағалау, тиісті ұсыныстар беру;

в) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, кеңестер беруді ұйымдастыру;

г) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың барлық тараптарының келісімімен дауларды реттеудің баламалы рәсімін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Қоғамдық бірлестікті сайланбалы төрағасы басқарады. Төраға мемлекеттік сатып алу процестеріне қатысты бірлестікке келіп түскен шағымдарды қарау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру және оларға кеңес беру қызметтерін ұйымдастыруға жауапты тәуелсіз лауазымды тұлға болады.

Қоғамдық бірлестік құрамына мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың өкілдері, мемлекеттік органдардың, өзге қоғамдық ұйымдардың және бизнес-қоғамдастықтың өкілдері кіретін болады.

Қоғамдық бірлестік белгіленген тәртіппен бекітілген өзінің регламенті негізінде әрекет етеді. Өз қызметінде Қоғамдық бірлестік тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық, заңдылық және жеделдік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс.

Қоғамдық бірлестік шағымдарды, жүргізілген тексерулер мен ұсынымдарды қарау нәтижелерін қоса алғанда, жыл сайын өз қызметі туралы баяндамасын жұртшылыққа ұсынуға міндетті.

Қоғамдық бірлестіктің қызметі оған мүше мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылар төлейтін жарна есебінен және өзге де заңда тыйым салынбаған көздер есебінен қаржыландырылатын болады.

2.3 Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу тәжірибесінің ерекшеліктері

Көптеген елдерде мемлекеттік сатып алулар денсаулық сақтау жүйесінің немесе әлеуметтік қызметтердің дамуын ілгерілету үшін белсенді қолданылады. Сондықтан, мемлекеттік сатып алу саласын құқықтық жағынан да, қаржылық жағынан да дамыту жоғары өзектілікке ие, ол мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Сатып алу саласындағы ұтымды басқару - көп факторлы құбылыс. Сатып алу сапасы сатып алу процесінің барлық кезеңдерінде сақталуы керек, бұл жағдайда сатып алуды қоғамдық бақылау құралдары үлкен маңызға ие [92, 92 б.].

Мемлекеттік сатып алу саласын дамытудағы елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесінде науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері, әсіресе тұрақты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді талап ететін созылмалы аурулардың кең таралуы жағдайында туындайтын мәселелер әлі толық шешілген жоқ. Науқастар арасында жүргізілген социологиялық зерттеу келесі мәселелерді анықтаған:

- тегін немесе жеңілдікпен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде науқастардың материалдық жағдайы, жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы мен демографиялық айырмашылықтары ескеріле бермейді;

- күрделі ауруларға қарсы препараттарды сатып алуға арналған конкурстар әрдайым ашық бола бермейді;

- барлық науқастардың қажетті дәрілік заттарды алуға тең қол жеткізу қағидаты әрдайым сақтала бермейді [93, 178 б.].

Ғалымдар денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сатып алулардың келесі ерекшеліктерін атауда:

1. Бұл бағыттағы сатып алу процесінің жоғары қарқындығы.

2. Мамандандырылған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің жоғары үлесі.

3. Сатып алынатын тауарлардың әртүрлілігі.

4. Жасалатын келісімшарттарда қойылатын ерекше талаптардың болуы.

5. Денсаулық сақтау жүйесі қоғамның маңызды әлеуметтік саласы болып табылатындығына байланысты жоғары назардың болуы және жоғары жауапкершіліктің талап етілуі.

6. Сатып алуды жоспарлау кезінде жеткізушілерге қойылатын әр түрлі талаптар: мысалы, белгілі бір қызметке лицензияның болуы, арнайы ұйымдарға мүшелік және басқа да аспектілер.

7. Мамандандырылған нарық ауқымды емес, тиісінше, төмен бәсекелестік немесе оның мүлдем болмауы.

8. Сатып алу рәсімдері бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесінің болуы.

9. Ресми талаптарға сәйкес келгенімен, іс жүзінде қабілетсіз жеткізушілердің анықталу тәуекелдері бар, бұл келісімшартты орындамау қаупін білдіреді.

10. Конкурс жеңімпаздарының келісімшарт жасасудан бас тартуы осы салада өзгелермен салыстырғанда жиі кездеседі, яғни, ондай қауіп әрдайым бар.

11. Сапасыз тауарды жеткізу: дәрі-дәрмектерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, өзге де сапасыз медициналық жабдықтарды жеткізу арқылы науқастардың денсаулығына зиян келтіру қаупі.

12. Термолабильді (суық тізбекті қажет ететін) дәрілік заттар мен вакциналарды, зертханаға арналған реагенттерді дұрыс сақтамау және тасымалдау нәтижесінде тауар сапасының төмендеу қаупі.

13. Жасалған келісімшарттар бойынша жеткізу мерзімдерінің кешігуі, не жеткізушілердің келісімшарттарды орындамау тәуекелдері бар [92, 94 б.].

Зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттік сатып алу тетігін пайдалану қойылған міндетті шешудің тиімді тәсілі болып табылады. Жалпы, әлемдік тәжірибе әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік реттеудің бір әдісі осы мемлекеттік сатып алуларды белсенді қолдану екендігін дәлелдеп отыр. Бұл әдіс бір мезгілде: әлеуметтік мәселелерді шешуге септігін тигізеді, мемлекеттік қаржыны ұтымды жұмсауға мүмкіндік береді және экономиканың нақты секторын дамытуға жәрдемдеседі [94, 4 б.]. Реттеудің бұл түрін жүзеге асыру қоғамның әлеуметтік қорғалмаған топтарына қолдау көрсетуге деген

ұмтылыспен ғана емес, сонымен бірге осы мемлекеттік сатып алу жүйесінде жұмыс істейтін кәсіпорындарға ынталандырушы әсер ету қажеттілігімен де байланысты [95, 24 б.]. Қазақстан да бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарып келеді. Қазақстандық фармацевтика өнеркәсібі мемлекеттік қолдаудың арқасында импортқа тәуелділікті төмендету бойынша зор әлеуетке ие. Отандық фармацевтикалық нарық Еуразиялық кеңістікте қарқынды дамып келе жатқан нарықтардың бірі [96].

ҚР Үкіметінің алдына 2029 жылға дейін отандық өндірістегі дәрі-дәрмектердің үлесін ішкі нарықта 50% - ға жеткізу міндеті қойылған.

Ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша фармацевтикалық нарық көлемі 949,8 млрд теңгені құраған, оның ішінде отандық өндіріс – 144,3 млрд теңге, осы сомманың ішіндегі 7,9 млрд теңгесі – экспортталатын өнімнен түскен. Отандық өндірістің ішкі нарықтағы үлесі 14,4%-ды құраған.

Осы тұста елімізде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу және жеткізу жөніндегі оператор болып табылатын Бірыңғай дистрибьютордың қызметін қарастыра өту маңызды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы №516 қаулысымен «СК-Фармация» ЖШС жүз пайыздық үлесін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне берілді [97]. Бірыңғай дистрибьютор ТМҚКК және МӘМС шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу және жеткізу жөніндегі оператор бола отырып, отандық фармацевтика саласын дамытуда белсенді жұмыс атқарады және оған ерекше назар аударады [98].

Бірыңғай дистрибьютор жүйесі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының фармацевтика саласының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алуды шоғырландыру жолымен фармацевтика өнеркәсібін дамыту мақсатында құрылған. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 247-бабына сәйкес отандық өндірісті қолдау Бірыңғай дистрибьютор қызметіндегі басты бағыттардың бірі болып табылады. Сондай-ақ Бірыңғай дистрибьютор қызметіне:

1) кепілдік берілген көлем тегін медициналық көмек шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу бойынша ашық сауда-саттықты ұйымдастыру;

2) тиісті дистрибьюторлық талаптардың сақталуын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дәрілік заттарды сақтауды ұйымдастыру;

3) мемлекеттік медициналық ұйымдарға дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың логистикасы процестерін ұйымдастыру;

4) Бірыңғай дистрибьютордың, тапсырыс берушінің және өнім берушілердің логистика процестерін интеграциялау үшін, сондай-ақ тауар айналымы мен тауар қалдықтары туралы өзекті ақпаратты алып отыру үшін ақпараттық жүйе құру кіреді [99].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сатып алу саласындағы әл-ауқат пен денсаулық сақтау аспектілерін қорғау тек саяси қолдауға байланысты емес. Сонымен қатар, елдерде жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау жүйелерінің жұмысы, қолданыстағы қызмет провайдерлері мен қалыптасқан басқару тәжірибелері шешуші рөл атқарады. Жалпы, осы бағыт бойынша мемлекеттік сатып алулар нарығын мемлекет тарапынан басқаруға тырысу жоғары, яғни мемлекетпен нарықтың ерекше бақылануы қалыпты тәжірибеге айналған [100]. Көптеген мемлекеттерде денсаулық сақтау қызметіне қажет сатып алулар кезінде халықтың әл-ауқатын ескеру мен денсаулығын қорғауға қатысты қатаң талаптар қойылады [101, 26 б.].

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің еуропалық тәжірибесі біз үшін қызықты. Еуропалық Одақ аясында болсын, жалпы Еуропа мемлекеттерінде болсын мемлекеттік сатып алулардың бұл бағытындағы сәтті тәжірибелер жеткілікті.

Мемлекеттік ауруханаларда медициналық тауарларды жеткізуді басқару ұзақ уақыт бойы Еуропа мекемелерінің басты мәселесі болды, ең көп реформаланатын және қатаң реттеп отыру үшін мемлекет жиі араласып отыратын сала да осы. Медициналық тауарларды сатып алу жүйесі жеткізушілерді, медициналық қызмет көрсетушілерді, жергілікті билікті және саяси органдарды қамтитын мемлекеттік ауруханалардың жеткізілім тізбегін шешудің және басқарудың күрделі механизмі болып табылады.

Денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығындардың жоғары болуына байланысты сала бойынша мемлекеттік сатып алудың негізгі мақсаты анықталады, ол денсаулық сақтау жүйелері пайдаланылатын қаржылық, материалдық және адами ресурстарға қатысты барынша тиімділікті қамтамасыз ету, оларды оңтайландыру болып табылады. Оған орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған жеткізілімдер, деректерді қадағалау мен жаңартып отыру үшін ақпараттық жүйелерді жақсарту немесе жеткізу тізбегі бойынша процестерді жақсарту кіреді [102]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік сатып алуларға байланысты Еуропалық Парламент пен Кеңес 2014 жылы 2014/24/EU Директивасын қамтитын жаңа шаралар пакетін қабылдады [10].

Осы реформаның нәтижесінде мемлекеттік медициналық ұйымдағы шығындардың тиімді жұмсалуды бақылауға және сатып алуларды ұйымдастыру мен оларды басқару бөлігінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Сатып алулардың тиімділігін арттырудың тағы бір жолы ретінде - сатып алу іс-шараларын ұйымдастырудағы таңдауды ұсыну болды, ондай таңдау орталықтандырылған жүйе мен орталықтандырылмаған жүйе арасында жасалынды. Мемлекеттер сатып алуларды ұйымдастыру мен басқаруды орталық немесе жергілікті органдар арқылы жүргізу түріндегі таңдауды жасады [103, 429 б.]. Осылайша, Денсаулық сақтау жүйесі сияқты күрделі ұйымның сатып алу жүйесін жобалау кезінде қабылданатын бірінші маңызды шешімі оны орталықтандыру дәрежесіне қатысты болды. Қайсысы тиімді деген сұраққа

қатысты зерттеушілер арасында пікірлер әртүрлі. Ал мемлекеттер болса өздеріне қолайлы деп тапқанын таңдауда [104].

Қазақстандағы қалыптасқан жағдайға келетін болсақ, елімізде дәрілік заттарды сатып алулар сатып алу мақсатына байланысты екі негізде жүзеге асырылады:

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС үшін дәрілік заттар ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына сәйкес сатып алынуда [105].

2. Ақылы қызмет көрсетуге арналған дәрілік заттар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға [1] және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына [32] сәйкес сатып алынады.

№ 110 Бұйрықта бекітілген қағидалар бойынша дәрілік заттарды сатып алуларда тапсырыс беруші немесе ұйымдастырушы мынадай тәсілдердің бірін қолдану арқылы жүргізеді:

- тендер арқылы;
- баға ұсыныстарын сұрату арқылы;
- бір көзден сатып алу жолымен;
- бірыңғай дистрибьютор арқылы [105].

Қазақстанда фармацевтикалық қызмет өндірісті, дайындауды, көтерме және бөлшек сауданы қоса алғанда, 1-санаттағы лицензияның болуын талап етеді [106]. Медициналық фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптары «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 қазандағы № ҚР ДСМ-148/2020 бұйрығымен бекітілген [107], сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші дәрілік заттарды өндіру немесе көтерме, бөлшек саудада өткізу құқығын растайтын лицензиялардың көшірмелерін ұсынуы тиіс.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күн сайынғы немесе апта сайынғы қажеттіліктегі тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алулар жаңа тізбе бойынша жүргізілетін болады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 559 Бұйрығымен [108] конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және Мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті немесе апта сайынғы қажеттілік тауарларының, атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілді. Бұл тізбе, егер тапсырыс беруші ұйымның үздіксіз қызметі үшін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу үшін тауарлардың осы санаты бойынша конкурс немесе аукцион өткізілетін кезеңге тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды талап еткен жағдайда қолданылады. № 559 Бұйрықта бекітілген тізбе 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және мазмұны жағынан № 677 Бұйрықта [109] бекітілген тізбеден күрделі ерекшеленбейді. № 559 Бұйрық 2025 жылдың басынан бастап күшіне енетін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң аясында бекітілді.

Отандық денсаулық сақтау саласындағы соңғы жылдарда жүргізілген реформалардың нәтижесіндегі күрделі өзгерістерге қарамастан медициналық қажеттіліктер үшін сатып алулардағы мәселелер әлі де жеткілікті екенін байқаймыз. Жүргізілген аудит нәтижесі фармацевтикалық өнім айналымы саласында 36 жүйелік кемшіліктерді анықтаған. Олар отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларына, баға белгілеуге, сатып алу және логистика процестеріне, инспекциялар жүргізуге және дәрі-дәрмектердің қауіпсіздігін бағалауға қатысты.

Сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде ашықтық қағидасына қайшы келетін бұзушылықтар анықталған. Мәселен, аналогы бола тұра 3 млрд теңге сомасына, сондай-ақ жергілікті қамтуды растайтын сертификатсыз 182 млрд теңгеден астам сомаға «СТ-KZ» компаниясымен бір көзден алу тәсілімен дәрі-дәрмектер сатып алынған.

Жекелеген жеткізушілердің дәрі-дәрмектерді сақтау нарығын монополиялауы және бірыңғай дистрибьютерде өзінің логистикалық инфрақұрылымының болмауы логистикаға жұмсалатын шығыстардың 1,5 есе өсуіне ықпал етіп, шығыстар көлемі 2022 жылдан 2024 жылға дейін – 6,8 млрд теңгеден 10,2 млрд теңгеге дейін артқан.

Ақмола, Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының денсаулық сақтау ұйымдары үшін дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сақтау бойынша жедел қоймалардың болмауы да логистикаға шығындарды ұлғайтып отыр және төтенше жағдайлар кезінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілуіне теріс әсер етуі қауіп бар.

Тариф белгілеудің ойластырылмаған саясаты, логистика, есепке алу және шығыстарды бақылау процестерін төмен автоматтандыру 17,2 млрд теңгеге экономикалық қажетсіз шығындарға, 538 млн теңге сомасында артық төленген қаражатқа әкелген. Оның 220 млн теңгесі қалпына келтірілген.

Жалпы аудит қорытындысы бойынша 3,7 млрд теңгеге бұзушылықтар анықталған, оның ішінде:

- қаржылық бұзушылықтар - 538 млн теңге;
- тиімсіз жоспарлау - 2,8 млрд теңге;
- активтерді тиімсіз пайдалану - 385 млн теңге;
- бюджеттің ықтимал шығындары - 21,7 млрд теңге.

ҚР Жоғары аудиторлық палатасының мәліметінше аудит жүргізуге кедергі келтіргені үшін Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Анықталған бұзушылық фактілері бойынша материалдар құқық қорғау органдарына жіберілген. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 134 факт әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін уәкілетті органдарға жолданған [110].

Тексерулер көрсеткендей елімізде фармацевтикалық өнім айналымы саласында жүйелі кемшіліктерді бар, заңнаманың бұзылуына жол берілуде. Әкімшілік кедергілерді болдырмау, дәрі-дәрмектердің құнын төмендету және сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін шаралардың қажеттілігі анық байқалады.

Тағы бір мысал: Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің хабарлауынша, «Медсервис плюс», «Ақниет» және «Стофарм» компаниялары мемлекет сатып алатын дәрі-дәрмектерді сақтау және тасымалдау нарығын монополиялап алған. Олар жалған схемаларды қолдана отырып, мемлекеттік сатып алу аясында конкурс өткізу ережелерін бұзған. Нәтижесінде компанияларға 342 млн теңге айыппұл салынған.

Схема бойынша бірінші кезеңде «бәсекелес» бағаны едәуір төмендетуді ұсынады (58%-ға дейін), тиісінше конкурста жеңіске жетеді, содан кейін «жеңімпаз» сапалы қызмет көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауына байланысты «СК-Фармациямен» ұзақ мерзімді шартқа қол қоюдан бас тартады. Осыған байланысты «СК-Фармация» бастапқы сомаға қайта конкурс жариялайды, онда жалғыз қатысушы «қажетті серіктестік» жеңімпаз болады.

Агенттіктің хабарлауынша, компаниялар алдын-ала сөз байласқан заңсыз келісімдерге жол беріп отырған. Бағаның шамалы ғана төмендету арқылы конкурстарды жеңіп отырған. Ал басқа субъектілердің сатып алуға қатысқан жағдайларда өзге схема іске асырылған.

Монополияға қарсы ведомство компаниялардың ішкі хат-хабарларын зерттегенін және баға келісімі фактісінің расталғанын атауда. Тергеу материалдары ҚР Қаржы мониторингі агенттігіне жолданған [111].

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі де денсаулық сақтау және фармацевтика саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ауқымды талдау жүргізген. Нәтижесінде дәрі-дәрмектер мен медициналық жабдықтар айналымының барлық кезеңдеріне әсер ететін жүйелік мәселелер анықталған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау сыбайлас жемқорлыққа алдын-ала қарсы іс-қимылдың маңызды құралы болып табылады және ол сыбайлас жемқорлық көріністері мен көптеген қаржылық бұзушылықтар мемлекеттік денсаулық сақтау инвестицияларының тиімділігін айтарлықтай төмендететінін көрсетті.

Тек соңғы үш жылда мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіне жұмсаған шығыстары бір жарым есеге ұлғайып, 5,8 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте 2027 жылға қарай ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі медицинаға жұмсалатын шығыстардың үлесін 5% - ға дейін жеткізу жоспарлануда. 2023 жылы бұл көрсеткіш 3,8% құраған.

Алайда, талдау көрсеткендей, медицинаға бөлінетін айтарлықтай қаражат әрдайым тиімді пайдаланыла бермейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет дәрілік заттар мен медициналық жабдықтар айналымының барлық кезеңдерінде, атап айтқанда: дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жоспарлаудан бастап оларды сатып алуға, техникаға сервистік қызмет көрсетуге және отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттар жасасуға дейінгі тәуекелдерді анықтаған. Дәрілік заттарға қажеттілікті арттыру, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің құнын арттыру, түрлі ауруларға қарсы вакциналарды уақтылы сатып алмау, талап етілмеген жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ негізсіз төлемдерді есептеу фактілері анықталған.

Бұл жағдайдың себептерінің ішінде сарапшылар сатып алуды жоспарлау тетіктерін автоматтандырудың жеткіліксіздігін, ақпараттық жүйелер мен мәліметтер базасының жетілмегендігін, жеткізушілер арасында нақты бәсекелестіктің жоқтығын, лауазымды тұлғалардың кең дискрециялық өкілеттіктерін, ведомстволық бақылаудың жеткіліксіздігін және басқа факторларды атауда [112].

Түйіндейтін болсақ, дүние жүзіндегі денсаулық сақтау жүйелері медициналық көмектің қымбаттауына, қолда бар ресурстардың шектеулілігіне және науқастардың көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты талаптарын қанағаттандыра алмауына тап болуда, Қазақстан да бұл жағдайды бастан өткеруде. Қазіргі уақытта бүкіл әлемдегі денсаулық сақтау қызметтерін пайдаланушылар денсаулық сақтаудың барған сайын сапалы болуына, оған тең қол жеткізілуіне ұмтылуда және соңғы технологияларды қамтитын медициналық жабдықтар мен заманауи медициналық диагностикалық құралдарды пайдалануға тырысуда. Тең қолжетімділік міндеттемесін іске асыру және жоғары сапалы қоғамдық денсаулық сақтау қызметтерін ұсынуды қамтамасыз ету мемлекеттік сатып алулар үшін де қазіргі заманға сай стратегиялық көзқарастың болуын талап етіп отыр.

Денсаулық сақтау саласындағы сатып алулардың мәселелеріне айналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді уақытылы сатып алмау, талап етілмеген жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ негізсіз төлемдерді есептеу фактілері әлі де тіркелуде. Осы тұста, біздің ойымызша медициналық тауарларды сатып алулар кезінде рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру кезінде ұйымдастырушыларға әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысудан ауытқу себептерін нақты көрсету қажет, сондай-ақ порталда сәйкестендірілуі қажет мәліметтер мен құжаттарды дәл көрсету өте маңызды. Тәжірибе көрсеткендей мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде порталдағы көптеген медициналық ұйымдардың жиі жіберетін қателігі осы болып отыр. Нақтырақ айтқанда, біртекті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін олардың біртекті түрлері бойынша немесе оларды жеткізу орны бойынша лоттарға бөлмеу мәселесі өзекті. Мысалы, дәрігерлердің біліктілігін арттыру қызметтері бір лотпен жарияланады, ал техникалық сипаттамада үш түрлі медициналық мамандықтардың атауы жазылады, олар өз кезегінде жылдың әр мезгілінде, әртүрлі әлеуетті жеткізушілермен атқарылуы мүмкін.

Сонымен қатар, сатып алушы үшін мұндай жағдайда әр циклдың өзіндік құнын анықтау қиынға соғады. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 39-бабында көзделген негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен тікелей шарттар жасасуға ерекше назар аударулары тиіс. Көптеген ұйымдастырушылар қазірдің өзінде жарияланған хабарландыруда жіберілген қателер анықталған кезде сатып алудың өзінен бас тарту арқылы бұзушылықтарға жол береді, сондықтан хабарландыру беру сатысындағы қателіктерді болдырмауға мән беру қажет.

Сатып алуларды жүргізу кезінде сатып алудың жылдық жоспарларын бекітуге және сатып алудың тәсілдерін айқындауға неғұрлым

жауапкершілікпен қарауы және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын [106] негізге алулары тиіс. Мәселен, егер сатып алулар кезінде рұқсат беру құжаты талап етілсе, онда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу мүмкін емес екендігін қатаң ескеруі тиіс, оған жол берілсе - бұл әкімшілік құқық бұзушылық болып бағаланады.

2.4 Құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу тәжірибесінің ерекшеліктері

Экономиканы басқарудың тиімді жүйесінің қалыптасуы көбінесе құрылыс кешенінің жағдайына, оның дамуы инвестицияларды тарту әдістері мен көлеміне байланысты. Құрылыс елдің ең маңызды қор құрушы саласы болып табылады, онсыз жұмыс көлемі мен түрлерін, өндіріс ауқымы мен өндірістік қуаттарды ұлғайту мүмкін емес [113].

Құрылыс саласындағы сатып алуларды құқықтық реттеудің мәселелері әрдайым заң шығарушының ерекше назарында болады, себебі бұл жағдайда сатып алушы, яғни мемлекет процестің максималды өнімділігіне мүдделі [114, 1732 б.]. Елдердегі мемлекеттік сатып алу жүйелерін жақсарту жөніндегі басым көп шаралар сыбайлас жемқорлықпен күресуге және жүйедегі бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған [115].

Қазақстандағы сәулет, құрылыс және жобалау саласындағы қызмет лицензиялауға жатады. 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңы құрылыс-монтаждау, жобалау және іздестіру жұмыстары саласында лицензиялауға жататын қызмет түрлерін белгілейді [106]. Бұл ретте лицензиялар бөлінбейді және үшінші тұлғаларға берілуге жатпайды.

2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы [116] және 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заң [106] лицензиялардың үш негізгі санатын бекітеді. Санаттарға бөлудің негізі салынып жатқан объектілердің жауапкершілік деңгейлерімен байланысты.

ІІІ санаттағы лицензия қарапайым объектілерде күрделі емес жұмыстарды жүргізуге беріледі және құрылыс және жобалау саласында жұмыс тәжірибесінің болуын талап етпейді. Мұндай лицензияны алу үшін лицензиат заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс. Осындай талаптардың бірі Қазақстанда лицензияланатын жұмыс түрлерін жүргізу үшін қажетті ғимараттары немесе үй-жайлары бар меншік құқығындағы немесе жалға берілетін өндірістік базаның болуы болып табылады. Заңнама өндірістік базаның мөлшеріне қойылатын талаптарды белгілемейді, бұл ретте олар лицензияланатын жұмыс түрлерін жүзеге асыру үшін жеткілікті болуға тиіс. Лицензиатта жабдықтардың, сондай-ақ машиналар мен бақылау-өлшеу аспаптарының ең аз жиынтығының болуы маңызды талап болып табылады. Сонымен қатар, лицензиаттың лицензия шеңберінде жұмыстарды орындау үшін

қажетті аттестаттаудан өткен кемінде 1 білікті инженерлік-техникалық қызметкері болуы тиіс.

II санаттағы лицензия күрделілігі жоғары объектілерде жобалау және құрылыс қызметін жүзеге асыруға беріледі. Мұндай объектілерге машина жасау, көлік, қайта өңдеу салаларының өндірістік объектілері, қуаты 150 МВт-тан кем жылу энергетикасы объектілері, агроөнеркәсіптік мақсаттағы объектілер және т.б. жатады. Тәжірибені растау үшін лицензиат жұмыстарды қабылдау туралы құжаттарды ұсынуы керек. Біліктілік талаптарына сәйкес лицензиаттың лицензияланатын қызмет түрлерін жүргізу үшін қажетті ғимараттары немесе үй-жайлары бар меншік немесе жалдау құқығындағы өндірістік базасы болуы тиіс. Ішкі сапа және қауіпсіздік жүйелерінің болуын қоса алғанда, лицензияланатын жұмыс түрлерін жүргізу үшін қажетті жабдықтардың, техникалардың, бақылау-өлшеу аспаптарының ең аз жиынтығының болуы да қажет. Қосымша лицензиатта лицензия шеңберінде мәлімделетін жұмыстардың әрбір түрі бойынша кемінде 1 инженерлік-техникалық қызметкер болуға тиіс. Барлық инженерлердің Қазақстанда біліктілігін растайтын аттестаттары болуы міндетті талап.

I санаттағы лицензия күрделі объектілерде (мысалы, өнеркәсіптік объектілер, мұнай, газ, химия, тау-кен өнеркәсібінің қауіпті өндірістік объектілері, магистральдық автомобиль және темір жолдар, қуаты 150 КВт-тан астам жылу энергетикасы объектілері, әуежайлар және т. б.) жобалау қызметін және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыруға беріледі.

Мұндай лицензияны алу үшін Қазақстанда немесе одан тыс жерлерде құрылыс саласында кемінде 10 жыл расталған жұмыс тәжірибесінің болуы талап етіледі. Тәжірибені растау үшін лицензиат лицензиялау органына жұмыстарды қабылдау туралы құжаттарды ұсынуы керек. Лицензиат біліктілік талаптарына сай болуы және лицензияланатын қызмет түрлерін жүргізу үшін қажетті онда орналасқан ғимараттары немесе үй-жайлары бар меншік құқығында немесе жалға беруде өндірістік базасы болуы тиіс.

Өндірістік базадан басқа, лицензияланатын қызмет түрін жүргізу үшін қажетті жабдықтардың, техникасының, бақылау-өлшеу аспаптарының ең аз жиынтығының болуы, сондай-ақ ішкі сапа және қауіпсіздік жүйелерінің болуы міндетті талап болып табылады. Сонымен қатар, лицензиаттың лицензия шеңберінде жұмыстардың әрбір түрі үшін кемінде 1 инженерлік-техникалық қызметкері болуы тиіс, ол Қазақстанда оның біліктілігін растайтын аттестат алуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 446, 447-тармақтарына сәйкес: *«әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығын веб-портал Мемлекеттік кіріс органдарының мынадай мәліметтері негізінде автоматты түрде айқындайды»* [32].

Қазақстанда құрылыс-монтаж жұмыстарын сатып алуды құқықтық реттеу мәселесі қазіргі уақытта өте өзекті, бұл жұмыстарды жүзеге асыру кезінде қолданылатын материалдардың сапасына бақылау жүргізудің белгілі бір

күрделілігіне байланысты, бұл құрылысшылар мен басқа мердігерлер тарапынан әр түрлі теріс қылықтарға жол беруге әкелуде. Құрылыс-жөндеу және әрлеу жұмыстары әрқашан жоғары сұранысқа ие. Әр түрлі нысандарды салу және жөндеу бойынша тапсырыстар мен тендерлер жиі жарияланады. Құрылыс жұмыстарын сатып алуды жүзеге асыру ережелері қазіргі уақытта айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Бұл қала құрылысы қызметі туралы заңнамаға, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыруды реттейтін заңнамаға енгізілетін түзетулермен түсіндіріледі.

Заңнамадағы жаңашылдықтарға келетін болсақ, 2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда құрылыс жұмыстарының нысанасы болып табылатын ЕРС келісімшартын жасасу мүмкіндігі пайда болды. Осы мүмкіндік негізінде жобалаудан бастап пайдалануға беруге дейінгі жобаның барлық кезеңдерінде бір жеткізушінің құрылысты жүзеге асыруы іске асыру уақытын қысқартады деп көзделуде [61].

ЕРС аббревиатурасы - Engineering, Procurement, Construction – яғни құрылыс процесінде үш негізгі кезеңді біріктіреді, олар: инжиниринг, жабдықтау және құрылыстың өзі. ЕРС - бұл халықаралық құрылыс индустриясында кешенді құрылыс жобаларын жүзеге асыру үшін қолданылатын құрылыс келісімшарттарының жалпы атауы [117]. ЕРС келісімшарты - бұл объектіні жобалау, сатып алу, салу және пайдалануға беру жауапкершілігін өз мойнына алатын тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы келісім. Осылайша, мердігер тапсырыс берушіге белгіленген талаптарға сай салынған, пайдалануға дайын нысанды беруге міндеттеме алады.

А.С. Павлов пен Р.В. Островскийдің пікірінше кешенді құрылыс келісімшарт жасасудың мәні келесілердің бірі болуы мүмкін:

- құрылыс - төменде көрсетілген келісімшарт жасасу объектілерінің кез келгені немесе олардың үйлесімі;
- құрылыс (жаңа құрылыс) - жаңа құрылыс объектісін құру;
- қайта құру - құрылыс объектісінің мақсатын, көлемін, ауданын, қабаттылығын, құрамын және орналасқан жерін қоса алғанда, оның негізгі параметрлерін өзгерту;
- жаңғырту - құрылыс бөлігін қажетті өзгертумен технологиялық жабдықтар мен технологиялық жүйелерді ауыстыру, жетілдіру немесе қалпына келтіру;
- күрделі жөндеу - негізгі параметрлерді өзгертпестен құрылыс конструкциялары мен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйелерін ауыстыру, күшейту немесе қалпына келтіру;
- ағымдағы жөндеу - құрылыс объектісін қалыпты пайдалануды қамтамасыз ететін қосымша техникалық іс-шаралар;
- қалпына келтіру - құрылыс объектісінің, тарих және мәдениет ескерткішінің бастапқы немесе тарихи маңызды келбетін қалпына келтіру;
- консервациялау - құрылған немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, оны пайдаланылмайтын күйге ауыстыру;
- бұзу - құрылыс объектісін толық жою;

- бөлшектеу - құрылыс объектісінің конструкциялары мен жүйелерін ішінара жою;

- қалпына келтіру - құрылыс аяқталғаннан кейін жер және орман учаскелерінің жағдайын қалпына келтіру немесе жақсарту [118, 504 б.].

ЕРС келісімшарттар жасасу үшін дайындық рәсімдерінің мерзімдері қысқа болады деп күтілуде, бұл басым және шұғыл жобаларды іске асыру кезінде әкімдіктердің жеделдігін айтарлықтай арттырады деп болжанады. Егер осы нормалар ойлағандай қолданыла бастаса, біз бүгінгі таңда Үкімет пен қоғам талап етіп отырған мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемелерді сапалы орындаудың заңнамалық кепілдіктерін ала аламыз деп болжаймыз.

Сонымен қатар, адами факторды болдырмау үшін мемлекеттік сатып алу жүйесіне рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс түрінде мемлекеттік сатып алу тәсілі енгізілгені белгілі. Ол қазір үш сатып алу түрінде әрекет етеді, олар: құрылыс жұмыстары, жобалау, техникалық қадағалау. Бұл жүйе бойынша жеңімпазды мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінің деректері негізінде портал автоматты түрде анықтайды. Жеңімпаздарды автоматты түрде анықтауды ескере отырып, мұндай сатып алулардың қорытындылары шағымдануға жатпайды.

3 МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

3.1 Мемлекеттік сатып алуды тиімді және ашық өткізуді заңнамалық қамтамасыз ету жолдары

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға [1] сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу жүйесін бақылауды уәкілетті орган ҚР Қаржы министрлігі мен оның ведомствосы арқылы жүргізіледі. 2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңның нормаларына [119] сәйкес сатып алуды жүргізудің заңдылығына бақылау жасалынуда.

Бүгінгі күнге еліміздегі мемлекеттік сатып алуды тиімді және ашық өткізуді қамтамасыз етудің келесідей жағымды жақтарын атауға болады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алуды қоса алғанда, шешімдер қабылдау және бюджеттің атқарылуын мониторингілеу процесіне жұртшылықтың қатысуы үшін барған сайын көбірек мүмкіндіктер жасауда.

2) Азаматтық қоғамның өкілдері «Ашық НҚА» порталы [120; 121] көмегімен заң шығару процесіне қатыса алады, онда олар ұсынылып отырған өзгерістерге, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы өзгерістерге түсініктеме бере алады.

3) Мониторинг тетігі арқылы сатып алу процестеріне азаматтардың тікелей қатысуы да тәжірибеде бар. Оларға азаматтық қоғамның есептерін жариялау және мемлекеттік сатып алу туралы көпшілікке қолжетімді ақпаратқа базалық талдау ұсынылған БАҚ-тағы мақалаларды да атауға болады.

4) Қазақстанның заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасы, тұтастай алғанда, ішкі және сыртқы аудитті және ішкі бақылау функциясын қоса алғанда, бақылаудың кешенді құрылымын бекітеді.

5) Тиісті интернет-ресурстарда жарияланатын мемлекеттік аудит органдарының мерзімді есептері нұсқамалар мен ұсынымдардың орындалу пайызы туралы ақпаратты қамтиды.

6) 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы тыйым салынған қызмет, мүдделер қақтығысы ұғымдарын қамтиды, сондай-ақ осыған байланысты жауапкершілікті анықтайды. Алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және басқа да тыйым салынған әрекеттер бойынша айыптау бөлігінде белгіленген рәсімдер бар. Заң азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді және өзге де заңды тұлғаларды өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға міндеттейді [122].

7) Қаржы министрлігі жосықсыз заңды және жеке тұлғалардың тізілімін жүргізеді. Бұл тізілімге енгізу негіздері сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру процесінде жалған ақпарат беруді, келісімшарт берілгеннен кейін мемлекеттік

органмен келісімшартқа қол қоймауды немесе қол қойылған келісімшарттың тиісінше орындалмауын қамтиды.

8) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Qamqor» Веб-порталы [123] қозғалған істер және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін сотталғандығы статистикаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

9) Мемлекеттік басқару академиясы мен жоғары оқу орындары заң тану бағыты бойынша жалпы оқыту бағдарламаларын ұсынады.

10) Мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексі мінез-құлықтың жалпы стандарттарын белгілейді. Мемлекеттік қызметші өзінің басшылығына мүдделер қақтығысының ықтимал немесе бұрыннан бар жағдайы туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті [28].

11) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қоғамдық ұйымдармен әріптестікте саладағы сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау мен алдын алуға бағытталған ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Агенттік 2023 жылы «Бірыңғай сатып алу терезесі» порталы арқылы мемлекеттік сатып алу мониторингі барысында тауарлар, жұмыстар мен қызметтер құнын жалпы сомасы 41,4 млрд теңгеге асыра бағалаудың алдын алған [87]. Бүгінгі күнде бұл шаралар мемлекеттік сатып алулар кезіндегі қаражатты тиімді жұмсауды бақылаудың ең нәтижелі тетігінің біріне айналған.

Аталғандармен қатар, сатып алуды жүзеге асыру жеке тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін тікелей қозғайтындықтан, тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар түріндегі мемлекеттік органдардың, мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу ерекше назар аударуға лайықты сұрақ.

Қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның маңызды кемшіліктерінің бірі тиісті шарттардың жасалуына және орындалуына қоғамдық бақылаудың болмауы болып табылады. Бұл мәселе соңғы жылдары жиі көтеріліп, оның қажеттілігі туралы пікірлер басым болғаны белгілі. Нәтижесінде, жаңа заңда мемлекеттік сатып алулардың қоғамдық мониторингі процеске енгізілді [124].

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның жаңа редакциясындағы 24-бапқа сәйкес: «1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинауды, жинақтауды, талдауды, жүйелеуді және бағалауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган веб-портал арқылы және ондағы ақпарат негізінде мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізеді. 2. Қоғамдық бақылау субъектілері веб-портал арқылы және ондағы ақпарат негізінде «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қоғамдық мониторинг жүргізе алады» [31].

Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбейілдің сөзінше: «бізде шартты орындау барысында тапсырыс берушілер техникалық қадағалау жүргізулері тиіс, алайда кейбір тапсырыс берушілерде ресурстар жетіспеушілік мәселесі бар. Мысалы, Балқаш қаласының әкімдігін алсақ, құрылыс бөлімінде 2-3 адам,

ең көбі 5 адам жұмыс істейтін шығар. Қалада жүргізіліп жатқан барлық құрылыстардың барысын бақылау үшін оларда ресурс пен уақыт жеткіліксіз. Осыған байланысты біз әкімдікке, бізге, тұтастай алғанда бүкіл мемлекетке белгілі бір объектінің құрылысын бақылауға көмектесетін қоғамдық мониторинг институтын енгіздік» [125].

Бұл мониторинг түрін ақпаратты жинау, жалпылау және талдау арқылы жүргізілуі тиіс деп болжаймыз. Қызмет мемлекеттік сатып алу веб-порталында олардың орындалуы бойынша есептерді растай отырып (оның ішінде фото - және бейнетіркеуді пайдалана отырып) жұмыстарды орындау кестелерін жалпы қолжетімділікте орналастыруды қамтиды. Қажет болса «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 3-тармағына сәйкес қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына бару арқылы да жүргізілуі мүмкін [126].

Әрине, мұндай өзгерістің енгізілуіне «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңының қабылдануы да тікелей әсер етті деп санаймыз. Заң 2023 жылдың 2 қазанында қабылданып, 2024 жылдың 4 сәуірінен бастап қолданысқа енген болатын. Оның басты мақсаты - мемлекеттік органдар мен мекемелердің актілері мен шешімдерінің қоғамдық мүдделерге сәйкестігін талдау және бағалау [126].

Қоғам тарапынан мемлекеттік сатып алуға қоғамдық бақылау жүргізу арқылы тиісті шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік органдар мен мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жауапкершілігі, олардың қызметінің ашықтығы артады.

Бұдан басқа, қоғамдық бақылау мемлекеттің монополияға қарсы саясатын аясындағы шараларды күшейтіп, елдегі бәсекелестік нарығын күшейтуге ықпал ететіні сөзсіз. Сондай ақ, қоғамдық бақылау экономикалық саясатты реттеуде, бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды бақылауды жақсартуға мүмкіндік береді.

В.В. Теннің пікірінше, қоғамдық бақылау демократияның элементтерінің бірі болып табылады. Сондықтан оның әсер ету тетіктерін әзірлеу және оған көбірек халықты тарту - бұл өзекті бағыт, әсіресе қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда өте жоғары маңызға ие. Мемлекеттік басқару тетігінде қоғамдық бақылауды қолдану мемлекеттік бақылаудың барлық салаларында, оның ішінде қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің сапасын арттыратынын атап өткен автор [26, 93 б.].

Сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік билік институттары мен халық арасындағы өзара әрекеттесу түріндегі байланыс жоғалған кезде қоғам деградацияға ұшырайды, ал мемлекет механизмінде қоғамдық бақылау жұмысын тоқтатады [127]. Өз кезегінде, П.Ю. Кузнецова азаматтық қоғам - бұл азаматтар өз мүдделерін білдіре алатын және мемлекеттік органдарға қатысты бастамалар көтере алатын өзара байланысты қоғамдық институттар жүйесі деп санайды. Азаматтық қоғам институттары туындайтын мәселелерге байланысты қоғамдық қатынастардың барлық салаларында құрылуы мүмкін. Бұл мәселелер

негізінен сыбайлас жемқорлық мәселелері болып табылады, оған қарсы күресте мемлекеттік аппарат қоғамдық бірлестіктердің көмегіне жүгінеді [128, 82 б.].

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы ең төменгі баға негізінде жеңімпазды айқындайды. Бұл процесс белгілі бір қосымша критерийлерге сәйкес келетін қатысушылар үшін жеңілдіктерді есептеуді де қарастырады, мысалы: қолайлы тәжірибенің болуы, экологиялық қауіпсіздігін растайтын құжатының болуы, жоғары сапа және т.б..

Біліктіліктің екі деңгейлі тексеріс тәсілін пайдалана отырып, Қазақстан Үкіметі іс жүзінде өнімнің сапасы мен оның өміршеңдігі сияқты маңызды өлшемдерді жоғалтып алған. Сонымен қатар, қолданыстағы жүйе инновациялық компанияларды сатып алулардан алыстатуда. Бағалау рәсімдерінің орынсыздығы әсіресе ақпараттық және консультациялық қызметтердің сапасы мен техникалық мүмкіндіктерін анықтау кезінде айқын көрінеді.

Сондықтан, Қазақстан Үкіметі өнім берушіні таңдаудың шешуші өлшемі болып табылатын ағымдағы бағалау тәсілінің орнына әлі толыққанды қолданылмайтын мемлекеттік сатып алулардағы балдық-рейтингтік бағалау жүйесін жиі қолдану амалдарын қарастыруы тиіс деп санаймыз. Балдық-рейтингтік бағалау стратегиялық мақсаттарды ескеруге және ұсыныстар сапасын арттыруға мүмкіндік береді, себебі мұндай тәсіл жеткізушілерді сапалы өнім жеткізуге ынталандырады.

Артықшылықтары ретінде келесілерді атауға болады:

- 1) табиғаттың ластануын азайту;
- 2) жеткізу мерзімі;
- 3) өнімнің өмірлік циклінің құны [49].

Отандық ғалымдардың пікірінше: «Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін халықаралық тәжірибені зерделеу пайдалы болуы мүмкін. Әлемдік тәжірибелер мемлекеттік сатып алуды кез келген елдің экономикалық даму деңгейін әсер ететін қуатты фактор екендігін көрсетеді» [50, 147 б.]. Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік сатып алу жоғары деңгейде дамыған елдердің бірі Америка Құрама Штаттары. Шаруашылық жүргізудің осы формасының арқасында АҚШ-та өнеркәсіптің электроника, аэрокосмос, атом және т.б. салалары пайда болып, дами бастады.

Ғалымдардың пікірінше: «АҚШ мемлекеттік сатып алу ұлттық жүйесінің артықшылықтары ретінде келесілерді атауға болады:

- рәсімдерді қатаң реттелуі, ведомствоаралық өзара іс-қимыл және бақылаудың қатаң болуы жүйедегі жемқорлыққа қарсы тұруға мүмкіндік береді;
- мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етуді жоспарлау әдістері кеңінен қолданылады;
- бірыңғай әдістеме бойынша конкурстық сатып алу, стандартты келісімшарттар пакеті және сатып алынатын өнімнің нормативтік ерекшеліктерін, деректер базасын пайдалану жоғары деңгейде;
- келісімшарттардың орындалуын бақылаудың түрлі механизмдері, нәтижелерді қабылдау және бағалау рәсімдері, мемлекеттік (қоғамдық)

қажеттіліктерді қамтамасыз етудің тиімділігін және өнімдерді қоғамдық жеткізуді басқару жүйесі жақсы дамыған;

- арнайы ақпараттық ресурстар процесті және оның нәтижелерін көпшілік үшін қол жетімді етеді және жариялылықты қамтамасыз етеді» [129, 141 б.].

АҚШ-тағы мемлекеттік тапсырысты нормативтік реттеу кезінде негіздемелік шарттарды қолдану көптеп кездеседі. Жүйеде стандартты тауарлар мен шикізаттарды жеткізуде, тұрғын үй коммуналдық қызметтерін көрсетуде және т. б. көптеген сатып алу түрлері бойынша осындай шарттар үлгісі пайдаланылады, тек Пентагонның өзі мұндай келісімшарттардың 50-ге дейін түрін қолданады [130, 45 б.].

Өз мақалаларында жүргізген зерттеу нәтижесінде Ж.М. Хамитов мен Г.А. Джунусбекова сатып алуларды тиімді және ашық өткізуге әсер етуі мүмкін бірнеше ұсыныстар береді, олар:

- мемлекеттік сатып алу процесіне тікелей қатысатын қызметкерлер үшін әкімшілік бақылауды қатаңдату қажет;

- мемлекеттік мекеме қызметкерлері тарапынан жол берілген сыбайлас жемқорлық әрекеттер туралы ақпаратты құзыретті органдарға жедел хабарлау мүмкіндігін беретін кәсіпкерлер үшін мобильді қосымша әзірлеу қажет;

- қоғамдық ұйымдар нысанында мемлекеттік сатып алу саласында облыстық және өңірлік қоғамдық бақылау орталықтарын құру керек. Мұндай орталықтарды құру азаматтардың мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық мониторингті қалай жүзеге асыру керектігі туралы ақпараттану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Авторлардың пікірінше, Қазақстанның сатып алу қызметінің елеулі кемшіліктерінің бірі жүйедегі ашықтықтың төмендігі болып табылады, ол өз кезегінде мемлекеттік сатып алу саласындағы жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруда. Салада қоғам тарапынан бақылау төмен, қоғамдық бақылау орталықтар жоқ, олар болса қоғам белсенділеріне сатып алуды жүргізу тәртібін, осы бағытта тиімді тергеу жүргізуді үйретіп, жергілікті тұрғындардың сатып алу туралы жария ақпаратқа қол жеткізуін жақсартар еді. Сондай ақ жинақталған сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу тәжірибесін пайдалана отырып, осы саладағы бұзушылықтар мен өкілеттігін теріс пайдалану туралы деректер базасын құрып, талдамалық материалдар қорын қалыптастыру қажет [41, 98 б.].

Г. Омарованың пікірінше: «демпингтік баға - мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында конкурсқа қатысушы ұсынған ұқсас жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қолданылатын бағалармен салыстырғанда көрінеу төмен болып табылатын баға» [131, 62 б.].

Қазақстан Республикасының заңнамасы конкурс тәсілімен, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен және электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде демпингке қарсы шараларды белгілейді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алулар үшін демпингтік бағаны айқындаудың мынадай тәртібін белгілейді: «1) техникалық-экономикалық негіздемемен,

жобалау-сметалық құжаттамамен жұмыс істеу, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа жөндеу – 5% (73-тармақ);

2) техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстар – 10% (74-тармақ);

3) объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді қала құрылысы сараптамасы бойынша жұмыстар – 0% (75-тармақ);

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер – 10% (76-тармақ);

5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді көрсету-10% (76-1-тармақ);

6) барлық «тауарлар» - 20% (77-тармақ);

7) қалған «қызметтер» - 20% (77-тармақ);

8) қалған «жұмыстар» - 20% (77-тармақ)» [32].

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы, егер ол барлық ұсынылған баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан отыз пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады (80-тармақ) [32].

Сонымен, қазіргі тарихи кезеңде негізгі мәселе мемлекеттік сатып алулардың ашықтығы мен тиімділігін арттыру болып табылады. Себебі олар мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыруға, сондай-ақ ұлттық өндірушіні және жаңа тауарлар, қызметтер, технологиялар жасау жөніндегі жүйелік процестерді қолдауға арналған. Мемлекеттік сатып алу тиімділігінің негізгі факторлары: саяси процестерге қатысатын тұлғалардың сатып алудың маңыздылығын түсінуі, сатып алуды іске асыру нарықтарын стратегиялық жоспарлау, құқықтық бақылау және сатып алу тетігінің жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасы мен цифрлық ортасын қалыптастыру деп санауға болады.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының заңнамасында әрбір мемлекеттік кәсіпорын немесе мекеме мемлекет қатысатын мемлекеттік сатып алуларды өткізу туралы мәліметтерді ұсынуға міндеттейтін норма болуы тиіс. Ал Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджет ресурстарын жұмсаудың тиімділігі туралы есеп беріп отыруы керек.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу Веб-порталында келісімшарттар бойынша төлемдер туралы толық ақпарат жоқ. Төлемдердің уақтылығы және келісімшарттардың орындалу тиімділігінің басқа аспектілері, оның ішінде сметаға қарсы мерзімдер мен құнның асып кетуі туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі келісімшарттардың аяқталуын қамти отырып, есеп беру тетігін күшейту қажет.

Жаңа заңнамада пайда болған мемлекеттік сатып алулардағы қоғамдық бақылау институтын тәжірибеде жұмыс істетуге қажет.

Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде тәуелсіз қоғамдық мониторинг және сараптама жүргізудің жаңа тетігін ұсынамыз.

Сатып алулар кезінде әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етуге көмегін тигізетін тәуелсіз сарапшылар бақылауын енгізуді ұсынамыз. Сарапшылар қоғамдық ұйымдардың өкілі болуы мүмкін, ол сатып алуларға мониторинг жүргізіп отырады, кейбір сатып алулар бойынша сараптама жүргізуге құқылы болады. Ондай сараптаулар туралы ақпарат көпшілікке қол жетімділікте орналастырылады. Веб-порталда орналастырылған жаңа қосымша арқылы мониторинг пен сараптама нәтижелерін көріп отыруға мүмкіндік жасалынуы қажет деп санаймыз. Ондай батырма «Қоғамдық мониторинг және тәуелсіз сараптама» деп аталынып, сатып алу туралы веб-порталының негізгі бетінде орналасуы тиіс.

Бұл мониторинг түрін ақпаратты жинау, жалпылау және талдау арқылы жүргізілуі тиіс деп болжаймыз. Қызмет мемлекеттік сатып алу веб-порталында олардың орындалуы бойынша есептерді растай отырып (оның ішінде фото - және бейнетіркеуді пайдалана отырып) жұмыстарды орындау кестелерін жалпы қолжетімділікте орналастыруды қамтиды. Қажет болса «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 3-тармағына сәйкес қоғамдық бақылау объектісінің аумағы мен үй-жайларына бару арқылы да жүргізілілетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі біліктіліктің екі деңгейлі тексеріс тәсілін пайдалана отырып жүргізеді, мемлекеттік сатып алу веб-порталы ең төменгі баға негізінде жеңімпазды айқындайды, сол себепті іс жүзінде өнімнің сапасы мен оның өміршеңдігі сияқты маңызды өлшемдер сатып алулар кезінде қолданылмайды. Сонымен қатар, қолданыстағы жүйе инновациялық компанияларды сатып алулардан алыстатуда. Бағалау рәсімдерінің орынсыздығы әсіресе ақпараттық және консультациялық қызметтердің сапасы мен техникалық мүмкіндіктерін анықтау кезінде айқын көрінеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, өкілетті орган өнім берушіні таңдаудың шешуші өлшемі болып табылатын ағымдағы бағалау тәсілінің орнына әлі толыққанды қолданылмайтын мемлекеттік сатып алулардағы балдық-рейтингтік бағалау жүйесін жиі қолдану амалдарын қарастыруы тиіс деп санаймыз. Балдық-рейтингтік бағалау стратегиялық мақсаттарды ескеруге және ұсыныстар сапасын арттыруға мүмкіндік береді, себебі мұндай тәсіл жеткізушілерді сапалы өнім жеткізуге ынталандырады.

Жүйеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері әлі де сақталуда, оны болдырмауға қатысты жүйелі саясат жалғасын табуы тиіс. Бүгінгі күнге сатып алу процесі кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің келесідей ықтимал түрлері сақталуда:

- процестегі жеткілікті деңгейде ашықтықтың болмауына байланысты тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында орын алуы мүмкін сөзбайластықтың қаупі жоғары;

- процестегі ашықтықтың және тиісті қадағалау мен бақылаудың болмауына байланысты белгілі бір жеткізушіге арналған техникалық сипаттамалар жасауға жол берілуде. Яғни, белгілі бір жеткізушіге арнап

құжаттаманы «бейімдеу», тек бір өндірушіге немесе жеткізушіге тән талаптарды қою әлі де мүмкін болып отыр;

- бәсекелестіктің төмен деңгейіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталуда. Яғни, жеткізушілердің аз болуы немесе олардың арасындағы бәсекелестіктің болмауы тауарлар мен қызметтерге жоғары бағаны белгілеуге, сондай-ақ жеткізуші көрсетілетін қызметтердің сапасына емес, жеке байланыстар немесе пара алу арқылы келісімшарттар алу түріндегі сыбайлас жемқорлық схемаларының болуына кедергілер жоқ;

- саладағы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар мен оған қатысушылардың кәсіби деңгейінің төмен болуы.

Осы тұрғыда, зерттеудің «2.2» тарауында ұсынылған ұлттық заңнамаға және мемлекеттік сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға арналған кешенді шаралар жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз.

Сонымен қатар, бізге ұйымдастырушының қызметкерлері тарапынан жол берілген сыбайлас жемқорлық әрекеттер туралы ақпаратты тиісті органдарға бірден хабарлауға мүмкіндік беретін кәсіпкерлерге арналған мобильді қосымша әзірлеу қажет және сатып алу процедураларын өткізуге жауапты қызметкерлер үшін әкімшілік бақылауды қаталдату идеялары да сәтті болып көрінеді.

3.2 Тұрақты мемлекеттік сатып алулардың заңнамалық негізін қалыптастыру - отандық мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың перспективалық бағыты ретінде: заңнаманы жетілдірудегі жаңа көзқарастар

Белгілі бір бағыттар бойынша мәселелер мен қиындықтарға қарамастан жалпы алғанда еліміздің мемлекеттік сатып алу жүйесі соңғы жылдары тұрақты түрде дамып келеді, ал жаңа заңның қабылдануымен айтарлықтай ілгерілеу күтілуде. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы сатып алу туралы халықаралық нормаларды қамтиды, сондай-ақ қазақстандық мемлекеттік сатып алу нарығының қажеттіліктеріне бейімделген, оларды біздің мемлекетімізде жүзеге асыру ерекшеліктерін ескереді. Барлық өнім берушілердің бәсекелестік негізде, қандай да бір кемсітусіз сатып алуларға қатысуларына қол жеткізілген.

Аталған «Мемлекеттік сатып алу» туралы жаңа заңның жаңашылдықтарының бірі тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарын енгізу болғаны белгілі. Осы диссертациялық зерттеуді жазу барысында жаңа заң талқыланып жатты, ол тек жұмысты аяқтау сатысында қабылданды, қолданысқа енгізілуі 2025 жылдың басына жоспарланған. Сондықтан, бізге тұрақты мемлекеттік сатып алулар қамтитын аспектілердің іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін бағалау мүмкін болмады. Дегенмен, саланы зерттеуші ретінде мұндай жаңашылдықты назардан тыс қалдыра алмағанымызды да мойындауымыз қажет.

2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу» туралы Қазақстан Республикасының заңының 3-ші бабының 23) тармақшасында

берілген анықтамаға сәйкес: «Тұрақты мемлекеттік сатып алу - тапсырыс берушілердің өмірлік циклінің бүкіл мерзімін ескеретін, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаржыны оңтайлы және тиімді жұмсауға, сондай-ақ дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу». «Тұрақты мемлекеттік сатып алу» түсінігі мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға алғаш рет енгізіліп тұр, қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда ол жоқ.

Мемлекеттік сатып алулар Қазақстанның ЖІӨ-нің 13% - дан 20% - на дейін тиесілі екенін ескеретін болсақ, тұрақты мемлекеттік сатып алулардың мемлекеттің тұрақты даму құралына айналуы үшін әлеуеті жеткілікті деуге болады. Тұрақты мемлекеттік сатып алулар энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуді арттыруға, қалдықтардың қайта өңделуін арттыруға, экологиялық таза технологияларды енгізуге, еңбек жағдайларын жақсартуға және қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Бұл тұрақты даму тұжырымдамасы үш қырлы деуге болады, себебі ол әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамуды үйлестіру міндеттерін шешуге бағытталған. Кең мағынада «тұрақты даму стратегиясы» ұғымы адам, қоғам және табиғат арасындағы үйлесімділікке қол жеткізуге бағытталған, тар мағынада бұл - болашақ ұрпақты мұндай мүмкіндіктен айырмастан, қазіргі ұрпақтың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қол жеткізуге арналған идея [132].

Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы жыл сайын артып келе жатқан мәселелер әлемдік деңгейде шешімін табуды талап етуде. Табылған компромисс негізіндегі шешім - тұрақты дамуға дүниежүзілік көшу идеясы болды, ал оны іске асыру тетіктерінің бірі нақты осы тұрақты мемлекеттік сатып алулар болып анықталды.

Отандық экономист ғалымдардың пікірінше шетелдердегі тұрақты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тұжырымдамалары мынадай маңызды нәтижелерді көрсетуде:

- кейбір бағыттар бойынша жұмыстарды орындау мен қызметтерді атқару кезінде экологиялық салдарлар барынша азайған;
- мемлекет қаражатын ұтымды пайдалану жүйелі түрде ынталандырылуда;
- сатып алушылардың барлығына бірдей шығындарды есептеу мен тұрақтылық қағидатын негізге ала отырып, инновацияларды енгізуге және өндіріс нарығының дамуына ықпал еткен;
- қоғам үшін орнықты даму мүмкіндіктерін көрсеткен.

Өз ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттік сатып алулар тұрақты дамудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырыла алады. Экономикалық тиімділік, әлеуметтік қамсыздандыру және экологиялық қауіпсіздікті

камтамасыз ететін элементтерді үйлестіру арқылы сатып алулар тұрақты даму мәселелерін шешуде өз үлесін қоса алады [50, 146-147 б.].

Бүгінгі күннің даму тенденциялары мемлекеттік сатып алудың рөлін қайта қарау қажет етіп отыр. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік сатып алулар басқару функциясы ретінде емес, келешекте оны экологиялық, экономикалық және әлеуметтік даму саласындағы орнықты даму жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет.

Анықтама:

- Экологиялық аспект – қоршаған ортаны қорғау, «жасыл» сатып алу, минималды шығарындылар және кәдеге жарату, жаңартылатын энергия және т.б.

- Экономикалық аспект – өнімнің өмірлік циклінің құнын анықтаудың критерийі негізінде жеткізушіні таңдау, сол арқылы инновация, шағын және орта бизнесті қолдау.

- Әлеуметтік аспект – сатып алулар кезінде қатысушы мүгедектігі бар адамдарды және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың басқа да санаттарын қолдау.

Тұрақты сатып алу құралдарын қолдану Финляндия, Швеция, АҚШ, Канада, Еуропалық Одақта, Оңтүстік Американың біршама елдерінде белсенді қолданылады.

Мамандардың атауынша: «әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінде экологиялық мемлекеттік сатып алу үлесін арттыру бойынша ұлттық бағдарламалар әзірленіп, тәжірибеде қолданылуда. Еуропалық Одақ елдерінде «жасыл» сатып алулар сатып алудың жалпы жүйесіне, мемлекеттік органдардың саясаты мен жұмысына органикалық түрде енгізілген, заңнамалық нормативтік актілерде, ұлттық іс-қимыл жоспарларында көрсетілген, сатып алудың экологиялық критерийлері өнімдер мен қызметтердің 21 тобы үшін бекітілген» [133].

«Жасыл» мемлекеттік сатып алуды енгізу шешілуі тиіс мәселелерді мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Қоршаған ортаны сақтау. Қоршаған ортаның сапасын сақтау әлемнің барлық елдеріндегі мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Экологиялық мәселелерді көбінесе әлеуметтік және экономикалық мәселелерден ажырату қиын, өйткені олар адамға жиі әсер етеді. Бұған «жасыл» мемлекеттік сатып алу жөніндегі ұлттық бағдарламаларды іске асырудағы Еуропа елдерінің тәжірибесі дәлел бола алады.

2. Нарықты ынталандыру, басқа қатысушылар үшін үлгі. Көп жағдайда Мемлекеттік сатып алушылар жеке сектор, басқа мемлекеттік ведомстволар және жалпы мемлекет үшін үлгі қалыптастыруды өздерінің міндеттерінің бірі деп санады. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты - жоғарыда айтылған мәселелер мен міндеттерді шешу үшін тұрақты және «жасыл» сатып алулардың көлемін арттыру. Мысалы, Данияның Гейзенберг қаласында 2005 жылы Эко-сипаттамалары бар тазартқыш заттарды сатып алу туралы шешімнің қабылдануы. Бұл өз кезегінде қоғам мен бизнеске қоршаған ортаға зиян келтіретін жуғыш заттардан мүлдем бас тартуға болатындығын көрсетті.

3. Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру. «Жасыл» мемлекеттік сатып алу саясатын іске асыру, егер экологиялық жауапты қызметтерді (мысалы, ауаны ластамайтын экологиялық таза қоғамдық көлік) сатып алу тәжірибесі енгізілсе, халықтың өмір сүру сапасының өзгеруіне тікелей әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, көшелерді тазалаудан және жасыл желектерді күтуден қоршаған ортаға шығарылатын қауіпті және улы заттардың мөлшерін азайту сияқты міндеттерді жатқызуға болады. Сондай-ақ, көп жағдайда экологиялық таза тазалау құралдарын сатып алу тазалаумен айналысатын және осы құралдарды жұмыс орнында қолданатын қызметкерлердің жұмысының зияндылығын азайтуға көмектесті.

4. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын азайту. Бюджет қаражатын үнемдеу міндеті көптеген сатып алушылар үшін бірінші кезектегі міндет болып табылады. Эко-сипаттамалары бар тауарлардың жоғары бағасы даму мен таралуға кедергілердің бірі деп қарастырылады. Алайда, мысалы, энергияны үнемдейтін жабдықты сатып алу электр энергиясы үшін төлемдердің төмендеуіне әкеледі, тіпті бастапқы бағасы жоғары болса да, пайдалану құнын төмендетеді.

5. Шағын және орта бизнесті дамыту. Әлемдік тәжірибеде «жасыл» мемлекеттік сатып алуның көмегімен олардың бастамашылары шағын және орта кәсіпорындарды сатып алуға қатысу үшін жағдай жасауға және олардың санының өсуіне ықпал етуге тырысқан көптеген мысалдар бар.

6. Экологиялық таза тауарлар бағасының төмендеуі. Тауарлардың экологиялық сипаттамаларын тендерлік құжаттамаға енгізу есебінен инновациялық және экологиялық қауіпсіз өнімдердің бағасы реттеледі. Бұл жеткізушілермен алдын-ала диалог нәтижесінде пайда болады және тендерлерді өткізу кезінде салауатты бәсекелестік туғызуға көмектеседі. Критерийлерді әзірлеу кезеңінде әлеуетті жеткізушілермен диалог сатып алушының қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге және бағаны төмендету арқылы немесе құны төмен, бірақ критерийлерге сәйкес келетін балама ұсыну арқылы алға қадамдар жасауға мүмкіндік береді.

7. Тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелерді орындау. Мемлекеттік сатып алулар басқа, жаһандық бағдарламалар арқылы қабылданған әртүрлі міндеттемелерді орындау үшін әзірленді және енгізілуде. Мысалы, тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау немесе әлеуметтік жауапкершілік бағдарламалары аясында [133].

Отандық заңгер ғалымдардың пікірінше: «жаңашылдықты енгізуге қажет заңнаманы бейімдеу ауқымды шараларды қажет етеді. Мысалы тек экологиялық аспектілерді заңнамалық қамтамасыз етуге арнаған зерттеуінде авторлар қабылданып жатқан негізгі заңмен қоса қосымша ережелер түріндегі нормативтік актілер қабылданып, олар келесідей сұрақтардың нақты жауаптарын берулері тиіс деп санайды:

- мемлекеттік сатып алу мақсаттары үшін экологиялық критерийлері айқындалатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімін айқындау қажет;

- белгілі бір тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қатысты экологиялық өлшемшарттарды анықтаудың тәртібін бекіту қажет;

- экологиялық өлшемшарттар айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің ең төменгі шекті көрсеткіштерін айқындау қажет;

- экологиялық, инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаттарының нақты механизмі бекітілуі тиіс. Яғни, экотаза өнім түрлеріне артықшылық берудің нақты анықтамасы, оны іс жүзінде қолданудың әдістемесі бекітілуі қажет» [47, 72-73 б.].

Тағы бір пікір бойынша, тұрақты мемлекеттік сатып алулардың экологиялық қағидаттарын тиімді қолдану күшін отандық экологиялық таңбалау жүйесіндегі мәселелер шешілуі тиіс. Таңбалаудың анық тұжырымдамалары қабылданып, таңбалардың түріне қатысты анық түсініктер болуы қажет. Сондай ақ I типті экологиялық таңбалау болған кезде жеңілдіктер берудің қолданыста болған механизмін қайтару қажет.

Ғалымдардың пікірінше: «аталған бағыттар бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму қағидаттарын енгізу қажеттігін ескере отырып, мемлекеттік органдармен, қоғаммен және өзге де тараптармен «Жасыл» сатып алу бойынша қағидаттарды, ұғымдарды, өлшемшарттарды және өзге де нақтылауларды енгізу мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың өзгерістерін қоғамдық талқылау үшін сәтті кезең туып отыр» [48, 26 б.].

Ойымызды түйіндейтін болсақ, кейінгі жылдары Қазақстанның мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасы негізінен мемлекеттік сатып алу процестерінің тиімділігін арттыруға және оңайлатуға бағытталған елеулі және жиі өзгерістер мен толықтыруларға ұшырауда. Мұны жағымды үрдіс деп бағалауға болар еді, алайда, сонымен бірге сарапшылар заңдағы жиі өзгерістер сатып алу мамандары жіберетін қателіктердің санын көбейтуі мүмкін екенін атауда. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу туралы заңда тиісті регламенттелмеген мәселелер әлі де қалып отыр, мұндай жағдайларда тапсырыс берушілер бұл олқылықтарды нормаларды өз түсіндірулерімен толықтыруға тырысуда немесе түсініктеме алу үшін уәкілетті органға жүгінуге мәжбүр. Сондықтан да, мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық базасын дамытудың оң жақтарымен қатар, әлсіз тұстары да сақталуда.

Тұрақты мемлекеттік сатып алу аспектілерін қолдану кезінде тапсырыс берушілер:

1) сатып алу процесінде ашықтықты, адалдықты, кемсітушіліктің болмауын, бәсекелестікті, есептілікті және бақыланушылықты қамтамасыз етуге;

2) ұсынылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін тұрғысынан бағалауды жүргізіп, оларды сатып алу процесінде ескеруге;

3) парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, энергия мен су ресурстарын пайдалану тиімділігін жақсартуға, қайта өңдеу өнеркәсібін қолдауға;

4) кедейлікті төмендетуге, әділеттілікті нығайтуға және жұмысшылардың құқықтарын құрметтеуге;

5) инновациялар мен технологиялардың дамуына, шығындар мен бағалардың төмендеуіне ықпал етуге әрекеттер жасауға міндетті.

Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық тәжірибелерді, халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, тұрақты мемлекеттік сатып алуға қатысты ұлттық стандарттарды, басшылық қағидаттар мен өлшемшарттарды әзірлеуге және енгізуге міндетті. Аталғандармен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) тұрақты мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне жүйелі мониторинг пен бағалауды, сондай-ақ орнықты мемлекеттік сатып алудың нәтижелері мен дамудың әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілеріне әсері туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуі;

2) тұрақтылық тұрғысынан халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету;

3) осы саладағы кәсіпқойлықты дамытуға жәрдемдесе отырып, тұрақтылық саласындағы мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге міндетті;

4) ұйымдар мен мекемелер өздерінің сатып алу рәсімдерінде тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге және оларды өзінің корпоративтік стратегиясы мен тәжірибесіне айналдырулары тиіс;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі тәжірибе, білім және озық тәжірибелермен алмасу, сондай-ақ жаһандық тұрақты дамуға жәрдемдесу үшін халықаралық ұйымдармен, өзге мемлекеттермен және тұрақты мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастықта болуға;

6) тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ осы саладағы инновациялық тәсілдерді әзірлеу және енгізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет дамуының әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілеріне тұрақты мемлекеттік сатып алудың нәтижелері мен әсеріне мониторинг жүргізу, талдау және бағалау үшін жауапты мамандандырылған орган құруы тиіс.

3.3 Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейту жолдары

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 49 бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу Қазақстан

Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында белгіленген жауаптылыққа алып келеді [1].

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 207-бабында көзделген: «*әкімшілік құқықбұзушылықтардың түрлері:*

- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге сандық жағынан өлшенбейтін немесе әкімшілендірілмейтін кез келген талаптарды белгілеу, не сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларына нұсқау жасау арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын бұзу; (1 бөлігі)

- конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) жобасын алдын ала талқылау шеңберінде келіп түскен конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді, ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды қарамау, не уақтылы қарамау, сол сияқты конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер және түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде, оны алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырмау; (2 бөлігі)

- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту; (3 бөлігі)

- конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді заңнамада көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін, конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға арналған өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға арналған өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сұрау салу жіберуі және өзге де әрекеттер; (4 бөлігі)

- конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге немесе олар тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу; (5 бөлігі)

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданбау бөлігінде бұзу немесе оларды дұрыс есептемеу; (6 бөлігі)

- әлеуетті өнім берушіні немесе ол тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына немесе конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп тану; (7 бөлігі)

- тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде оларды біртекті түрлері немесе оларды беру орны бойынша лоттарға бөлмеу; (8 бөлігі)

- конкурстық комиссияның заңсыз шешімі қабылданған сараптама комиссиясының не сарапшының көрінеу жалған сараптамалық қорытынды дайындауы; (9 бөлігі)

- тапсырыс берушінің құжаттар бойынша анық емес ақпарат беруі, шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы, өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамауы, әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінбеуі немесе уақтылы жүгінбеуі; (10 бөлігі)

- мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру немесе бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; (11 бөлігі)

- конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімін қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі сипатталымын, оның ішінде оның біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсетпеу; (12 бөлігі)

- мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын немесе мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына енгізілген өзгерістерді немесе толықтыруларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырмау немесе уақтылы орналастырмау; (13 бөлім)

- әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерін уақтылы қарамау, сол сияқты алдын ала жіберу хаттамасын немесе қорытындылар хаттамасын уақтылы орналастырмау; (14 бөлігі)

- осы баптың (207 бап) бірінші және алтыншы бөліктерінде көзделген құқықбұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау; (15 бөлім)

- осы баптың (207 бап) екінші, оныншы және он үшінші бөліктерінде көзделген құқықбұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау; (16 бөлім)

- осы баптың (207 бап) тоғызыншы бөлігінде көзделген құқықбұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау; (17 бөлім)

- осы баптың (207 бап) үшінші және он бірінші бөліктерінде көзделген құқықбұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау (18 бөлім)» [134].

Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзу сыбайлас жемқорлық және экономикалық сипатта белгіленген. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (361-бап), заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау (365-бап), пара алу (366-бап), пара беру (367-бап), парақорлыққа делдал болу (368-бап), қызметтік жалғандық жасау (369-бап) және жұмыстарды нақты орындамай, қызметтер көрсетпей,

тауарларды жөнелтпей шот-фактураны жазып беру арқылы, мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу арқылы жасалатын өзге де қылмыстық құқықбұзушылық түрлері [135].

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 12-бабына сәйкес заң шығарушы тапсырыс берушіге өнім ұсынушының мемлекеттік сатып алу туралы заңдардың талаптарын бұзу фактісі белгілі болған күннен бастап кемінде күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің барлық нормаларын сақтай отырып, сотқа талап-арызбен жүгіну міндетін жүктейді [1].

Жоғарыда атап өткендей, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімін қалыптастырады және жүргізеді, оны өзінше бір «қара тізім» деп те санауға болады және тәжірибеде бейресми солай аталыныпта кеткен. Тізілім өз тендерлік өтінімдерінде дұрыс емес ақпарат берген, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған, олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Мемлекеттік сатып алуларға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілген өнім ұсынушылар 24 ай ішінде мемлекеттік сатып алуға қатыса алмайды. Тізім ұйымдастырушыдан ақпарат алатын уәкілетті органның немесе сот шешімдерінің негізінде қалыптасады.

Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін қамтамасыз етудің тағы бір құралы сақтандыру шарты болып табылады. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру шарты жасалынуы мүмкін. Мәселен, «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңның 43-бабының 11-ші тармағы 3) тармақшасына сәйкес: *«уәкілетті орган қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітетін, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және авансты қамтамасыз ету мақсаттары үшін үлгілік сақтандыру шартына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын таңдауға құқылы»* [1].

Негізінен, сақтандыру заң бойынша міндетті емес, алайда кейбір жұмыс түрлерін орындау барысында нарық қатысушылары үшін міндеттілік бар. Сақтандыру шарты өтініш негізінде жасалады және жазбаша нысанда тараптардың әрқайсысы үшін екі данада ресімделеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу мемлекеттік қаржы жүйесінің бөлігі болып табылады және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамамен реттеледі. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуды бақылау және мониторингтеу жөніндегі функцияларды бірнеше органдар мен мекемелер орындайды. Олардың негізгілері:

- Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті, ол бейінді заңның 18-бабына сәйкес: *«мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асырады және сатып алу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді»* [1].

- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік сатып алулар кезіндегі сыбайлас жемқорлық ірекеттеріне қарсы күресте маңызды рөл атқарады. Ол сатып алулармен қатысты сыбайлас жемқорлық жағдайларын анықтаумен және тергеумен айналысады.

- «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы. Атамекен Қазақстандағы бизнес мүдделеріне жәрдемдесуде белсенді рөл атқарады және мемлекеттік сатып алу процесінде кәсіпкерлердің құқықтарының жүзеге асуы мен қорғалуын қамтамасыз етумен айналысады.

Бұл органдар мен мекемелер мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама мен нормативтердің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында сатып алу процесінің ашықтығы мен тиімділігін қолдау үшін бірлесіп жұмыс істейді. Айта кету керек, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы жүйесіндегі мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің негізгі рөлі де осы мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік сатып алу процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуден тұрады.

2024 жылғы 1 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның қолданысқа енуімен салада күрделі өзгерістер күтілуде. Жаңашылдықтың бір бөлігі жеткізушілердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық мониторинг жүргізу мүмкіндігі енгізіледі және әлеуетті өнім беруші ұйымның басшысы немесе құрылтайшысы бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған болса, ол ұйымның мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынады. Мемлекеттік сатып алуға жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де жіберілмейді. Заңның 28-бабына сәйкес: *«Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді»* [31].

Сонымен қатар 2024 жылы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №108-VIII заңына да қол қойды. Бұл құжат әртүрлі бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейте отырып, мемлекеттік сатып алу жүйесіне айтарлықтай түзетулер енгізеді [136].

Негізгі түзетулер әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 207-бабына қатысты болды. Атап айтқанда, мынадай өзгерістер енгізілді: 207-баптың 10-шы бөлігі енді лауазымды тұлғалар үшін жалған ақпарат берілген жағдайда өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінбегені немесе уақтылы жүгінбегені үшін 30 АЕК (2024 жылы 110 760 теңге) мөлшерінде айыппұл қарастырады.

Өнім берушінің шарт жасасудан жалтарғаны туралы мәліметтерді ұсынбағаны немесе уақтылы ұсынбағаны үшін осындай айыппұл белгілейтін 10-1-жаңа бөлім енгізілді. Сонымен қатар 10-2 бөлімі де қосылды, ол өнім берушілерді шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған кезде жосықсыз деп

тану туралы талап арызбен сотқа жүгінбегені немесе уақтылы жүгінбегені үшін 30 АЕК айыппұлды көздейді [136].

Жаңа заң 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Бұл шаралар мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылардың жауапкершілігін арттырады және бюджет қаражатын неғұрлым тиімді пайдалануға ықпал етеді деп күтілуде.

Айта кету керек, бұл заң саладағы заңнаманы жетілдірудің кешенді шараларының бір бөлігі болып табылады. Бұған дейін, 1 шілдеде Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңға қол қойып, Салық кодексіне түзетулер енгізген болатын. Бұл қадамдар Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу және қаржылық реттеу жүйесін реформалаудың кешенді тәсілін көрсетеді.

Ғалымдардың атауынша, мемлекеттік сатып алу саласындағы әкімшілік жауапкершілік шараларын күшейту осы салаға неғұрлым тиімді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажет. Бұл құқықбұзушылықтарды криминализациялау орынсыз және көзделген бұзушылықтарға пропорционалды емес [137].

Сонымен, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының маңыздыларының бірі адал бәсекелестік болып табылады, ол кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестік қағидатын білдіреді. Өз кезегінде, тәжірибеде бұл қағидатты сақтамау мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі бұзушылықтарға әкеледі.

Дегенмен, тәжірибеде мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың санын шектейтін бірқатар тәсілдер әлі де бар, олардың ішінде жиі қолданылатындары ретінде келесілерді атауға болады:

1) тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық құжаттамаларында негізсіз артық талаптар көрсету, нәтижесінде тапсырыс беруші үшін таңдау шектеледі және конкурста таңдаулы өнім берушіге жеңіске жетуге мүмкіндік бар;

2) техникалық және конкурстық құжаттамаларда тауарларды жеткізудің немесе қызметтер мен жұмыстарды атқарудың негізсіз мерзімдерін көрсету;

3) шағын және орта бизнестің қатысуын шектеу жөніндегі қасақана іс-әрекеттер;

4) белгілі бір өнім берушіге арналған техникалық сипаттамалар жасау;

5) орындаушылардың мемлекеттік тапсырысты орындауға өтінімді ресімдеуге немесе оны беруге қасақана кедергілер жасау немесе ұйымдастыру.

В.В. Теннің пікірінше сатып алуға қатысушылар конкурс нәтижелерін өз пайдасына бейімдеу қылмыстық сөз байласулардың қатарына кіруі тиіс. Өнім беруші мен тапсырыс беруші арасындағы қылмыстық сөз байласу фактісі олардың іс-әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық белгілерінің тікелей болуын да көздейді, бұл, әрине, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсетеді. В.В. Тен қылмыстық істерді зерделеу келе мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне барынша бейім тұлғалар сатып алуды ұйымдастырушылар екенін атайды. Автордың пікірінше

бұл факт өте қарапайым түсіндіріледі, себебі жасалған қылмыстардың көп бөлігі техникалық тапсырманы дайындау сатысына тиесілі. Техникалық тапсырманы жасау кезінде сатып алуды ұйымдастырушы белгілі бір жеткізушінің мүдделерін қолдай алады және осы мақсатқа жету үшін ол басқа жеткізушілерді қатысуға шектейтін техникалық талаптарды әдейі жасай алады.

Тағы бір өзекті сұрақ - сатып алуды жүзеге асыру саласында квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін тиісті бақылаудың болмауы болып отыр. Саладағы бұзушылықтарға сәйкес келетін жауапкершілік, бірыңғай ақпараттық-талдамалық платформа, реттеудің әкімшілік тәсілдерінің басым болуы, кәсіпкерлер үшін дауларды шешудің ауыртпалығы, ашықтықтың жеткіліксіз деңгейі секілді мәселелер бүгінгі күнде өзекті.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін бизнес-қоғамдастық, атап айтқанда «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеуді жетілдіру, оның ішінде осы саладағы жауапкершілікті арттыру бойынша берген ұсыныстары нәтижелі болуы мүмкін деп санаймыз. Мамандар пікірінше біріншіден, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа жататын адамдар тобын кеңейту қажет, екіншіден, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің әкімшілік жауапкершілігін енгізу мүмкіндігін қарастыру керек [138].

Біздің пікірімізше, жауапкершілікті арттырудың тағы бір жолы мемлекеттік сатып алу саласы үшін бірыңғай этикалық стратегияны әзірлеу және оны барлық министрліктерде, ведомстволарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде енгізуде болуы мүмкін. Ол мемлекеттік сатып алу циклінің барлық кезеңдерінде ішкі бақылау тетіктерін одан әрі күшейтуге ықпал етуі тиіс. Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алудың ерекшелігін ескеретін жекелеген этикалық стандарттарды және сатып алумен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге арналған арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасы негізінен мемлекеттік сатып алу процестерінің тиімділігін арттыруға және жеңілдетуге бағытталған елеулі өзгерістерге ұшырауда. Мұны жағымды үрдіс деп бағалауға болар еді, алайда, сонымен бірге сарапшылар заңдағы жиі өзгерістер сатып алу мамандары жіберетін қателіктердің санын көбейтуі мүмкін екенін атауда. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу туралы заңда тиісті регламенттелмеген мәселелер әлі де қалып отыр, мұндай жағдайларда тапсырыс берушілер бұл олқылықтарды нормаларды өз түсіндірулерімен толықтыруға тырысуда немесе түсініктеме алу үшін уәкілетті органға жүгінуге мәжбүр. Сондықтан да, мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық базасын дамытудың оң жақтарымен қатар, әлсіз тұстары да сақталуда.

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша тұжырымдар.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды құқықтық реттеудің пайда болу тарихы мен даму кезеңдерін зерттеу нәтижесі бойынша мынадай қорытындыға келдік:

1. Мемлекеттік сатып алуды реттейтін алғашқы нормативтік-құқықтық актілер АҚШ-та ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды. Бастапқы құқықтық актілердің мәні қорғаныс саласындағы мемлекеттік сатып алуды реттеуде болды.

2. Еуропада мемлекеттік сатып алулар ХХ ғасырдың ортасынан бастап реттеле бастады, бұл нарықтың барлық қатысушылары үшін бірыңғай ережелер белгілеуді көздейтін Еуропалық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі елдердің экономикалық интеграциясы жолындағы кезең болды.

3. Қытайда мемлекеттік сатып алу жүйесінің ерекшелігіне келетін болсақ мемлекет үшін мемлекеттік сатып алу – бұл ұлттық өндірістің шетелдік ресурстар мен капитал көздеріне қаржылық және технологиялық тәуелділігін төмендету құралы болып табылады, сонымен қатар мемлекет экспортқа ұлттық қолдау көрсетеді, бұл өз кезегінде өндірісті дамытуға ықпал етіп, жұмыссыздықты төмендетуде.

4. ҚР Мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу тарихы өткен ғасырдың 90-жылдарының басынан бастау алады және нарықтық қатынастардың белсенді дамуымен, Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануымен бірге дамып отырды. Отандық мемлекеттік сатып алу жүйесі 2000 жылдардың басынан белсенді дами бастады. Электрондық сатып алу жүйесін енгізу мемлекеттік сатып алу нарығындағы ашықтық пен бәсекелестікті едәуір күшейтті.

Мемлекеттік сатып алудың қазіргі тәжірибесінде мемлекеттік сатып алудың тиімділігіне әсер ететін мемлекеттік сатып алу қызметінің қабылданған жалпы қағидаттарына: ашықтық, есептілік, белгіленген рәсімдерді сақтау, тиімді бәсекелестікті жатқызуға болады. Қазақстандық мемлекеттік сатып алу

жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдай отырып, шет елдердің оң тәжірибесін және отандық құқық қолдану тәжірибесін пайдалану орынды болады. Өз кезегінде, енгізілетін тәсілдер мен әдістерді қолданудың нәтижелеріне мұқият талдау жүргізіп отыру маңызды қажеттілік, онсыз жүйенің тиімділігі мен ашықтығын арттыру түріндегі Қазақстан Республикасының сатып алу жүйесін жетілдірудің негізгі мақсаттарына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Қазақстанда мемлекеттік сатып алуды дамыту сыбайлас жемқорлықты азайтуға, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер нарығында бәсекелестікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беруде.

Алайда, мемлекеттік сатып алу жүйесін үнемі жетілдіріп отыру міндетті талап болып табылады, ұлттық заңнаманы жетілдіруде әлемдік үрдістер мен тәжірибені зерттеп отыру маңызды. Сондай-ақ мемлекет пен халықтың мүддесі үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді алуды жеделдету үшін процесс кезеңдері арасындағы уақытты қысқарту қажеттілігіне деген сұраныс байқалады.

«1.2» тарау барысында талқыланған ғылыми әдебиеттерде кездесетін әртүрлі анықтамалар мен түсіндірмелерді, ұлттық заңнаманың ерекшеліктері мен қағидаларын ескере отырып «Мемлекеттік сатып алу» түсінігінің келесі авторлық анықтама ұсынылады: **«Мемлекеттік сатып алу – бұл мемлекет бюджеті есебінен мемлекеттің өзіне жүктелген міндеттерін орындауы үшін қажет тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастар».**

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру және оның әлеуетін барынша іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп келе жатқанын жоғарыда атап өткен болатынбыз. Қабылданған жаңа заңның мақсаты бізге түсінікті. Ол мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең төменгі бағасынан сапа басымдығын, сондай-ақ барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына ауыстыруды көздеп отыр.

Соның ішінде барлық деңгейдегі сатып алуларды бірыңғай платформаға ауыстыру аса қажет деп санаймыз, ол заңнамадағы қайшылықтарды жоюға мүмкіндік беретін болады.

Заңнамаға жүргізілген талдау нәтижесінде қолданыстағы сатып алу жүйелерінің заңнамалық және іске асыру (техникалық) деңгейлерінде бірыңғайлықтың жоқ екені анықталды. Мәселен, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 2-бабының 15) тармақшасына сәйкес: *«мемлекеттік сатып алу веб-порталы – мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі»* [1]. Ал «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» заңның 2-бабының 12)

тармақшасына сәйкес: «сатып алу веб-порталы – осы Заңға және сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес сатып алуды электрондық форматта өткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе» [2]. «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің 2-бабының 2) тармақшасына сәйкес: «сатып алу веб-порталы - Заңға және Тәртіпке сәйкес Электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін Қордың ақпараттық жүйесі» [3]. Мемлекет басшысының тапсырмасын ескере отырып, квазимемлекеттік сектордың, оның ішінде «Самұрық-Қазына» қорының мемлекеттік сатып алуларын қоса алғанда жалпы республика бойынша бойынша бірыңғай ақпараттық платформа құру қажет. Тиісінше, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң деңгейінде сатып алу бойынша бірыңғай платформа ұғымын бекіту қажет.

Заңнамадағы тұрақсыздыққа жол бермеу қажет. Мәселеге кеңінен қарайтын болсақ мемлекеттік сатып алу саласының ең үлкен кемшілігі – заңнаманың тұрақсыздығы болып отыр. Осы саладағы заңнама бүгінгі күнде ең көп өзгеріске ұшырайтындардың бірі. Мысалға, бүгінгі күнге бір норма қолданылса, екі-үш айдан кейін ол өзгеруі мүмкін, тағы бір-екі айдан кейін басқа норма пайда болады. Нәтижесінде, тіпті тексерушілер де бұл өзгерістермен шатасатын жағдайлар болып тұрады тәжірибеде. Мұндай заңнамадағы жиі өзгертулер тұрақты түрде шатасулар мен дауларды тудырып отырады және ең маңыздысы – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сақталуына әкелуде.

Онымен қоса, 2024 жылы қабылданған жаңа «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң негіздемелік сипатта екені белгілі және барлық мәліметтер, процедуралық және әкімшілік сұрақтар ережелерге енетін болады. Барлық қосымша ережелерді қыбылдау өкілеттігі тиісті министрліктің еншісінде қала береді. Ал өкілетті орган заңнаманы «өзгертуге» машық екенін ескеретін болсақ, тұрақсыздық әлі де сақталады деп болжаймыз.

Аталған үрдістің сақталуы саладағы қосымша мәселелерді тудырып отыратыны анық. Сондықтан, заңнамадағы тұрақтылықты қалыптастырудың амалын қарастыру маңызды. Бастысы, қабылданатын жаңа заң болсын, оған енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар болсын қабылданбас бұрын жан-жақты зерттеуден өтуі тиіс. Бұл мәселені заңшығарушылық жұмыстардың сапасын арттыру арқылы ғана шешуге болады.

Мемлекеттік сатып алу процесі кезіндегі конкурсқа қатысушылардың шағымдану тетігін қайта қарау қажет. 2023 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 25 бабында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының әрекеттеріне, шешімдеріне шағымдану тәртібі өзгергенін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Өзгеріске сәйкес шағымды қарау өкілеттігі мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға берілді.

Жаңашылдықтың екі әлсіз тұсы бар деп санаймыз: біріншіден, процедураны іс жүзінде сапалы атқару қиынға соғуы мүмкін, себебі тапсырыс беруші жоғарыда мысалда келтірілген түрде комиссия құрып, өзі өткізген

процедурада талаптар бұзылды деп тануы қиынға соғуы мүмкін. Біздің болжамымыз бойынша, тапсырыс беруші шағымды қарауда бірінші кезекте өзіне ыңғайлы және қауіпсіз шешім іздейтін болады, сонымен қатар комиссия құру, оған ұйымнан өзге өкілдерді жинау іс жүзінде жүзеге асуы қиын сұрақ болуы мүмкін. Сондай-ақ, мұндай жаңа түрдегі процедура қосымша сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыратын болады. Себебі процедура «сыбайластар» үшін жаңа бір құралға айналу қаупі бар. Егер тапсырыс беруші «қолдауға» ие болған өнім беруші болса шағымдар тапсырыс берушімен келісе отырып берілуі және біржақты қаралуы мүмкін немесе керісінше, шағым қанағаттандырылмауы үшін барлық жағдай жасалынуы мүмкін, егер ол «бөтен» қатысушы болса.

Біздің ойымызша тәуекелдер өте жоғары және заңшығарушының бұл қадамы тиімсіз көрінеді.

Ұсыныс: Қолданыстағы шағымды қарау тәртібін қалдыру қажет деп санаймыз, яғни 2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның редакциясындағы нұсқасы қалуы тиіс. Қажет болса екі аудиттің бірін ғана қалдырып, сонымен қоса ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (егер осы орган қалса) штатын ұлғайту арқылы шағымдарды қарау мерзімін қысқартуға тырысып көруге болады.

Азаматтық қоғам институттары тарапынан мемлекеттік сатып алу процесін қадағалауды күшейту жөнінде шаралар қабылдау қажет. Ол үшін мемлекеттік сатып алудың белгілі бір түрлеріне тәуелсіз талдау жүргізу үшін қажетті мүмкіндіктері мен әлеуеті бар қоғамдық ұйымдар қажет.

Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде тәуелсіз қоғамдық мониторинг және сараптама жүргізудің жаңа тетігін ұсынамыз.

Сатып алулар кезінде әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етуге көмегін тигізетін тәуелсіз сарапшылар бақылауын енгізуді ұсынамыз. Сарапшылар қоғамдық ұйымдардың өкілі болуы мүмкін, ол сатып алуларға мониторинг жүргізіп отырады, кейбір сатып алулар бойынша сараптама жүргізуге құқылы болады. Ондай сараптаулар туралы ақпарат көпшілікке қол жетімділікте орналастырылады. Веб-порталда орналастырылған жаңа қосымша арқылы мониторинг пен сараптама нәтижелерін көріп отыруға мүмкіндік жасалынуы қажет деп санаймыз. Ондай батырма «Қоғамдық мониторинг және тәуелсіз сараптама» деп аталынып, сатып алу туралы веб-порталының негізгі бетінде орналасуы тиіс.

Ұйымның қызметі тиімді болуы үшін оның құзыретін анықтау түріндегі міндет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігіне жүктелуі керек. Тәуелсіз мониторинг бағдарламасын қалыптастыру үшін мемлекеттік сатып алуды талдауды жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдарды тиісті даярлауды жүргізу және «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға тәуелсіз мониторингті ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі баяндайтын бапты енгізу ұсынылады немесе заңның 24 бабының 2 тармағында берген жалпы негіздемені қосымша тармақшалар қосып жалғастыру арқылы нақтылауға болады деп санаймыз.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы тиімділікті, әділдікті, ашықтықты және ашықтықты арттыру мақсатында мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Қоғамдық бірлестік құру қажет. Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін тәуелсіз институт болады.

Бірлестіктің негізгі функцияларына мыналар жатады:

а) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге байланысты құқықтық көмек көрсету;

б) мемлекеттік органдар мен тапсырыс берушілер қолданатын сатып алу әдістерін зерделеу, осындай әдістердің әділдігін, жариялылығы мен ашықтығын бағалау, тиісті ұсыныстар беру;

в) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, кеңестер беруді ұйымдастыру;

г) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың барлық тараптарының келісімімен дауларды реттеудің баламалы рәсімін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Қоғамдық бірлестікті сайланбалы төрағасы басқарады. Төраға мемлекеттік сатып алу процестеріне қатысты бірлестікке келіп түскен шағымдарды қарау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру және оларға кеңес беру қызметтерін ұйымдастыруға жауапты тәуелсіз лауазымды тұлға болады.

Қоғамдық бірлестік құрамына мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың өкілдері, мемлекеттік органдардың, өзге қоғамдық ұйымдардың және бизнес-қоғамдастықтың өкілдері кіретін болады.

Қоғамдық бірлестік белгіленген тәртіппен бекітілген өзінің регламенті негізінде әрекет етеді. Өз қызметінде Қоғамдық бірлестік тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық, заңдылық және жеделдік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс.

Қоғамдық бірлестік шағымдарды, жүргізілген тексерулер мен ұсынымдарды қарау нәтижелерін қоса алғанда, жыл сайын өз қызметі туралы баяндамасын жұртшылыққа ұсынуға міндетті.

Қоғамдық бірлестіктің қызметі оған мүше мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылар төлейтін жарна есебінен және өзге де заңда тыйым салынбаған көздер есебінен қаржыландырылатын болады.

Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырушы қызметкерлерге арналған бірыңғай этикалық талаптар әзірленуі қажет. Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырушы қызметкерлерге арналған бірыңғай этикалық стандартты әзірлеу және оны барлық министрліктерде, ведомстволарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде енгізу ұсынылады. Бұл шара мемлекеттік сатып алу циклінің барлық кезеңдерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік беріп, ішкі бақылау тетіктерін одан әрі күшейтуге ықпал етуі тиіс. Бұдан басқа, мемлекеттік сатып алудың ерекшелігін ескеретін жекелеген әдістемелерді және сатып алумен айналысатын

мемлекеттік қызметшілерге арналған арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеуге болады.

Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу бағытында заңнамаға келесідей түзетулер қажет деп санаймыз:

1) Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу көлемін азайтуға қажет заңнаманы жетілдіру әрекеттері жалғасуы тиіс деп санаймыз. Аталған тәсілмен сатып алуды жүзеге асыру өлшемшарттарын қайта қарау бәсекелестіктің болуын қамтамасыз ету үшін тиімді болуы тиіс.

2) Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларын реттеудегі мәселелер шешімін табуы тиіс. Ондай мәселелердің қатарына:

- аталған субъектілер үшін тиісті бақылаудың болмауын;
- осы саладағы бұзушылықтарға сәйкес келетін жауапкершіліктің төмен болуын;

- бірыңғай ақпараттық-талдамалық платформаның болмауын;

- реттеудің әкімшілік тәсілдерінің басым болуын;

- кәсіпкерлер үшін дауларды шешудің ауыртпалығын;

- сатып алулар кезіндегі ашықтықтың жеткіліксіз деңгейін жатқызамыз.

Ұсынысар:

1-ші ұсыныс – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің шеңберін қайтадан пысықтау қажет:

- квазимемлекеттік сектор бөлігінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің шеңберін ұйымдар басшыларының орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелер басшыларына, бухгалтерге, заңгерлерге және сатып алулармен және материалдық-қаржылық ресурстармен байланысты өзге де тұлғаларға дейін кеңейтілгені белгілі. Алайда, аталған тұлғалардың кейбіреулері ақылы қызмет көрсету туралы шарт негізінде қызметті жүзеге асыра алатынын және осындай ұйымдардың тікелей қызметкерлері болып табылмайтынын ескеру қажет, осыған байланысты бұл субъектілердің жауапкершілігі бөлігінде нақтылаулар қажет болады. Мысалы, мұндай субъектінің әрекеттері үшін оның тікелей басшысы болып табылатын ұйым қызметкері немесе онымен ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасқан басшысы болуы мүмкін деп санаймыз.

2-ші ұсыныс – сатып алу саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды арттыру қажет:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды арттыру үшін осы салада тексеру және бақылау жөніндегі өкілеттіктері бар ішкі бақылау қызметтерін құру ұсынылады және олардың толыққанды қызметі үшін осы қызметтер туралы тиісті ережелер, сатып алу саласында бақылауды жүзеге асырудың мемлекет бойынша бірыңғай қағидалары әзірленуі қажет. Сондай-ақ, ішкі аудит қызметтері аталған холдингтердің құрамына кірмеуі тиіс және оларға тек сенімгерлік жауапкершілік жүктелуі қажет және аудит Директорлар кеңесінің мүшелеріне ғана есеп беруі тиіс деп есептейміз;

3-ші ұсыныс – сатып алу саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің осы қызметпен айналысатын жұмысшыларының жауапкершілігін арттыру шарасы:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің корпоративтік стандарттарының ережелерін олардың қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерінен нақты ажырату орынды болады деп санаймыз, әсіресе сатып алулар бөлігіндегі міндеттерде нақтылық қажет.

3) Заңнаманың негіздемелік келісімдерді пайдаланып өткізілетін сатып алулар бөлігіне өзгертулер қажет. Негіздемелік келісімдер «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы бұйрығында бекітілген талаптарға сәйкес жүргізіліп келеді. Қағидаларда анықталған тәртіпке сәйкес сатып алуды облыс ауданының, облыстық маңызы бар қаланың, облыстық маңызы бар қаладағы ауданның, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушысы жүргізуі мүмкін.

Алайда, тәжірибеде аталған түрдегі бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар болмайтын жағдайлар жиі кездеседі. Сұрақ тек өңірлер қатысты, ал республикалық деңгейде қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Қазынашылық комитеті мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушы ретінде жұмыс істеп тұр.

Ұсыныс: республика бойынша әрбір облыста нақты қызметі мен міндеттері айқындалған бірыңғай ұйымдастырушыларды бекіту қажет деп санаймыз, сонымен қатар, сатып алулардың веб-порталында негіздемелік келісімдерді таңдау мүмкіндігін беретін пәрменді тетікті енгізу қажет.

2024 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік сатып алу» туралы жаңа заңның (2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) жаңашылдықтарының бірі тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидастарын енгізу болды. Бүгінгі күннің даму тенденциялары мемлекеттік сатып алудың рөлін қайта қарау қажет етіп отыр. Яғни, мемлекеттік сатып алуды басқару функциясы ретінде емес, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік даму саласындағы орнықты даму жөніндегі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде қарастыру қажет.

Мемлекеттік сатып алу дербес кәсіп ретінде тану қажет, сол арқылы саланы тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешу ұсынылады.

Диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттердің орындалуын бағалау нәтижесі:

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаға талдау жүргізілді;
- шет елдердегі сатып алу рәсімдеріне құқықтық шолу жасалынды;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын оның елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімдеу тұрғысынан талдау жасалынды;

- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімін зерттелді, қолданыстағы тәсілдердің артықшылықтары мен әлсіз тұстарын анықталды;

- заңнамадағы және құқық қолдану тәжірибесі мәселелері анықталды, оны шешудің жолдары жасалынды;

- мемлекеттік сатып алу саласында құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторлар талқыланды, оның ішінде саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ерекше назар аударылды;

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алудың заңнамалық және құқық қолдану базасын жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар берілді.

Зерттеу нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар.

Зерттеу нәтижесінде саланы реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіруге және прогрессивті дамытуға өз үлесін қосатын теориялық қорытындылар берілген, көтерілген мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар ғылыми және құқық қолдану тәжірибесінде қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ зерттеудің тәжірибелік маңыздылығын беретін диссертациядағы ұсыныстар мен қорытындылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметінде қолданыстағы ұлттық заңнамасын жетілдіру бағытында пайдаланылуы мүмкін. Зерттеудің негізгі ережелері қаржылық-құқықтық пәндерді оқыту кезінде жоғары оқу орындарының оқу процесінде, сондай-ақ осы бағыттағы одан әрі ғылыми зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434> 06.06.2022.
2. «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000047> 06.06.2022.
3. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының 2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 хаттамасы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38404575&pos=6;-108#pos=6;-108 06.06.2022.
4. Покровская В.В., Ускова Е.А. Современный зарубежный опыт в области развития государственных закупок // Российский внешнеэкономический вестник. – 2008. – № 3. – С. 25-38
5. Amirova M.A. Regulation of public procurement in the Republic of Kazakhstan: international legal analysis // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Law Series. – 2019. – No2 (127). – p. 105-112
6. Nibley Stuart B. Defense Production Act: The Government's Old but Powerful Procurement Tool // Legal Times. – 2002. – April 1. – p. 1-11
7. Bell, Douglas. «A Little-known Bill of Great National Significance': The Uses and Evolution of the Defense Production Act, 1950-2020» US Army Heritage and Education Center Historical Services Division. Carlisle, PA. July 2020. // https://ahec.armywarcollege.edu/documents/Defense_Production_Act_1950-2020.pdf 23.06.2022.
8. Снеткова А.В. Международный опыт организации государственных закупок. // <http://www.topknowledge.ru/upravlenie-ekonomikoj/4166-mezhdunarodnyj-opyt-organizatsii-gosudarstvennykh-zakupok.html> 07.10.2024.
9. АҚШ-тың Федералды ережелер жинағы, 48-тарау - «Сатып алуды реттеудің федералды жүйесі». // <https://www.ecfr.gov/current/title-48> 04.07.2022.
10. Directive 2014/24/EU of the European Parliament and of the Council of 26 February 2014 on public procurement. // <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32014L0024> 30.07.2022.
11. Оборин М.С., Пономарев А.А. Сравнительный анализ систем государственных закупок в мировой практике // «Инновации и Инвестиции». – 2023. – № 3. – С. 53-59
12. Шаховой В.А. Организация и проведение государственного заказа за рубежом // Управление мегаполисом. – 2012. – №4. – С. 107-118.

13. Андреева Л.В. Закупки товаров и энергосервисных работ для федеральных государственных нужд: правовое регулирование: монография – 2-е изд., перераб. и доп. / Л.В. Андреева. – М.: Волтерс Клувер, 2011. – 302 с.
14. Шевченко Л.И., Григорян Т.Р. Правовое регулирование государственных закупок в России и США: сравнительный анализ // Российская юстиция. – 2020. – № 8. – С. 28–30.
15. Умнова М.Г., Лю Ясинь. Государственные закупки в Китае: роль цифровых инструментов и платформ в поддержке малого и среднего бизнеса // Вопросы инновационной экономики. – 2022. – Том 12, № 4. – С. 2087-2102
16. Чжан Дэцзянь. Комплексный анализ выгод от расходов на государственные закупки: учебник / Д. Чжан. – Пекин: Издательство экономической науки, 2004. – 334 с.
17. Проданова Н.А., Зацаринная Е.И. Особенности системы государственных закупок в Китае // Экономика, предпринимательство и право. – № 5 (3). – С. 151-158.
18. Кадыров Н.Н. Совершенствование государственного управления в сфере каталогизации объектов закупок в Российской Федерации: диссертация / Н.Н. Кадыров. Москва, 2022. – 158 с.
19. Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 20 июня 1991 года «О государственном заказе в Казахской ССР». Утратило силу постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 18 декабря 1992 года № 1789-ХІІ. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B910003200> 02.08.2022.
20. «Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 мамыр N 586 Қаулысы. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 141 қаулысымен. ~P980141. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P960000586> 02.08.2022.
21. «Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілде N 925 Қаулысы. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 141 қаулысымен. ~P980141. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P960000925> 15.08.2022.
22. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілде N 163 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.05.16. N 321 Заңымен. ~Z020321. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000163> 15.08.2022.
23. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы N 321 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 303 Заңымен. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000321> 20.08.2022.
24. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 303-ІІІ Заңы. Күші жойылды - Қазақстан

Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңымен. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000303> 20.08.2022.

25. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 Қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000094> 10.10.2022.

26. Тен В.В. Актуальные вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан о государственных закупках: диссертация / В.В. Тен. Алматы, 2022. – 176 с.

27. Балтабаев К. Оценка статуса и правовая экспертиза устойчивых государственных закупок в Республике Казахстан: отчет эксперта. // [https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20\(in%20Russian\).pdf](https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20(in%20Russian).pdf) 16.01.2023.

28. Всемирный банк, ОЭСР. Оценка систем государственных закупок Республики Казахстан и Акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына»: Обзор законодательства. // <http://www.mapsinitiative.org/assessments/Kazakhstan-MAPS-Final%20Report-2020-Rus.pdf> 16.01.2023.

29. Зибзеева Е.В. Управление государственными и муниципальными закупками // Финансовые исследования. – 2010. – № 2. – С. 32-40.

30. Мемлекет басшысы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-memlekettik-satyp-alu-turaly-kazakstan-respublikasynyn-zany-na-kol-koydy-16395> 06.07.2024.

31. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33291580&pos=3;-108#pos=3;-108 07.07.2024.

32. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012590> 13.03.2023.

33. «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800018120> 13.03.2023.

34. Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім (ГААТ 1947). Келісім. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/M4700000286> 04.04.2023.

35. 1В-Қосымша: Қызметтер көрсету саудасы бойынша Бас келісім. Келісім. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/M9400000304> 04.04.2023.

36. Бегжан А.М. Международно-правовое регулирование правительственных закупок: практика ВТО, зарубежный опыт и законодательство Республики Казахстан: диссертация / А.М. Бегжан. Алматы, 2023. – 138 с.

37. Типовой закон ЮНСИТРАЛ о международном торговом арбитраже (Комиссия Организации Объединенных Наций по праву международной торговли, 21 июня 1985 года). // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1012637&pos=2;-108#pos=2;-108 11.04.2023.

38. Юзвович Л.И. Система государственных закупок: теоретический и практический аспекты: монография. / Л.И. Юзвович, Н.Ю. Исакова. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019. – 233 с.

39. Шмелева М.В. Категории «государственные закупки» и «контрактная система» в теоретическом познании // Правовая политика и правовая жизнь. – 2018. – № 1. – С. 66-68.

40. Борисова Л.В., Саволайнен А.А. О понятии государственных электронных закупок // Самоуправление. – 2019. – Том 2, № 3(116). – С. 74-77.

41. Хамитов Ж.М., Джунусбекова Г.А. Современные проблемы осуществления государственных закупок в Казахстане // Central Asian Economic Review. – 2021. – № 5. – С. 90-103.

42. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001178> 12.04.2023.

43. Есимова Д.Н. Соотношение источников казахстанского и международного права по проблемам государственных закупок: диссертация / Д.Н. Есимова. Алматы, 2010. – 148 с.

44. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган анықтайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 798 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019121> 28.04.2023.

45. «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012618> 30.04.2023.

46. «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240> 05.06.2023.

47. Мұқашева А.А., Нурекешов Т.К., Айтказин Е.М. Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын дамытудың заңнамалық негіздері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2024. – № 1 (146). – 66-80 б.

48. Ибрагимова Ф.Г., Айтказин Е.М. Қазақстан Республикасындағы «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамсыз етудің өзекті сұрақтары // «Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы» ғылыми журналы. – 2023. – №3 (29). – 18-28 б.

49. Государственные закупки в Казахстане: реформирование системы в целях повышения эффективности. – Париж: Издательство ОЭСР, 2019. – 218 с. // <https://www.oecd-ilibrary.org/governance/49746e55-ru> 10.06.2023.
50. Тлесова А.Б., Примбетова С.Ч., Бимендиева Л.А. Мемлекеттік сатып алуды реттеудің шетелдік тәжірибелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Экономика сериясы. – 2018. – №4 (126). – 139-148 б.
51. Малочко В., Уислон Т. Международный прокьюремент: учебник / В. Малочко, Т. Уислон и др. М.: Международный учебный центр МОТ, 2003. – 458 с.
52. Димитри Н., Пига Г., Спаньоло Дж. Руководство по закупкам: учеб. пособие / под ред. Н. Димитри, Г. Пига, Дж. Спаньоло; пер. с англ. М. М. Форже, Е. В. Хилинской под ред. И. В. Кузнецовой; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2013. – 695с.
53. Данилова С.Н. Управление закупками продукции для государственных и муниципальных нужд: учеб. пособие для студентов, обучающихся по направлению подготовки 38.03.01 «Экономика» (профиль «Региональная и муниципальная экономика») / С.Н. Данилова – Саратов: Саратовский социально-экономический институт РЭУ им. Г. В. Плеханова, 2016. – 124 с.
54. Мокренко А.В., Ованесян Н.М. Система управления государственными закупками на современном этапе: механизмы и инструменты // Государственное и муниципальное управление. Ученые записки. – 2017. – №2. – С. 43-49
55. «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350> 26.06.2023.
56. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413> 28.06.2023.
57. Toluev Y., Mukhtar Y. Foreign experience in regulating the public procurement system // Central Asian Journal of Social Sciences and Humanities. – 2021. – No1. – 3-13 б.
58. Золотарева А. Золотарева А., Копейкин Б., Золотарева А., Катамадзе А. Совершенствование системы закупки товаров, работ и услуг для государственных нужд: научные труды / А. Золотарева, А. Золотарева, Б. Копейкин, А. Золотарева, А. Катамадзе. Москва: Институт экономики переходного периода, 2003. – с. 361
59. Нуреева Р.Р. Принципы реализации системы государственных и муниципальных закупок // Дискуссия. – 2016. – №4 (67). – С. 51-55
60. Архалович О.В. Принципы контрактной системы в сфере закупок / О.В. Архалович // Юридическая наука и правоохранительная практика. – 2013. – № 3. – С. 123–127.
61. Досье на проект Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (октябрь 2023 года). // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35492773 05.12.2023.

62. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 29 наурыздағы № 168 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034184> 02.05.2024.

63. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексі. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> 07.08.2023.

64. Trepte P. Regulating Procurement: Understanding the Ends and Means of Public Procurement Regulation. / P. Trepte. N. Y.: Oxford University Press, 2004. 411 p.

65. Шмелева М.В. Предотвращение коррупции и других злоупотреблений в сфере государственных закупок // Российское право: образование, практика, наука. – 2018. – №1 (103). – С. 5-12

66. Каширин А.И. Закупки инновационных продуктов или закупки инноваций? // Инновации. – 2015. – №5 (199). – С. 13-21

67. Галанов В.А., Гришина О.А., Шибаетов С.Р. Государственные закупки и конкуренция: учебное пособие. / В.А. Галанов, О.А. Гришина, С.Р. Шибаетов. – М.: Инфра-М., 2010. – 286 с.

68. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 202-VI Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000202> 10.08.2023.

69. До 21% упала доля госзакупок из одного источника в Казахстане. // <https://www.inbusiness.kz/ru/news/do-21-upala-dolya-goszakupok-iz-odnogo-istochnika-v-kazahstane> 18.08.2023.

70. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственных закупок, закупок недропользователей и субъектов естественных монополий, связи, автомобильного транспорта, обороны и финансирования науки» от 15 ноября 2021 года № 72-VII. // https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000072/z21_72.htm 25.08.2023.

71. «Негіздемелік келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы №44 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026525> 19.09.2023.

72. Ибрагимова Ф.Г., Айтказин Е.М., Байжуманов Н.О. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды іс жүзінде іске асыру тиімділігінің мәселесі // «Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы» ғылыми журналы. – 2023. – №1 (27). – 18-25 б.

73. Ибрагимова Ф.Г., Айтказин Е.М., Байжуманов Н.О. 2021 жылдың 15 қарашасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының

заңына енгізілген өзгерістердің іс жүзінде жүзеге асырылуының кейбір сұрақтары // «Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы» ғылыми журналы. – 2022. – №2 (24). – 75-83 б.

74. «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025488> 30.09.2023.

75. Тен В.В. Некоторые вопросы проведения государственных закупок субъектами квазигосударственного сектора в Республике Казахстан // Наука и жизнь Казахстана. – 2018. – № 4(61). – С. 229- 233

76. Махмутова М.М. Как избавить систему государственных закупок Казахстана от коррупции. // https://forbes.kz/articles/klub_pobedivshih_i_nahodchiviyih_1 09.10.2023.

77. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 48-VII Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000048> 09.10.2023.

78. Залоило М.В., Пашенцев Д.А. Национальный правопорядок России в условиях цифровизации // Вестник СПбГУ. Право. – 2019. – Том 10. Выпуск 2. – С. 196-209

79. «Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қағидаларын және Мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 692 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012671> 12.10.2023.

80. Касьянов Р.А., Пучкова А.П. Правовое регулирование государственных закупок в ЕС и ЕАЭС // Цифровое право. – 2022. – Том 3, № 2. – С. 51–68

81. В новом законопроекте о госзакупках недостатков больше, чем достоинств – эксперт. // [HTTPS://WWW.INBUSINESS.KZ/RU/NEWS/V-NOVOM-ZAKONOPROEKTE-O-GOSZAKUPKAN-NEDOSTATKOV-BOLSHE-CHEM-DOSTOINSTV-EKSPERT](https://www.inbusiness.kz/ru/news/v-novom-zakonoproekte-o-goszakupkah-nedostatkov-bolshe-dostoinstv-ekspert) 20.10.2023.

82. Lysons K. Purchasing and Supply Chain Management. / K. Lysons, B. Farrington. – England, Pearson Education Limited, 2012. – 687 p.

83. Charles Kalinzi. Level of professionalism in public procurement: A survey of selected districts in Uganda // Net Journal of Business Management. – 2014. – Vol. 2(1). – p. 1-7

84. Реформы в сфере госзакупок: вектор на прозрачность и результат. // <https://inbusiness.kz/ru/news/reformy-v-sfere-goszakupok-vektor-na-prozrachnost-i-rezultat> 23.10.2023.

85. «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> 01.11.2023.

86. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> 01.11.2023.

87. 2023 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама. // <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/695032?lang=kk> 25.07.2024.

88. Антикор: 80% закупок на гостендерах - из одного источника. // https://forbes.kz/articles/antikor_v_goszakupkah_80_iz_230_mlrd_tenge_osvoeno_s_posobom_zakupa_iz_odnogo_istochnika 08.11.2023.

89. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы корыстно-насильственных преступлений: Монография. / Е.О. Алауханов. – М.: Юридический центр, 2005. – 280 с.

90. Депутаты раскритиковали законопроект о госзакупках: в Минфине считают, что «все прошло хорошо». // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/deputaty-raskritikovali-zakonoproekt-goszakupkah-minfine-516737/ 15.11.2023.

91. Предложенные депутатами поправки будут учтены до второго чтения. // <https://atameken.kz/ru/news/51706-67556> 11.04.2024.

92. Антонов Д.А. Силова Е.С., Тарынин Ю.С. Особенности института закупок в здравоохранении // Вестник ЧелГУ. – 2019. – №9 (431). – С. 92-99

93. Amirova M.A. Ibragimova F.G., Nurekechov T.K. Legal Regulation of Public Procurement Abroad and in The Republic of Kazakhstan in Healthcare (Problems and Solutions) // Medicine and Law. – 2022. – Volume 41, Number 2. – p. 161-180

94. Кобяцкая Е.Е., Жилина Т.Н., Парахина А.А. Перспективы совершенствования системы государственных закупок в сфере здравоохранения // Проблемы стандартизации в здравоохранении. – 2020. – №9-10. – С. 3-8

95. Peter C. Smith., Winnie Yip. The economics of health system design // Oxford Review of Economic Policy. – 2016. – Volume 32, Issue 1. – pages 21-40

96. Развитие отечественного фармпроизводства: меры государственной поддержки и перспективы. // https://sk-pharmacy.kz/rus/press-centr/smi_o_nas/razvitie-otechestvennogo-farmproizvodstva-meryi-gosudarstvennoj-podderzhki-i-perspektivy 30.05.2024.

97. «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000516> 20.11.2023.

98. «СК-Фармация» ЖШС ресми сайты. Компания туралы. // <https://sk-pharmacy.kz/kaz/kompaniya-turalyi/> 20.11.2023.

99. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> 11.12.2023.

100. Svallfors S., Tyllström A. Lobbying for profits: Private companies and the privatization of the welfare state in Sweden. // https://www.iffs.se/media/22171/2017_1.pdf 13.12.2023.

101. Stenius K., Storbjork J. Balancing welfare and market logics: Procurement regulations for social and health services in four Nordic welfare states // Nordisk Alkohol Nark. – 2020. – v. 37(1). – p. 6-31

102. Updated study on corruption in the health sector: the final report. LU: Bureau of Publications of the European Union (2017). // <https://op.europa.eu/en/publication-detail/-/publication/9537ddb7-a41e-11e7-9ca9-01aa75ed71a1/language-en> 20.12.2023.

103. Baldi S., Vannoni D. The impact of centralization on pharmaceutical procurement prices: the role of institutional quality and corruption // Regional Studies. – 2015. – 51(3). – p. 426-438

104. Nikolaos Georgopoulos, Polychronis Voultzos, Miltiadis Geropoulos. Hybrid model: a promising type of public procurement in the healthcare sector of the European Union // Frontiers in Public Health. – 2024. – Volume 12. // <https://www.frontiersin.org/journals/public-health/articles/10.3389/fpubh.2024.1359155/full> 20.12.2023.

105. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032733> 28.12.2023.

106. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202> 28.12.2023.

107. «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 қазандағы № ҚР ДСМ-148/2020 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021502> 09.01.2024.

108. «Конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі

кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 559 бұйрығы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36113805&pos=4;-108#pos=4;-108 09.01.2024.

109. «Конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 677 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012716> 22.01.2024.

110. Сатып алуларды сапасыз жоспарлау салдарынан 279,5 млн теңгеге мерзімі өткен дәрі-дәрмек есептен шығарылған. // <HTTPS://WWW.GOV.KZ/MEMLEKET/ENTITIES/ESEP/PRESS/NEWS/DETAIL/S/809199?LANG=KK> 22.01.2024.

111. Антимонопольное ведомство раскрыло картельный сговор при госзакупках в фармацевтике. // <https://kz.kursiv.media/2024-05-20/zhzh-tenderazrklogistics/> 30.01.2024.

112. Куда уходят триллионы тенге? Антикор проверил сферу здравоохранения. // <HTTPS://WWW.URALSKWEEK.KZ/2024/06/03/KUDA-UXODYAT-TRILLIONY-TENGE-ANTIKOR-PROVERIL-SFERU-ZDRAVOOXRANENIYA/> 06.02.2024.

113. Булей Н.В. Обоснование способов проведения мониторинга поведения заказчиков и поставщиков в строительном комплексе. // [file:///C:/Users/New/Downloads/obosnovanie-sposobov-provedeniya-monitoringa-povedeniya-zakazchikov-i-postavschikov-v-stroitelnom-komplekse%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/New/Downloads/obosnovanie-sposobov-provedeniya-monitoringa-povedeniya-zakazchikov-i-postavschikov-v-stroitelnom-komplekse%20(1).pdf) 09.02.2024.

114. Булей Н.В. Государственный строительный заказ: теория и практика // Фундаментальные исследования. – 2015. – №2-8. – С. 1730-1734

115. Мустафин Н.Ш., Барышников А.А., Горелов С.А. Особенности проведения государственных закупок на подрядные работы в строительстве // Региональное развитие. – 2016. – №6. // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-provedeniya-gosudarstvennyh-zakupok-na-podryadnye-raboty-v-stroitelstve-1/viewer> 15.03.2024.

116. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242> 15.03.2024.

117. Есимханов Е. Применение ЕРС-контрактов в Республике Казахстан. // HTTPS://ONLINE.ZAKON.KZ/DOCUMENT/?DOC_ID=35524916&POS=5;-108#POS=5;-108 18.03.2024.

118. Павлов А.С., Островский Р.В. Государственные закупки в строительстве - предложения по совершенствованию // Вестник МГСУ. – 2022. – №4. С. 501-515

119. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392> 28.04.2024.
120. Ашық НҚА порталы. // <https://legalacts.egov.kz/> 28.04.2024.
121. «Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру және жария талқылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 849 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024634> 28.04.2024.
122. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410> 01.05.2024.
123. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы. // <HTTPS://QAMQOR.GOV.KZ/> 01.05.2024.
124. Губенко А. Интересна не цена, а качество: в Казахстане поменяют законодательство о госзакупках. // HTTPS://ONLINE.ZAKON.KZ/DOCUMENT/?DOC_ID=39956408&POS=5;-90#POS=5;-90 05.05.2024.
125. Новый закон о госзакупках: полный переход на цифровизацию и участие общественности. // <https://primeminister.kz/ru/news/novyiy-zakon-o-goszakupkakh-polnyy-perekhod-na-tsifrovizatsiyu-i-uchastie-obshchestvennosti-28458> 06.05.2024.
126. «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000030> 10.05.2024.
127. Филатова И.И. Общественный контроль как вектор формирования и развития гражданского общества // Вестник ТГУ. – 2014. – №2 (130). // <https://cyberleninka.ru/article/n/obschestvennyy-kontrol-kak-vektor-formirovaniya-i-razvitiya-grazhdanskogo-obschestva/viewer> 11.05.2024.
128. Кузнецова П.Ю. Участие институтов гражданского общества в общественном антикоррупционном контроле (Российский опыт) // Технологос. – 2015. – №4. – С. 80-88
129. Naija L., Warren G. Procurement for Sustainable Local Economic Development // International Journal of Public Sector Management. – 2012. – vol. 25, no. 2. – p. 133–153.
130. Андреева Л.В. Закупки товаров и энергосервисных работ для федеральных государственных нужд: правовое регулирование: монография. / Л.В. Андреева. – 2-е изд., перераб. и доп. - М. : Волетрс Клувер, 2011. – 207 с.
131. Омарова Г. В каких случаях в государственных закупках применяется понятие «демпинг»? // Государственный заказ. Вопросы и ответы. – 2013. – №7. – С 61-62.
132. Наше общее будущее. Доклад Всемирной комиссии по вопросам окружающей среды и развития. // <http://www.un.org/ru/ga/pdf/brundtland.pdf> 16.05.2025.

133. Консультативный документ регуляторной политики к проекту Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (март 2023 года). // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32476683&sub_id=3&pos=505;-56#pos=505;-56 16.05.2024.
134. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> 22.05.2024.
135. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> 22.05.2024.
136. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 108-VIII Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000108> 23.05.2024.
137. Курлевский И.В., Огрин Г.В. Административная ответственность за нарушение законодательства о контрактной системе в сфере государственных закупок // Теория и практика общественного развития. – 2017. – №4. // <https://cyberleninka.ru/article/n/administrativnaya-otvetstvennost-za-narushenie-zakonodatelstva-o-kontraktnoy-sisteme-v-sfere-gosudarstvennyh-zakupok/viewer> 27.05.2024.
138. Елеусизова И.К., Тұрлыбек Д.М. Правовые основы закупок субъектов квазигосударственного сектора в Республике Казахстан. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36676670&pos=6;-108#pos=6;-108 28.05.2024.